

15097

84 КазВ

И 48

З. ИМАНБАЕВ

# АЙНАЛАЙЫН, АДАМДАР!

32 Каз5

И 48

И



АЛМАТЫ—1975

З. НМАНБАЕВ

# АЙНАЛАЙЫН, АДАМДАР!

*ОЧЕРКТЕР МЕН ДЕРЕКТИ ӘҢГІМЕЛЕР*

«ҚАЗАКСТАН» БАСПАСЫ  
*Алматы — 1975*

**ҚОҒАМДЫҚ-СӘЯСИ ӘДЕБИЕТ  
БАС РЕДАКЦИЯСЫ**

**32 Каз 5+63  
И 48**

**З. Иманбаев.  
Айналайын, адамдар! (Очерктер мен деректі әңгімелер. Алматы,  
«Казақстан», 1975.  
88 бет.**

Солтүстік Қазақстан облысында енбегімен ел күрметіне болған  
сан түрлі мамандық нелерінің жаркын өмірі осынау кітаптың не-  
гізгі арқауы болып табылады. Кітапта тың көтерген адамдардың ер-  
лігі, малишалардың, дәрігерлердің таты басқа мамандық нелерінің  
жаркын еңбекі жөніндегі жазылған көптеген қызықты очерктер мен де-  
ректі әңгімелер бар.

Автордың осынау кітапка енгіл отырған бүгінші бакытты өмірі-  
міз үшін күрескен ардагер жандар туралы шыгармалары да тартымда  
жазылған. Оқырман жұртшылық З. Иманбаевтың бұл енбегін жылы  
қабылдайды деген сенімдеміз.

**И  $\frac{11302-174}{401(07)-75}$  154-75**

**© «Казақстан» баспасы, 1975 1975**

**Саверо-Казахстанская областная  
БИБЛИОТЕКА  
город ПЕТРОПАВЛОВСК**

**С19**

## ТЫҢ ҚӨТЕРУ ОСЫЛАЙ БАСТАЛДЫ (Derекті әңгіме)

Боран түтеп тұр. Қыс барлық қаһарын көрсетпек болғандай-ақ, үйіріп соғып түк көрсетпейді.

Жақып ақсақал даланын осы бір сыр мінезін көзбен көріп, қолмен ұстагандай танып біліп отыр. Сыртқа елеңдеп қарайды. Жатаған терезенің кішкене көздерін шел басып, ақырайып кеткен. Гүілдеген долы жел терезені қар кирышықтарымен өршелене ұрғылайды. — «Бәлекет әйнектерді қиратар ма екен! — деді құңқілдеп.— Мынадай сұрапылда біреулер жазым болмаса жаарар. Апрай, әлгі бала неге кешікті!»

Қабырға сағаты тұнгі онды соқты.

— Отаясасы-ау, жатып дамылдасайшы, ертең жұмысын бар гой! — деді арқасын аласа пешке сүйеп отырған Жәнипа кемпір. Жақан үлкен денесімен бұрылып кемпіріне қарады. Ұршығын зырлата түсіп, шынашағына сабалактап ораған жұнді созғылап қойды. Пеш пен бөлген ұзын үйдің есік жағы қара көленкे. Пілте шамның әлсіз жарығы ол жаққа жетер емес. Қараңғы босағада қозылактың пырт-пырт шөп шайнағаны естіледі.

— Элде қандай келімсектерге бола мынадай қатерлі тұнде жалғыз баланы далаға жұмсадын. Жазым болса қайтесің. Келе жатқандар қай туысын, қай жекжатың еді! Мына Метровкенің орысындай орыс шығар. Сен шалқит етсе тасырандап сөз бермейсің. Әбден құтырып алғансың, тіптен. Сен...

Тығылып отырған Жәнипа сөзді төпей-ақ жөнеліп еді. Жақан:

— Токтат!... Бұл қатынның миң жетер іс емес, о несідей, үдетіп бара жатқаны! — деді.

Көз алдында бадырайған мені бар шұбар жүзді Жәнипа ашу қысқан қалыпта тыбылып қалды. Ерекескенде төсекке жатып қалғысы келіп еді. Бала тонын оралар, ыстық ас дайындал қояйын деген ойда. Екеу ара тіл қатысу болған жок. Жақаң ер тұлғасымен шарт жүгінген қалыпта тапжылмай отыр. Қарасынан ағы көп істік сақалының ұшын қайырып әкеліп ерніне басыпты. Үлкен ала көздерін терезеге беріп, бір нұктеге қадалып қалған. — «Апрай, бала-шағалары болса қын-ау!»

Жақаңның сол қалыпта қанша отырғанын қабырғадағы қара сағат қана есептеп тұрган. Бір кезде шым үйдің есігі шалқасынан ашылып қарандыдан аппақ адам корбандалап кірді. Сұрапыл боран өзімен бірге ере келетіндей-ак, есікті асығыс жауып тұра қалды. Ишігінің жағасынан, женінен, қойнынан кесек-кесек қар саулап тұсті. Қарлы киімдерін төл үйшігіне қарай сілкіп тастап, қайып қатып қалған кигіз етігімен тарсылдата басып төрге шықты.

— Апрай, Кәкенжан-ай аманбысың? Үсініп қалмадын ба? Садағаң кетейін-ай! — деп Жәнипа жұлмалап шешіндіріп жатыр. Жақып сол орында шарт жүгінген қалыпта үнсіз отырған бойы жалғыз-ак сөз сұрады:

— Табылды ма?

— Жоқ.

Кәкен бетіне жабысқан соқта қарды сыпрып, қатып қалған пимасын мықшындал сұрып тастады. Қемпір сауауырға үмтүлді. Жақып сәл қозғалып қойды.

— Кайдан іздедіндер?

— Мына Аксуат, Сұлы, Батпаққөл жакты шолып шықтық. Жылтыраган бір от көрінбейді. Мотор үні де естілмейді. Тіршілік біткенді жалмап жұтып қойған сияқты.

— Әттеген-ай, олай болғанда... Ие, олай болғанда Нашанның қыстауына қарай әлде Итікеннің қорымына қарай ауытқып кетпесе игі еді. Атың тың ба?

— Тың сияқты, бірақ сұыққа енді қайрат қыла алmas!

— Сұыққа қайрат қыла алmas деймісің...

Жақаң шын күйзеліп кетті. Жол білмейтін жер жағдайын түсінбейтін адамдар келе бере сонау Ақжардың кия жарына құлап мерт болуы да ықтимал-ау! Жоқ мұнымыз ұнамас. Елміз ғой.

Жақып карт ауыр денесін көтеріп орнынан тұрды.

— Қайда барасың! — деп баж ете түскен Жәнипаға жайғана мойын бұрып:

— Керуенді іздеуге барам, — деді.

— Құдайы күрғыр-ау! Баладан қорқып кос үрэй болған сорлы басым-ау! Енді сен тентіремекісін. Мына сұрапылда жалмауыздың өзіне де жан керек шығар. Бармайсың, жібермеймін! — деп кемпір байбалам салды. Жақаң сабырлы қалпын өзгертпей мұртын көтеріп күлімсіреді де:

— Жақып жетпіске келгенше қатын тілін алып көрген жоқ. Қартайып кеппесе әлі де солай болар! — деп тымағын бастыра киіп тыска шықты. Өкпек дауыл өкіре соғып тұр. Басқарманікіне барып терезе қағып:

— Уай, Ботай бармысың?! Есігінді аш! — деді, дауылмен коса дауыс салып. Жылы үйге Жақып кіргенімен тізе бүгіп отырмады. Ботай жұп-жуан денесін быртық саусақтарымен қысып, сипалап біраз отырды да:

— Сұрапыл соғып тұрғанда қайдан іздеуге болады? Текке өлеміз ғой. Бізге керуеннің алдынан шық деген жарлық болған жоқ — деді, қалың ернінің үстіндегі шолақ мұртын сипалай сөйлеп. — Өзім бара алмаймын!

— Бара алмасаң ат пен екі адам бер. Мен қалайда табам осы тұні. Басқарма аһылап-ұхілеп киініп, ішінен пәлекет шалға ренжумен болды.

Жақаң ауылдан шыға бере ат басын тартты. Дала даңғаза болып, әлем апаты бар бүлігін айдал тұр. Қарттың астындағы қаба жал күренінің құйрық жалын қозғап үйіре түседі. Кейінгі жігіттерді тосып алып үзенгі тақастыра тоқтады да, айқайлап:

— Жел құбыладан соғып тұр. Таңға жақындағай бағытын өзгертпейді. Желге қамшылар жағымызды тосып, жаңылмай жүріп отырайық. Бет алсымыз Итікен, Нашан болсын. Қалып қоймандар! Ал, кеттік!

Жолаушылар сұтке сұнгігендей ақ қоймалжыңға ұмтылып кіре берді. Алда қас батырдай қайыспас Жақаң жортып барады. Қәкен мен Жақаң жылы қорадан шыққан аттарын желге қарсы бағыттай алмай кібіртіктеп, шегіне жортақтайты. Ауыл қарасы үзілген соң қалакай сары жігіт Жақанның көңіліне қорқыныш орнап айналала жалтақтап қараумен болды. Үйіріп соққан ақ қардың арасында қылтиып көрінген шоқ тобылғы да күжірейген бөрі пішіндес бірденелерге үқсал, жүрегі мұздан кетеді. Басқарма айтпак түгіл жебірейілдің өзі айтса да неге

шықтым екен! — дейді, ерге жабыса түсіп. Кәкен әкесін жалғыз жібере алмады.

— Шал өлгеніне өкінбейді. Тіленіп барады. Ол «сен шықпа үйден» деп қыңыр мінезге басқан Жәнипаға:

— Апа, жігіт емеспін бе қарт адам қайрат жасағанда мен үйде отырам ба? — деді.

— Элде қайдағы бір жолаушылар үшін өletін болдындар-ау! — деп дауыстай бастап еді.

— Қойыңыз, апа ештеңе етпейді. Қөп ұзамай қайтып ораламыз! — деп, шығып кеткен еді.

«Тез қайтамыз» дегенімен, жолаушылар қайта қоймады. Бет алған Итікен, Нашанның өзі он шақырым жер. Қеудеден тіреп, көзге ұрғылаған мына сұрапылда жүріс қайдан мандысын. Жылқы екеш жылқының өзі ызырыққа тұра жүре алмай ықка тартып, ауытқи берді. Сақал мұртына сокта қар қонақтап, кірпігіне мұз қатқан Жақып желдің багытын андып тебіне түсті. Кейде тізеден, кейде шашадан келетін қарды ат түкіктары опыра борт-борт желеді. Аспан мен жер астасып тұтаса жымдасып кеткен сияқты. Бір кезде Жақыптың астындағы күрен ат жылқыга біткен көрегендікпен сүйір құлақтарын қайшылап, осқырына қалды. Артта келе жатқан жылқылар да сөйтті. Жақан мән бермей тебіне түсіп еді, ат мұлдем тоқтады. Сөйткенше болған жоқ жөңкіген қар арасынан әлде нелер қарандап, шұбатыла көлденендей берді. Қарт көзін сұртіп анықтай қарап:

— Қасқырларды көрдіңдер ме? — деді.

Қасқыр дегенде Жақан ақылынан адаса жаздады. Оның қорыққанын білгендей жыртқыштар қақ жарылып, екі қапталдыққа жақындал, шындал қоршауға айналды. Сол-ақ екен Жақан сойылын ыңғайлап, өзінің зор даусы мен ақыра үмтүлды. Бөрілер жоқ болып кетті. Бірақ аттардың жан-жағына үрке қарағанынан осы маңайда бір жерде ілесіп келе жатқаны белгілі еді.

— Е-е, іздеп таба алмайтын қиянатшыл мақұлықтар-ай! Мынадай тар жерде үшырасуладынды қарашы! Тақымынды созып талдырып соғатын қайран, бөрілер, аң аулап жүргенде кездессен етті! — деді Жақып бағыттан сәл ауытқып бара жатқанын сезіп ат басын желге бұрып. Кейінгі екеу алғашқыдай емес күренмен құйрық тістестіріп келеді. Итікеннің қорымына жетіп қалар мезгіл болды. Элде байқамай өтіп кетті ме екен. Жақан ат басын тартып қарлы жолды құрықпен тұртіп көріп:

— Тракторлардың ізі Ақжарға қарай беттепті. Қап!

Жазым болмаса иғі еді! — деп санқ етіп айғайлап жіберді. — Соңынан ілесіп отырыңдар енді қатты кетеміз!

Тракторлар ізі соны қарды терең жыртып ынызыдан жаншып отырыпты. Қанша қараңғы, қанша боран болса да сайрап жатыр. Кей тұстарын түтек боран қымтап жауып тастапты. Керуен бірде онға, бірде солға бұрылып, кайта бағыт түзеп желге мандаіын беріп, тылсым дала төріне қарай ендең кіре беріпті. Жел трактор түтінің қонырсы исін жеткізді. Қөп ұзамай дауылмен үндесіп моторлардың гүрілі естілді. Жылтырап жарық көрінді. Шана сүйреткен соңғы тракторды басып озды. Куатты «ДТ»-лар төсімен қар сызып бұрқасынга оранып кейде көрініп кейде көрінбейді. Жақан күренді қаһарлана шықпыштып тебініп қалды. Ат қалың қарға құлаштай қарғып пәрменінше алға ұмтылды.

— Токта, токта деймін!

Трактористке үйткыған қар арасынан жарқ етіп шыға келген алмастай аппақ салт атты нақ бір қардан жаратылған даланың киелі исесі секілді болып көрінді. Жақып тракторга атының тұмсығын сүйкестіре беріп қамшы сабымен есікті үргылап:

— Аш! — деді әмірлі дауыспен. Шам жарығы салтатының кескініне түсті. Үстін, қар басып, қабыршықтанып, сіресіп қалыпты. Сақал-мұрт қас-қабак түгел ақ қар, көк мұз.

— Токта деген соң токта! — деді ол бұларға жеткеніне куанып, ентіге сөйлеп. — Өлемісіндер түге! Міне елу кадамдай жерде ажал күтіп тұр. Он бес метрден құласан құл-паршан шығады. Не деген ақымақсындар түге?

Керуен қаңтарылып қалды. Кейінгі тракторлардан қарға коныштарынан батып, сайдың тасындаі жігіттер келді. Мұртты қазақ кабинадан түсіп, жағасын көтерді де, коркынышты деген жерге қарай жүрді. Бұл жерде терең жар бар деп даланың мына қараңғылығында өздері ойламас еді. Жігіттер үрейлене біріне-бірі қарады. — Мына кісілер болмагаңда жұмысымыз біткен екен! — деп мұртты қазақ түршіге дауыстады.

Жолаушылар өздерін сактаушыларды ортаға алып вагонға кірді. Вагон іші жылы, жарық екен. Темір пеш жанып тұр. Акумолятордың қуаты пілте шамнан әлде-кайда жарығырақ көрінді. Салт аттылардың үстеріндегі қарды қағуға жігіттер көмектесіп жатыр. Жақан сакалына қатқан кесек мұзды ептеп ажыратып алып есікке қарай тастап отыр. Аттан бұрын қара терге Жақан түсіп-

ті. Шикіл сары жүзі моншаға шабынғандай қызырып кеткен. Жігіттер вагон ішінде қаз қатар түрегеп тұр. Арааларында аспазшы екі қыз бар екен.

— Ал жігіттер, — деді Жақып карт даусын көтере сөйлем. — Қадамдарың құтты болсын! Ауданнан азанда өтті дегенге асыға тосып едік. Ұақыт түнге айналған сон, тынышымыз кете бастады. Сөйтіп, іздеп шықкан бетіміз. Ауыл бір қырын қалып, сіздер ауытқып, желдеп кетіпсіздер.

— Жол жоқ. Бұлдыр белгі де жоқ, компасты пайдаланбақ болғанбыз, алданып қалдық. Мұнда үнемі осылай дауыл бола ма? Көктем белгісі әлі білінер емес кой.

— Кейде солай. Қардың басын қар алар дейді біздің дала жұрты.

— Бұл далаларыңызда шек барма өзі?

— Үш жұз шақырымға дейін иен өлкеде бір бұта кездеспейді, — деді Жақып.

— Апырай, ә!

Мұртты қазақ темекі тұтатып алып, сөз бастады.

— Менін аты-жөнім Қапез Ембергенов Обкомның ауыл шаруашылығы бөлімінің менгерушісі едім. Тың көтеруге тілек білдірдім. Осында «Нарөлген» совхозына директор етіп белгіледі. Мынау Петр Бойченко Украинадан келген жігіт — партком секретары. Қөршісі Иван Селезнев белорустық бас инженер-деп таныстырыды. Кәкен мен Жақаң «Нарөлген» совхозы дегенге қайран қалды.

— Қай «Нарөлгенді» айтасыз.

Қапез мұрын астындағы кішкене мұрттың қозғап күлімсіреді де:

— Осы бес трактор мен он бес шақты адам «Нарөлген» совхозымыз. Ертең белгіленген жерге совхоз орталығының қазығын қағып іске кірісе бастаймыз. Кенсеміз вагон; үйлеріміз — палатка-деді.

Жақаң өзінің шагын колхоздарына келе жатқан қосымша тың күш болар деп қуанып еді. Олай болмағанына көнілі ортайып қалды.

— Мына боранды түнде сайтан екеш сайтан да басын сындырар, — деді партком секретары қойын кітапшасына әлде нелерді жазып жатып. Ол құлақшының бастыра киген қалыpta бешпетін арқасына жамылып Жақаңа тақау отыр. Мүйіз шенберлі көзәйнегінің арғы жағынан парасатты сүр көздері күлімдеп қарайды. Жүзінде шаршашу бар. Бас инженер сакалын тұлқінің қүйрығындай үлпілдетіп қойыпты. Сөйлеген сайын жап-жас жүзіндегі

баскаларға ерсілеу көрінген ұлпа түктерін мәпелей сипап да ланың беймәлім сырын; ауа райын, топырақ жайын сұрастыра бастады.

— Даламызды қалай мактасам да ерсі емес. Қакқан қазық қөктейтін қара топырак текесақал бетеге, жайқалған күміс селеу Тобыл мен Обаганға дейін созылып жатыр.— деді қарт қолын сыртқа қараї қөтеріп. Партиком секретары Бойченко көз әйнегін түзеңкіреп қойып:

— Колхоздарыныз қанша егін егеді?— деп сұрады.

— Бір мың үш жүз гектар.

— Не бары сол ма?

— Азғана үйміз, елу шакты.

— Өнім қалай?

— Оңбай жатырмыз, гектар басы 8-10 центнерден.

— Неге олай?

— Танаптарымыз ескірді, жаңасын жыртуға күш жоқ. Әйтпесе бізде жер жалмауызға да жетеді.

— Тракторлар қайда?

— Трактор біткен бәрі ескі, жаңалары әлі жоқ.

— Солай деңіз...

Петр Алексеевич тағы бірнеше сөзді дәптеріне түртіп ойланып қалды. Жақаң тамағын кенеді.

— Сіздер биыл егіншілікпен айналыса алмайтын шығарсыздар.

Шашаң мінезді Селезнев іліп ала жөнелді.

— Бәлс, биыл ма, биыл совхозды құрып та, егінді есіріп те боламыз.

Жақаң сеніңкіремеп еді.

— Бұл жөнінде мына Қапез Каримовичтен артық білетін ешкім жоқ — деді Бойченко.

Қапез боранның сұрапыл үшінен құлақ қойып ойланып отырған. Ұшы ніле біткен мұрнының суағарына қалдырыған коңыз мұртын сипап:

— Қектемде он мың гектар тың игеру совхоз орталығы мен екі бөлімшеге орталығын салу белгіленіп отыр. Қектемгі жер жырудада шынжыр табанды 50 трактор жұмыс істейді. Он мың гектар егіннің өнімін қабылдайтын орындар салынады.

— Апырай, осылардың барлығына адам қолы керек кой!

— Партияның Орталық Комитеті мен үкіметіміздің жақында өткен Пленумының тың және тыңайған жерлердің игеру жөніндегі қаулысын іске асыру үшін біз де аянбай еңбек етуіміз керек.

\* \* \*

— Қатын-ай, қатын! Ой, сенің осы бір үйқын-ай!

Жәнипа тұні бойы қорқыныштан есі кетіп тік отырып, таңға жақын қалғып кеткен-ді. Қақпа сыртында сұрапыл боранға қосылып моторлар гүрлі естіледі.

— Қазан көтер. Айтқа шаламыз деген коңыр ісекті соя қояйын — деді шал білектерін түрініп. Жәнипа айтқа атаған малды әлде кайдағы бір танымайтын адамдарға соям дегенге есінен тана жаздады.

— Ойбай-ау! Жұртый-ау! Мына шал құтырған шығар! Сойғызбаймын ісекті! — деп айғайға басып еді. Жақып та дауысын көтере сөйлемді:

— Жақып айтқанынан қашан қайтып еді, сонадай ызылдамай сөзді қыскарт, енді!

Жәнипа тағы да айғайлап бірдене айтпақ болып еді, кіріп келген Капезді көріп қысылып қалды.

— Бармызыз, шешей. Арасын ел емеспіз бе! — деді сырт кімін шешініп жатып. — Жайғасындар жігіттер! Карттың үйі тар емес екен. Төртінші күннен бері адамдар мекенине бас сұққанымыз ғой. Қарт коңыр ісекті жайратып салып қолын жуып от жағуға кіріскенде көмекке Қатя келді.

— Әжейге өзім көмектесейін! — деп халатын киіп, қазан-ошаққа араласып кетті.

— Қекен, сен де болыссайшы! — деді үй иесі жігітке өктем сөйлеп, олар атусті танысып та қалған сияқты.

— Жақсыда жаттық жоқ деген ғой. Қөгершіндей мүсінді қыз екен өзі! — деп ойлады Жәнипа.

\* \* \*

Ауылдың жалғыз көшесі аспанмен астасқан шексіз далаға мандайын беріп жатыр. Жұрт күртік қар басқан қора жайлардың қарын алып корбандал жүр.

— Уай, Жақып Нарәлгенге тарттың ба?

— Ие.

— Әлгі бастықтарыңа біздің сәлемімізді айтасың ғой!

— Элбette.

Карттың туған жері мына Шағалалы маңы. Далабайдың бес үйлі аулының жұрты бүл күнде белгісіз болып бара жатқан. Бір мың тоғыз жұз отызынши жылы алғаш колхозға біріккенде ата мекенін тастап Шошқалы басына бірінші болып келген осы Далабайдың Жақыбы еді.

Колхозды өсіріп өркендету үшін жарғақ құлағы жастық-ка тимеген Жақып істемеген жұмыс бар ма? Отан соғысының ауыр жылдарында аз бейнет көрді ме? Сонда да өркендең кеткен колхоз жоқ. Жер байлығын менгере алмаған соң, онушы ма еді.

Жазықта екі-үш үй тұрғызылып қалыпты. Бірі еңселі үлкен, екі қабатты. Біры-жыры адамдар, тракторлар, автомашиналар. Мойның тырнадай созып көтергіш кран тұр. Кранның мойны тынымсыз қозғалып жоғары тәмен сырғиды. Шыр көбелек айналады. Ұя салған көк құтаның қылтығына ұксайды. Жылдар бойы адам иғілігін көрер жайлыш мекен, жылы ұя тұрғызып жатыр. Міне, жол айрығында қалқып тақтай тұр. Жақып осы тақтайдағы «Нарәлген астық совхозы» деген жазуды ежіктеп оқып шықты.

— Астанырылла! Адам мен машина дегенің осындағой. Қашан ғана келіп үлгерген мұнша ел! — деп картандана қарайды. Төбеде кіп-кішкентай болып адамдар карандайды. Қарсы ұшырасқан бір адамнан:

— Партикомды қайдан табам шырағым! — деді, Жақып.

— Арғы беттегі шатырларда болар — деді, анау асығып кетіп бара жатып. Шатыр тұрған тұстың қары еріп, құрғап кетіпті. Шатыр дейсің-ау, шатырдың көкесі бұл. Отыз қырық метр ені жеті-сегіз метр және мұндай шатырлар әлде нешеу. Нәк бір кенеп бүркенген калашық.

— Жақаң келіп қалыпты ғой! Ассалаумагалейкүм, ақсақал!

Жақын жалт қарап, Қапезді көрді. Қария жерден жеті қоян тапқандай даурығып:

— Апыр-ай, Қапезбісің? Амансындар ма? Сендерді қайдан табам деп сасқалақтап жүр едім, шыға қалғаның әбден жөн болды-ау! — деді. Қапез көңілді. Бармақтай мұртын укалап қойып күлді де:

— Отагасы-ау, біз әлі қала бола койғамыз жоқ қой адаса қоярлық — деді шатырға қарай жүріп бара жатып.

— Парторг қайда?

— Алыста емес, Петр Алексеевич жиналыска дайындалып жатыр. Обкомның пленумына барады. Жұмысыңыз бар ма еді?

Бір шетіне ұзын дәліз қалдырып әлде неше бөлмеге бөлген шатыр іші нақ бір тәртіпті жатақханаға ұқсап қалыпты. Арғы түкпірдегі есікті ашып Қапез шалды қақпап лап кіргізді. Күн көзі еркін түсіп тұрған кең бөлменің

төріндегі екі столдың бірінде іспен шұғылданып отырған Бойченконың қасқа мәндайын көрді. Сақал мұртын мұнтаздай етіп қырыныпты. Бойченко күлімдеп қарттың қолын алды.

— Аман саусыз ба, кария?

— Аманбыз. Кар арасынан қылтынып бас көтердік. Тіршілік қамына кірісетін уақыт болды. — деп Жақан қойнына қол жүгіртті. — Мынау біздің «Шоға» көвшілігінің қаулысы, осыны әкелдім, — деді өбектей ұсынып. — Не дейсіндер, алде сыртқа табесіндер ме?

Бойченко асықпай оқып шықты да:

— Кария бұл тілектеріңізге қуанамыз, құптаймыз. Бірақ Петр Алексеевич стол үстіндегі қағаздарды асығыс аударыстырып жатып: — Бірақ оның билігі бізде емес қой, ақсақал-ау, жоғары жакта. Шынында да «Шоғаны» бір бөлімше етіп жіберсе тамаша гой — деді.

— Тың көтеру колхоздарға да құш бере бастайтыны анық. Сіздерді де сөзсіз өркендетіп жіберуге тиісті. — деді, Қапез темекесін тұтіндеп.

— Біздің көвшілік колхоздан да совхоз болу тиімді деп есептейді — деді Жақан жүрттың айт дегенін жеткізе алмай отырмын ба деп сасақалактап. — Біз қайтсек те совхоз боламыз. Өздеріннің шамаларың келмесе жоғарыға жеткізіндер көптің тілегін. Сөйтіндер шырақтарым!

Жақан шаршап-шалдықкан адамдай отыра кетті. Лепірген көнілі жүдеп қалды.

— Тілегіңіз әбден орынды айтайын, жеткізейін! — деді партком.

— Колхозға ұлықсат етпеген күнде өзім келем. Балам тракторшы-комбайншы өзім тұғырдан түсіп отырмын ба? Қайда енбек етсе де адамның өз еркі өзіндеғой. Сонау батыстан Украина, Белорустан, Ўркіт, Хабаровтан адамдар келіп, ата-мекенімді жаңартып жатқанда текке отыра аламын ба?

Карт қыза сейледі. Қос қабатты үлкен үйдің бөлмелері сырланып жылу жүйесі тартылыпты. Жұмыс екінші қабатта көрінеді. Тарсылдал балға ұрылып жатыр. Әр жерден жігіттер айғайлап сөйлеседі.

— Сәлем бабай! Сәлем Якоб атай! — деген дауыстар естіледі. Володка да, Рахим де, Сергей де, Петр де Жақанды танып дауыстайды.

— Бұл жатақhana гой, елуден артық бөлмесінде екі жүздей адам тұрады. Көрші құрылыстың бір жағы клуб, бір жағы әзірге кенсе. Арғы дара үй — асхана. Біз осы

құрылыштарды жер жыртуға шықканша бітіруге тиісті-  
міз — деді, Қапез жүре көрсетіп, Қарияның үлкен көздері  
шараасынан шығып әр қайсысына бір қарайды.

Қапез шырағым-ай, айналасы ай жарымда қалай тұр-  
ғыза қойдыңдар осыларды! — деп бурыл сақалын сипай  
берді.

— Жұрт жұмыла кіріссе тауды да көтеруге болады,  
ақсақал, даяр үйлер ғой бұл. Отыз трактор жол үстінде  
күн сайын станциядан құрылыс материалдарын, жабдық-  
тарды, адамдарды жеткізіп жатыр. Бұлардан басқа біраз  
трактор санта тұр. Кеше өзініз қарсы алғанда үркер-  
дей гана аз адамдар едік. Қазір екі жүз болдық. Тағы да  
жүздей адам қосылмақ. Солай, ақсақал, жұмыс дегениңіз  
ұшан-теніз. Обкомфа совхоз директорлығынан жоғарла-  
тылып едім. Енді міне жұмыстың көкесі мұнда. Жоқтан  
бар жасау. Шынымды айтсам шаршап жүрмін, — деп Қа-  
пез теріс қарап шырны жақты.

— Дұрыс-ау! Бейнетсіз рахат бар ма! — деді.

Олар бөренелер мен тактайлардың, үй бөлшектерінің  
арасымен жүріп өтті.

— Сау болыңыз, қария!

— Жоқ шырағым, қоштаспаймын!

Қапез бен Жақаң айналға көз тоқтата қызыға, тама-  
шалап қарайды. Қектем күнімен байтақ дала адам айт-  
қысыз ғажайып күйге бөлгенген. Өлі дала сыздан арыла  
қоймаған шабдар жазық үстінде қекжілім мұнар іркіліп  
тұр. Сонау алыстағы үнсіз жатқан сары обалар да, жата-  
ған тобылғы шоктары да сагым селіне қалқып жүзіп  
жүр. Қардан ерте аршылып, күн көзі молырақ түскен  
дөңестерде қызғалдақтар гүлдеп сүйір тілді шөптер қыл-  
тилып шығып келеді. Даланың байырғы тұрғыны ақ құла-  
дыңдар қанжардай өткір қанаттарын сирек сермен емін-  
сек көздерін төмен салып қыр үстінде айналып қалықтап  
ұшып жүрді.

\* \* \*

Қапез Ембергенов сапқа тұрган тракторды жағалай  
келіп тоқтай қалды. Құндыз бәркін бастыра киіп, шек-  
пеншесінің белін күміс белбеумен тартып Жақып қарт  
ұзын соқаңың үстіндегі темір орындыққа отыра кетті.

— Апыр-ай, Жақа-ай, шыдай алмайсыз гой. Соқашы  
булу оңай жұмыс емес. Қәкеннің жанында жылы кабина-

да отырып қайтсаныз да жарайтын еді ғой — деді директор қынжылып. Қекшіл мұртының астынан қарттың кетік тістері көрінді.

— Мен жас баладай қызықты тамашалауға келгенім жок, тың көтеруге келдім, ештеңе етпес, бұл Жақып нені көрмеген.

Күн артынан күндер зуылдан өтіп, ғасырлар бойы тылсым жатқан тың жерге болат соқа салатын кез де жетті. Бұлық тіркелген тракторлар қаз қатар тізіліп сап түзеп тұр.

Саптың алдына партком секретары Бойченко шықты. Ұзын бойын тік ұстап, қасқа маңдайын сипап қойып, сөз бастады:

— Жолдастар келер үрпақ жыр етер ұлы науқанды бастағалы тұрмыз. Қадамдарының құтты, еңбектеріңіз жемісті болсын! Жөнеліңіздер енді!

«Жөнеліңіздер» дегенде бірінші ізде тартатын тракторда отырған Қәкен педалды баса беріп еді.

— Қәкен, Қәкен-е-ен! — деп айғайлаған нәзік дауысты естіп жалт қарады. Қолында шоқ гүлі бар Катя жүгіріп келеді екен. Қыз әсем қиініп күрен шашына қолындағы тұл түстес лента тағыпты.— Қәкен; мә ұста мынаны жолына гүл бітсін! — деп трактор терезесінен гүл шоғын Қәкенге ұсынды. Қария теріс айналды. «Шіркін, жастық-ай, өтіп кеткен!» — деді күрсініп.

Тракторлар жәңқіле жөнелді.

Қәкеннің көзі сонау даланың аспанмен астасқан жерінде қызырып көрінген жалауда. Жүк машинасының корабындағы адамдар зор қызыл матаны жеммен толқытып, көлбендетіп тұр. Қәкен соған тұзу тартып келеді. Шаттанып келеді. Катя берген гүлге мейірлене қарайды. Трактор нысанаға дәл жетіп, кейін бұрылғанда Жақан:

— Тәнірім, бергеніңе шүкір. Астық енді болады! Атабабамызға сараптық жасап келген қатігез даланы бүгін тың дейді. Бұл дала дегенің игерілмей жатқан тың байлық екен-ау, — деді қарт күбірлеп.

— Иә, тың шегеру осылай басталды, — деді совхоз директоры қартпен қатарласа беріп.

Тракторларға тіркелген соқалар шымды бытырлата үзіп, аударып салып барады. Кеше ғана сүрғылт тартқан бедеу жер бусанып, егіле тыныстап жатыр. Қап-қара егістік үстімен әбігерленіп, ак құладындар калықтайды. Олар мынау иен жатқан даланың таңғажайып өзгерісте-

ріне таңданғандай шашқылдан қойды. «Салттың күнін сағым ағыла бастады.

— О, садағаң кетейін, қасиетті тұган жер! — деді қарт тебіреніп.

## АЙНАЛАЙЫН, АДАМДАР!

Филипповтар тұн ортасы ауып кеткенде ғана жұмыстар оралды. Ерлі-зайыпты дәрігерлердің күндегі әдеті еді, бұл. Балалар әлдекашан үйыктап қалған. Нина Даниловна балалар белмесіне кіріп, кішкене Галя мен Люсяны сүйіп, көрпелерін қымтап, қайтадан шықты.

— Алик, біз балалардың ояу отырғанын сирек көретін болып барамыз. Жұмыс ауырлай түскен сияқты, — деді.

Альберт Алексеевич езу тартты. Жап-жас жүзіне жарасымды құлкі үйірліді.

— Сонау елуінші жылдары дәрігер болуды өзің қалап, мені де мықтап үгіттегенің есінде болар. Біздің мамандықта белгілі уақыт жок. Күнделеп те, тәуліктең тістеге тұра келеді. Адам қамы үшін шаршау деген сез болып па?!

Осыны айтып, ысытылған сорпаны қомағайлана іше бастады. Альберт Алексеевич қөнілді болатын.

— Алик, сен қалай ойлайсың, ана жігіт өмір суре ме? Сенесің бе соған? — деп сұрады Нина Даниловна мазасызданып.

— Өзің қалай ойлайсың?

— Мен сене алмаймын, тым ауыр гой.

Бөлмеде үнсіздік орнады. Сыртта көктемнің алғашқы жаңбыры құйып тұр. Теректің жалаңаш бұтақтары тере зелерді сабалайды. Бағаналар сыңсып, мұнды әуенге басады. Ауыл тұн қаранғылығына оранған. Қөрші бөлмендеген әкесі Алексей Матвеевичтің жөтелгені естіледі.

Балалардың біреуі үйқысырап сөйлеп жатыр. Альберт сыртқа қарап біраз отырды да;

— Жігіт өмір сүреді! — деп кесіп айтты.

— Дегенмен оқиға қалай болған, әлі түсіне алмаймын, — деді Нина Даниловна өткен кешті үрейлене еске алып.

...Филипповтар іңір асына отыра бергенде асығыс телефон соғылды.

— Өте тығыз, бір минут кідіруге болмайды. Кісі өлім алдында... — деді арғы жақтан кезекші дәрігер аптығып.

Ауруханаға түскен жас жігіттің кескіні қуарып, көзінен өмір ұшқышы сөніп барады. Тамырлары болар болмас қана соғады. Қанға боялған киімін шешіп алғанда жүрек тұсында терең жара үнірейді. Пышақ салған. Қан шапшып тұр.

— Операцияға дайындалындар. — деді дәрігер. Аурухана қызметкерлері іске кірісті. Жаралыға қан құйылды. Бірақ мұлдем әлсіреп, өлім халіне жеткен денедегі тамырлар қанды бірден қабылдамады. Наркоз берілді.

— Дайынсындар ма?

— Дайынбыз.

Аурудың кеуде құсынына үйіған қанды дәрігер қолымен көсіп ала бастады. Қан көп кетіпті. Жараны бармамынен басып тұрып, жібек жіппен тікті. Қан тоқтатылды. Осыдан кейін аурудың тамырлары соғып, қан қысымы қалпына келе бастады.

Жүрекке операция жасалды. Жас хирург Альберт Алексеевич Филипповтың жылдар бойы ізденгені, көптеген ғылыми еңбектерді оқығаны, хирургияның жетістіктерін зерттегені зая кетпеді. Маскунем бұзықтардың қолынан ауыр жарақатты болған Сергеев автобазасының бейкүнә шофері Алексей Ходатовичтің жас өмірін аман сақтап калды.

Ол өмір сүреді,— деді дәрігер нық сеніммен. Нина Даниловна кереует шетінде балтырларын сипап отыр.

— Күні бойы дамылсыз жүргендіктен болу керек, аяқтарым қатты ауырып, сыздайды, — деді ол.

— Мен де шаршаған сияқтымын. Ұйқы қысып тұр. Откен түнде көз ілгеміз жоқ. Екі операция жасадық. Енді дем алудың сәті түскен шығар. Ертең аудандық Советтің сессиясына барамын. Сайлаушылардың аманатын орындау керек қой. Бұрсігүні партия үйіміның кезекті жиналысы бар. Секретарь болған соң оған да мүқият дайындау керек. Иә, дем алайық, жұмыс бастан асып жатыр,— деді Альберт.

Ол сөзін тауыспай телефон шырылдады. Ерлі-зайыпты дәрігерлер бұл кім болды дегендей, біріне-бірі қарады:

— Тағы да, — деді Нина Даниловна. Альберт Алексеевич трубканы құлағына тосып үнсіз тыңдап болды да:

— Иә, тағы да шақыруу, — деп орнына тұрды. — Өзім-ақ кете берер едім, бұл жолы гинеколог ретінде қалай да баруың керек сияқты. Саған қыны болмаса мен шыдай берем ғой.

Перзентхананың қабылдау бөлмесінде қиналып, азап шеккен әйел жатыр. Үрты ортайып, иегі ұзарып кеткен. Қөздері төбеге қарап, бір нүктеге қадалып қалған. Қезергеп еріндерін сәл қозғап, сөйлеген болады. Қез алдында бар болмысы мен өз үйі, асыр салып ойнаған балалары елестейді-ау, сірә. Иә, өмір сүру деген жақсы ғой, шіркін! Әйел тұңғышқа қара қөздерімен дәрігерлерге жаутандай қарады,—«Адамды апattан корғаушы бауырларым, арашашы бола көріндер! Өмір беріндер, өмір керек маған! Бөбектерімнің бақытты болуы үшін өмір сүруім керек. Иә, мен сөйтіуім керек. Оның тетігі шипалы қолданында тұр, адамның достары», дегендей жалыныш бар оның қөзінде.

Әйел жынысы күлген болды. Мықты арашашы барына сенгендіктен күлді ме екен. Дәрігерлерге бәрі түсінікті. Адам сенімін актаудан артық борыш, қуаныш жоғын біледі.

Альберт Алексеевич 1959 жылы Омбы қаласының медициналық институтын бітіріп, осы аудандағы Приишім селолық ауруханасында еңбек жолын бастады. Мұнда алғашқы кезде аурухана емес, жай гана дәрігерлік пункт болатын. Село ортасындағы шатырлы үйдің аласа екі бөлмесі еді. Тазалық, тәртіп деген нашар, дәрі-дәрмен жетіспейді. Медициналық қызыметкерлер де тұрактамады. Совхоз, аудан басшылары дәрігерлік мекемені жақсартуга жеткілікті көніл бөлмеді. Ауырған адамдарды аудан, облыс орталықтарына жіберді.

Жас дәрігерлер бұл жағдайға тәзе алмады. Іске күлшына кірісті. Алдымен барлық елді пункттерді аратап көрді. Ауруларды есепке алды. Балаларды екти. Дәрігерлік пункт шаруашылығын қалпына келтірген сон бір күні облысқа тартып кетті. Облыстық денсаулық сактау бөлімінің бастығы дәрігер Сағымбек Ағжанов жолдастың қабылдауында болды. Жағдайды баян етті. Сағымбек Альбертке риза болып отыр. Қыныштыққа мойымағанына риза.

— Көмектесеміз, бәрі болады, — деп арқасынан қақты. Шынында бәрі болды. Үлкен аурухана, перзентхана, емхана, рентгент кабинеті, аптека салынып іске қосылды. Совхоз поселкесінің шетінде, орман құшағында денсаулық калашығы тұрғызылды. Филипповтар дамылсыз еңбек етті. Оларға емделу үшін көрші ауданинан адамдар келе бастады. Ақыры 1962 жылы ол аудандық аурухананың бас хирургі болып жоғарылады. Зайыбы — дәрігер-

гинеколог. Екеуі мектепте бір партада отырса, еңбекте де бірге келеді. Асқазан жарасын емдеу, адамның бүлінген өтін, көк бауырын алып тастау сияқты ауыр операцияларды жасауға машиқтанып, көп адамдарды ажал аузынан алып қалды.

Ал мына әйелдің жағдайы нашар. Ауданның алыс түкпірінен жеткенше көп қуатын жоғалтыпты, әлсіреп қалған. Іші ісініп, үлкейіп кетіпті. Өз бетімен босануы мүмкін емес. Жүректің соғуы мен қан қысымы төмөндеп барады. Бөгелуге уақыт жок.

— Тәуекел, іске кірсейік, — деді хирург. Әйел операция столында жатыр. Жүректің қызметін өлшектің аспаптар бір қалыпты жұмыс істеп тұр. Қемекшілер коршап алған.

— Скальпель!

Тағы да сол шипалы скальпель жүзі ананың ақ деңесін жайлап сыза бастады...

Жаңа үрпақ жас нәресте дүниеге келді. Сәбидің ашыдаусы шыққанда ана көзін ашты. Альберт Алексеевич бөбекті алақанына салып, шығып келе жатқан көктем күніне қаратты. Соңан соң таза казақ тілімен:

— Айналайын адам, сен дүниеге келдің. Өмір қандай қызықты. Қараши өзін, шын тамаша емес пе? — деді.

Ерлі-зайыпты дәрігерлер бұл күнде Петропавлдағы облыстық ауруханада істейді. Альберт Алексеевич — бас хирург, Нина Даниловна — бас гинеколог. Альберт Алексеевич СССР Фылым академиясы жанындағы жүрек хирургиясы бөлімінің жұмысына ат салысып тұрады. Институтта арнаулы мамандықтан өтіп, ең күрделі операцияларды жасауда. Соңғы бес жылда 50-ге тарта адамның жүрегіне операция жасап, өмірін сақтап қалды. Оның колы шипалы.

— Біз ауыр да, жауапты да еңбегімізben адамдарды сауықтыра берсек өзімізді бакытты санаймыз,— дейді Филипповтар. Олардың көкейіне орнықкан басты ұғым адам өміріне, адам саулығына деген сүйіспеншілік. Соңдықтан да олардың әрқашан айтып жүретін сүйікті сөзі: «Өмір сүре беріндерші, айналайын адамдар!»

## ДӘРІГЕР БАҚЫТЫ

Саған телефон сұлдырынан оянып трубканы асығыс құлағына тосты. Телефон соғып тұрған Санэпидстанцияның бас дәрігері Шадевский екен. Даусында әбігерлену шілік бар.

— Сағымбек Ақжанович, төтенше жағдай болып калғаны. Мамлют ауданындағы Новомихайловский совхозында дифтериямен бір бала науқастанып қалыпты. Бала қалалық ауруханаға әкелінбеген,— деді.

Саған орнынан шапшаш тұрып сыртқа шықты. Таң атыпты, күн әлі шыққан жоқ. Аспанды белдеулей шөккен қара көк бұлт біртіндеп көтеріліп келе жатыр. Алма ағаштары бүршік жара бастапты. Ол жеңіл киіммен шыққанын сонда аңғарды. Санэпидстанцияға қарай жүргіріп келеді. Жұрт аяғынан тік тұрғызылыпты. Петр Францевич Шадевскийден:

— Дәрігерлер мен санитарлар жолға дайын ба?— деп сұрады.

— Дайын.

— Жабдықтар ше?

— Жабдықтар да.

— Сағымбек Ақжанов бастаған облыстық санэпидстанция қызметкерлері ойлы-қырлы дала жолымен оқиғаның болған жеріне қарай ұшыртып бара жатты. Жұшақырымнан артық қашықтықта жатқан совхозға дала жолымен тез жету оңай емес-ті.

— Бір жаманы совхоз орталығында дәрігер жоқ, ауру қалаға жеткізілмеген,— деді Петр Францевич алаң болып. Жол таусылар емес. Орманды дала, егістіктері іріліуақты елді мекендер бірінен соң бірі қалып жатыр. Шофермен катар отырған Саған:

— Тездете көр, шырағым! — деп асықтыра түседі.

Дәрігерлер мінген автомашиналар совхоздың шағын ауруханасының алдына тоқтагаңда Сағымбек пен Шадевский секіріп түсіп, ішке қарай ұмтылды. Ауру бала әл үстінде екен, қатты қырылданап жатыр.

— Дереу столға сал! — деп Сағымбек білектерін түріне бастады. Қыз баланың жүзі қуарып жан кешуге айналған. Сағымбек баланың кенірдегіне арнаулы түтік орнатты. Тұншыққан баланың қеудесіне ауа барып, жүреғі соға бастады. Бірнеше минуттан кейін есін жиды. Ағыл-тегіл жылап отырған анаға Саған:

— Сабыр етіңіз, балаңыз өмір сүреді. Қауіптен өтті,— деді. Эйел дәрігерге раҳметті жаудырып жатыр.

— Отді ғой Валечкам, енді бітті ғой деп едім,— деп жас жұған жүзі күліп тұр. Санэпидстанцияның қызметкерлері өздерінің, санитарлық қызметтеріне кірісті. Арнаулы топ осы елді пунктте індettің бүрк еткен жерінде апта болып, науқас микроптарын құртуға, басқаларға таратпауға күш салды.

Саған қалаға қайтып келе жатыр. Байырғы ойлы-қырлы жол, шексіз егістік, ақбалтыр орман, көкпенбек болып төңкөріліп тұрған ашық аспан. Машина шайқап келеді. Шофер езуіне папиросын қыстырып алғып, ойлаңып отыр. Саған да ойда. Жұқпалы ауруларға қарсы күресетін облыстық станцияның бастығы болып істеген он бес жылдай уақытта бірінші кездескен індеп. Қайран қалып келеді. Бұл жексүрін науқасты кішкене қыз қайдан тауып алды екен. Бұрын ғой жалпақ жұрт оба, шешек, чума, сүзекпен ауырса баудай түсетін еді. Эсіреле, сахара халқы қырғынға көп ұшырады. Октябрь революциясына дейін қазак даласында дәрігер болған жоқ. Ауырғандарды баксы, балгерлер емдеді. Кауіпті індептер үшкірумен жазылмайтын еді. Он бесінші жылғы оба ауруы есінде. Жас бала болса да, қорқынышты көріністер ұмытылмапты. Жаны түгел қырылып, үйлердің түндіктегі жабылып қалғандары да болды. Әкесінің зауал шақта тілек тілеп, «Нә, раббим мынау қырғыныңды тоқтата көр. Үрпаксыз қалмайық, ая, бейкүнә пенделерінді»,— деп әлде кімге жалбарынып отыратыны әлі есінде оның.

Саған дәрігерлік мамандыққа ынтықты. Адамдарды науқастан, қазадан корғасам деген тілекпен Алматының Мемлекеттік медициналық институтына түсті. Бұл 1937 жыл болатын. Кооперативтік техникумды бітірген жігіттің жоғары оку орнында қиналмай-ақ оқып кетуге жағдайы бар-ды. Бірақ окуға женіл-желті карамады. Құн-тұн бас көтермей оқыды. Өйткені дәрігерлік мамандықты ең қызын, ең қасиетті мамандық деп білді. Арманы туған аулына барып алансыз қызмет істеу, адамдарды сырқаттан сактау еді. Жағдай басқаша болып қалды. Дипломын қалтаға салған бетте 1942 жылдың жазында майдан шебінен бірақ шықты. Майдандагы әскери дәрігер қанға малынып құн-тұн еңбек етті. Алғы шепке барып жауынгерлердің ок тиген денесінің ауыр жараларын таңып санитарлық белімге жөнелтіп отырды. Ушінші Украина майданының 63 танк бригадасының ка-

рамағында қызмет етті. Болат құрсанған бригада майданын, ең ауыр участекелерінде жаудың қын бекіністерін алуға күш жұмсады. Саған адам айтқысыз қанды қырғынның, совет әскерлерінің ауызбен айтып жеткізгісіз ғаламат ерлігінің күесі болды. Куәсі емес-ау турға сол ерлікті жасаушылардың бірі болды. Бригада 1943 жылдың көктемінде Қавказдағы атакты Сапун тауына бекінген жауға қарсы шабуылға қатысты.

Ұрыс апрель таңы атпай басталды. Артиллерия дауысынан асқар таулар тенселіп кетті. Жұздеген зеңбірек толассыз атқылап тұрды. Ақ басты занғар шындар қара тұтін мен шаңға тоғытылып көзден таса болды. Саған Үшінші Украина майданының құрамында Кировоград облысының Николаевский қаласын алуға, Керчті, бүкіл Қырымды жаудан босатуға қатысты. Нарва плацдармын Польша арқылы Шығыс Пруссияға жетті.

Жауынгер дәрігер 1946 жылы туған слге омырауы орденге толып оралды. Мамандар жетіспей жатқан кез. Москвада ашылған медицина саласында басшы қызметкерлер дайындастын бір жылдық курсі бітірген соң Солтүстік Қазақстан облыстық денсаулық сақтау басқармасына бастық болып тағайындалды. 1955 жылдан бүгінге дейін облыстық жұқпалы ауруларға қарсы күресегін станцияның бастығы қызметін атқарады.

Бейкүнә жұртты қырғынға ұшыратқан елге қаза касірет келтірген жұқпалы ауруларды мәңгілік құртуға дәрігер ретінде үлес қосқанын Саған зор мактаныш тұтады. Алпыстың өріне жақындаپ қалса да әлі жас жігіттей ширак, еңбек сүйгіш. Семья басы. Балаларының алды жоғары оку орнын тауысып қызмет істеп сүр. Қейінгілері де оқиды. Светлана мен Қазбекі бір ауыздан:

— Бізде әке мамандығы — дәрігерлікті қалаймыз! — дейді.

Дәрігер — ардақты мамандық. Облыстың бас эпидемиологі Сағымбек Ақжановқа халықтың денсаулығын коргаудағы көп жылғы еңбегі үшін — «Еңбек Қызыл Тү» ордені мен «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағы берілді. Омырауы ордендерге толы. Наградаларға наградалар қосылып жатыр. Ұлы көсеміміз В. И. Лениннің тұганына 100 жыл толу салтанатында «Еңбектегі ерлігі үшін» мерекелік медальмен наградталды. Облыс дәрігерлерінің ақсақалы Ақжановтың тындырғанынан тындырары көп. Халықтың денсаулығы үшін аянбай еңбек ете бермек.

Кеш. Сағаң зайды Сапура екеуі қала көшесімен се-  
руендереп келеді. Құндізгі көп жұмыстан соң таза ауда-  
демалу бір рахат. Айнала дені сау, көнілді, шат халық  
Дәрігер кеудесі қуанышқа толы. Ол өзінің дәрігер бол-  
ғанына қуанады.

## СЕКРЕТАРЬМЕН ӘҢГІМЕ

Сергеев аудандық партия комитетінің секретары  
Ніл маңдай терін сүртіп, бері қарады.

— Жұмыс дегенің бастан асып жатыр. Бір науқаннан  
екінші науқанға жылжып түсе береміз. Қоқтем егісін аяқ-  
тай бере пішенге кірістік. Пішен аяқталмай жатып, егін  
орагы басталады, — деді, — ол күлімсіреп.

Секретарьдың көз алдына ұсақ әжім сыйықтары түсе  
қалды. Қайратты бурыл шаштарын салалап біраз  
отырды.

— Бұғін сағат онда аудандық Советтің сессиясы бас-  
талып, түсте бітті де, дереу аудандық партия комитетінің  
бюросын өткіздік. Қөріп отырсыз, бюро жана тарқады.  
Жақсы, ашық құндері кеңседе отыру салтымында жоқ.  
Жұмыс басында, совхоздарда боламыз. Тұнде нөсер жау-  
ды. Шабылған шөп шылқып тұр. Үюге келмейді. Осындаі  
кезеңді пайдаланып мәселені шешіп алайык... Секретарь-  
дың әңгімесін телефон шылдыры бөлді.

— Алло, тыңдал тұрған Болатбаев қой, сәлеметсіз бе?  
Су торабының құрылысына шұғыл қарқын туғызу керек.  
Өткен күні бүкіл құрылыс басқармасы бойынша өндіріс-  
тік тапсырма орындалмай қалған. Эрине, жақсы әдет  
емес. Ие, сөйтініз, көмек береміз, сау бол.

Ніл трубканы орнына қойды.

— Ие, сонымен мәселені шешіп алайық деп шаршап,  
шалдыға жұмыс істеп отырмыз. Аудан бойынша, мал  
азығын дайындаудың алғашқы құндерінде қарқын баяу.  
Есілдің кең алқабын мекендеген Ыбыраев атындағы сов-  
хозда мал азығын дайындауға кіріспеген бөлімшелер  
бар. Бұл екі совхоздың директорлары Мәмбетов пен Ха-  
лықов жолдастардың түсінігін тыңдал, жұмыстарындағы  
елеулі кемшіліктерін атап көрсеттік. Мал азығын дайын-  
дау жұмыстарына шұғыл қарқын туғызуға тиісті шара-  
лар белгіледік.

Ніл бізбен сөзін әрі қарай жалғастырды.

Мал азығын дайындауға шаралар белгіледік. Екі  
совхозда партиялық-саяси жұмыста едәуір олқылықтар

болыпты. Ыбыраев атындағы совхоздың партком секретары Божатов — жас жігіт. Бөлімше бастығынан партия қызметіне жақында жоғарылатылған адам. Тәжірибесіздігі көп, опық жегізуі. Арнаулы өкіл жіберіп үйим жұмысын жолға қоюына көмектеспекпіз. Партия үйымының жұмысы босан жерде науқан да қарқынсыз болатыны сөзсіз. Истің тетігін кадрлар шешпей ме.

— Элбette!

— Осында аудандық партия комитетінің секретары болып келгенде кадрлар тапшылығынан көп қыншылықтар көрдік. Совхоз директорлары, партия үйымының секретарьлары арасында ысылған, тәжірибелі жолдастар аз екен. Жұмысты әлтіпесінен бастауға тура келді. Қолынан іс келетін коммунистерді батыл жоғарылата бастадық. Быков жолдас аудандық Совет атқару комитеті председателінің орынбасары болып жоғарылатылды. Казір аудандық партия комитетінде үгіт-насихат бөлімінің менгерушісі Кремша Мұқанов бұрын совхоз партия комитетінің секретары еді. Тіпті осы күнгі совхоз партия комитетінің секретарьларының бәрі дерлік катардағы коммунистерден жоғарылатылған кадрлар.

Біздің тәрбиелеген мамандардың бірі Сағдиевті Солов аудандық партия комитетінің бірінші секретары етіп жіберді. Партия кадрларын ірікте алғып, тәрбиелеп отыру біздің жұмысымыздың басты міндет болды. Әлгі Божатов Құзембай деген жігітпен де біраз жұмыстар жүргізуге тура келеді. Қабілетті партия қызметкері болып қалыптасуы үшін оны тәрбиелей білуіміз керек.

— Алло, Болатбаев тындал тұр...

Ніл Әдіғамовичке тағы да телефон соғып, әңгімесін біраз бөліп әкетті. Секретарь әлде нелерді дәптеріне жазып, әлде нелерді жадында сақтап, көмек жасауға уәде беріп жатты. Сонан соң бері бұрылып құлімсіреді.

— Біреулер үй салайын деп едім. Құрылыш материалдарын алудың көмектессеніз екен дейді. Енді біреулер женіл машина, мотоцикл алуда көмектесуімді өтінеді. Әрине маған байланысты жұмыстар да емес. Сөйті тұрса да республика жоғарғы Советіне сайлаған өз депутаттым деп халық мол-мол міндеттер жүктеп жатқандары. Олары заңды да.

Ніл алдындағы қағаздарға қарап біраз бөгеліп қалды. Үлкен кабинеттің бұрыш-бұрышы күнгірт тартты. Сыртта батып бара жатқан күниң жарқын сәулесі ак-

балтыр қайындарға түсіп, сонау Есіл үстіндегі зор плотинаны алтынға малғандай жарқыратып тұр. Біреулер есік қақты.

— Кіріңіздер!

Аудан активтерінің бір тобы орындықтарға жайғаса бастады.

— Берірек отырыныздар, жақын отырып кенесіл ала-ық,— деді секретарь келгендеге ілтифатпен.

Аудандық партия комитетінің секретары келген адамдар түгелдей жайғасып отырған соң сөз бастады. Сонымен жолдастар, біз таңнан бері жұмыс істеп отырымыз. Мал азығын дайындау айлығын жарияладап қаулы кабылдадық. Қаулыны орындауда совхоз партия үйымдарына накты көмек көрсету үшін сіздерді бірнеше күнге өкіл етіп жібермекпіз. Аудандық атқару комитетінен Быков жолдас «Афанасьевский» совхозына, прокурор Дүйсенов «Городецкийге», аупартком секретары Ступаненко — Быковский атындағы, милиция начальнигі Аманжолов «Марьевский» совхозына...

Секретарь совхоздарға өкіл болып баратындардың нақты міндеттерін белгілеп берді. Олар түсінбегендерін сұрап біліп, жазып алып жатыр. Кезекпен сұрап, кезекпен сөйлеп, тіл қатысады. Парасатты ұстазды қөріп отыргандаймыз. Шынында аудандық партия комитетінің секретары аудан коммунистерінің ағасы, ақылшысы, ұстазы секілді. Шыны да сол.

Сонымен міндет белгілі ғой,— деді ол жігіттерге шола қарап.

— Түсінікті, Ніл Эбдіғамович, түсінікті...

Советтер үйінің үшінші қабатынан кешкі Сергеевка анық көрініп тұр. Төрт қабатты, бес қабатты биік үйлер сап түзеп, кең далага қараң қанат жайыпты. Әріректе Есіл үстінен салынған алып плотина қарауытады. Қобыз мойын адымдағыш экскаваторлар тынымсыз қозғалуда. Ауданның жаңа орталығына секретарь қызыға караиды. Жүзінде қуаныш белгісі бар. Жаңа Сергеевканың ірге тасын қаласты. Құрылышта секретарь көзінен қагыс қалған ешқандай участке жоқ сияқты.

— Жаңа Сергеевканың келешегі зор,— деді Ніл көздерін алысқа жіберіп.— Қазір мұнда 15 мың адам тұрады. Белгіленген құрылыштар бітсе, таяу уақытта 20-25 мыңдай халық мекендейтін болады. Яғни қала атағын алады.

Тындағы алып құрылыш су торабы әлдекашан аяқталған. Тында жасаңды теніз шалқыды. О.І Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қекшетау, Қорған облыстарының шаруашылықтарына су береді. Осы облыстар жерінде 1800 километр су құбыры тартылған. Жетпісінші жылдардың өзінде бұлармен 25 мың гектар егістік суарылған. Бұл — аса мол байлық көзі деген сөз. Сөйтіп біз таяудағы уақытта егін тағдырының шын қожалары боламыз. Табиғатка телмірмей, жаңбырды керегінше қолдан жаудыра аламыз.

Секретарьдың тотықкан жүзінде шалқар шабыт бар. Алысқа самғар қыранша тас түйін болып алыпты.

Жаз кеші күнгірт тартты. Аспанда күміс жүлдиздар көріне бастиды. Аудан шаруашылық жұмыстарының кайсаласынан болса да алда екен. Мал басын өсіру де, мал өнімдерін өндіру де үздік көрсеткіштерге жетілті.

Біз Нілдің қыска да, мәнді де кеңестеріне рахмет айттык. Ол жаңа Сергеевканың асфальт көшесімен ақырын аяңдап бара жатты. Қисалсыз шаршағаның білдірмес үшін аяқтарын нық басып адымдай түседі. Ол бүгінгі ұзак мәжілістерге ойша баға беріп, ертенгі күндердің міндеттері жайлы ойға шомумен болды. Жүріп өткен өмір жолдары көз алдына келеді. Қайтып оралмас жастық шақ, одан Отан соғысы. Сталинград тубіндегі шайқастар, жараганып елге оралу. Соғыс кезіндегі қат-қабат тіршілік, бәр-бәрі елестейді.

... 1947 жылы осында, Преснов аудандық партия комитетіне жас коммунист нұсқаушы болып келді. Алғаш жұмыста көп қыншылықтарға кездесті. Бірақ, сол қыншылықтардың өзі азамат қайратын шындаі түсті. Жоғары партия мектебін бітірген соң 1950—1955 жылдары Преснов аудандық партия комитетіне секретарь болып тағайындалды. Кейін отызмыңыншылар қатарында сол аудандағы артта қалған шаруашылық Ленин атындағы колхозға председатель болып барып, екі жылда колхозды алдыңғы қатарға шығарды. Қыншылықты да аз көрген жок. 1957 жылдан бастап 1962 жылы, осында келгенге дейін, Приишім аудандық Совет атқару комитетінің председателі болып істеді. Өмір жолында жас коммунист ысылған партия қызметкері болып қалыптасты...

Ертемен секретарьдың ак «Волгасы» шексіз далада зырлап бара жатты. Қарсы алдынан қып-қызыл болып шілде күні шығып келеді. Бидайлы алқапта алтын сәулө ойнайды. Сәуле жігіттің парасатты жүзін ажарландыра

түседі. Машина баяулап барып ну егіннің ортасына тоқтады.

Егін соңғы жауыннан кейін аршындап өсіпті ғой. Был 300 мың гектарға таяу дәнді дақылдардың әр гектарынан орта есеппен 12 центнерден өнім алуға міндеттенген. Аз соғыпты. Міндеттемені қайта қарау керек екен. Шаруашылық жылын тамаша табыстармен аяқтауға бізде мол мүмкіндік бар, — деп қуанды Ніл. Арайлы күн кең аспанға қарай биіктеп барады.

## МАЛ ДӘРІГЕРІ

Совхоз партия комитетінің секретары мол денесімен бері бұрылды. Қабағы катулы, көцілсіз екен.

— Жакынырак отырысыз, бері таман,— деді ол Қәрімге орын нұскап. Секретарь терезеден сыртқа қарады. Көше жіпсіп ери бастапты. Февральдың орта кезі болса да жазғытурымғы уақыттың нышаны бар. Алыста қарлы көкжиекте екінші бөлімшениң үйлері көрінеді. Үйлер таңғы мұнараға қалқып жүзіп жүргендей. Секретарьдың ойы да әр саққа толқиды.

Шақырғаным сізден қын мәселе жайлы көмек сұрап мак едім. Сонау екінші бөлімшедегі сауын сиырлары ауыр індетпен ауыра бастапты. Сиырлардың көбесі ісіп, содан іріндеп асқынып кеткенде тұяқтары сыптырылып түсे бастайды. Бұрын бізде ешқашан кездеспеген кесел. Бөлімше мал дәрігерлері араласып ештene өндіре алмады.

— Немен емдеп жатыр екен, немен?!.. — деп сұрады Қәрім тағаты кетіп.

— Немен болушы еді марганцовкамен жуып, көк дәрі сеуіп, пенициллинмен укол жасайды. Оған оңалған малдар жоқ, — деп Иван Денисович қаламды тарс еткізіп тастай салды. — Сіз араласпасаңыз іс болатын емес. Мұлдем бет қайтты, шын айтам!

— Менің мал дәрігерлік пункттегі ісімді кім атқарады.

— Оны уақытша жауып қойыңыз. Мынау өте дабыл қағарлық жұмыс, — деп секретарь кесіп айтты. — Бұл партиялық тапсырма. Истің бәрін өз колынызға алып тез жөнге коя көріңіз, Қәрім Дүйсенбаевич! Сізге сенем!

— Сеніміңзге рахмет. Бұл — қаулаған өрттей жүрдек әрі емдеу жолы қын індет. Жайлап сөндіруге уәде етем, бәрі де ойдағыдай болады Иван Денисович, қапаланбаныз! — деді Қәрім.

Ол бөлімшеге асығыс кетті. Құрен аттың шымыр желісі жеңіл шананы жолдың екі бетіне кезек үрғылайды. Қәкен болса дәлбені соққылап дамыл көрмейді. Ат жүрісін қанағат көрмейтін сияқты. Ұмтыла түседі.

Кәрім Дүйсенбаев мал дәрігері болып істеген бүкіл 30 жылда бұл — сирек кездескен қауіпті ауру — невовациолоз. Бұл негізінде малды дәрменсіз мүгедек ететін, ақырында арықтатып құнын түсіретін індеп. Қебіне қора жайдың саздығынан жабысады да, тез қаулап кетеді. Мұндай жағдайда малға еммен қатар тыныштық және күтім керек. Бірі болмаса бірінің пайдасы жок... Ие, со лай уәде бердің, енді орында, орынданап көр!..

Ол осындаі ой арпалысымен бөлімшеге жеткенін білмей қалды. Басқа ешқайда бұрылмастан тұра мал қорасына келді. Бұл жерде жел де, ызырық та жок. Шуакта көздерінің сорасы ағып сыйырлар күйіс қайырып тұр. Сауыншылар да, бақташылар да көрінбейді. Тұяқтары ақ дәкемен оралған ауыру сыйырлар сокта қарды басып, тыста жүр.

— Эй, кім бар мұнда? — деп Кәрім күйініп айғайлап жіберді.

— Мен бар!

Гурт бастығы Степан Корчагиннің жириен жүзі көрінді.

— Ауру сиырлар неге бос жүр? Бұларды жіберген кім? Мынау қаскунемдік қой, Степан Максимович. Сізге не болған? Дереу малдарды орындарына қамандар! — деп Кәрім булығып айқай салды.

— Неге дауыс көтересің! Маған әмір етуге қандай қақын бар? — деп Корчагин шарт сынды.

— Мен саған әмір етіп тұрғаным жок, тәртіпті айтып тұрмын. Ауру сиырлар осылай жүрсе түгел құриды, ем конбайды, түсінемісің!

Корчагин қып-қызыл болып теріс айнала берді. Кәрім інірге дейін қорадан шықлады. Сиырларды жығып тұяқтарының жарасын тазалады. Эр түрлі дәрілермен ем жасады. Бірнеше күн өтті. Бірақ Кәрім жасаған ем жақсы нәтиже бере қоймады. Соңан кейін ол совхоз дирекциясы мен партия үйіміна өз ұсынысын айтты.

— Дәрі мен укол тек жаңа басталғанына ғана пайдалы. Ал ірінде асқынып кеткендеріне операция жасамаса болмайды. Тұяқтардың барлыған сыпрырып алып гипстейміз. Ай шамасында жана тұяқ өсіп жетіліп кетеді. Жеті-

ліп кетуі үшін снырларды бір орыннан қозғамай, жақсы күтімге алу керек. Асты таза әрі құрғақ болсын! — деді.

Бұл ұсыныс совхоз басшыларының кейбіріне ақылға сыймайтын ертегі болып көрінді. Үш жұзге тарта сауын снырдың тұяқтарын алып тастау және тұяқ өсіп болғанша қолда күтүге орасан көп еңбек жұмсалатын еді.

— Бар снырлардың тұяғын сыпрып алып, мүгедек ете алмаймын! — деп байбалам салды гүрт бастығы Корчагин.

— Қөнбейінше лажың жоқ, онсыз малың мал болмайды! — деп өз ұсынысынан Қәрім қайтпады. Омбының мал шаруашылығы ғылыми зерттеу институтынан түсінік сұралды. Фалымдар Қәрімнің ұсынысын мақұлдады.

Веттехник білек сыбанып іске кіріскелі бірнеше апта болған. Міне, күлімдеп көктем келді. Снырлардың соңғыларына операция жасап, шалдыға кимылдаулы еді.

— Қәрім Дүйсенбаевич, әбден титықтап болдық. Бұгінге осы да жетпей ме дегендерге:

— Маған онай деймісіндер уақыт наїқалуды көтермейді. Бұл малдар жазғы өріске шығуы керек. Аяқтарын тез жазып катарага қосайық — дейді Қәрім асықтырып. Соңғы снырдың аяқтары гипстеліп болып, каз бастырылғанда күн көзі түстен ауып кеткен екен. Қәрім құралсаймандарын, аспаптарын жинастыруды. Қоңыр ат жекең сықырлақ арбасына отырып, үйге бет алды.

Кырда жібек сағым толқиды. Ағаштар бүршік жара бастапты. Қәкен даланың жұпар ауасымен кеуде кере дем алды. Мейірімді жүзінде күлкі ойнайды. Өнінде өзгеше шаттық бар. Айлар бойғы азапты еңбегінің жемісін көзben көріп рахатқа бөлениді. Эне, кең өрісте снырлар жайылып жатыр. Қәкенің шипалы қолынан өткен малдар. Ұзын саны қырық кара. Шығын жок барлығы да қатарға қосылды. Жұмысын көзben көруге келген Омбы мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының акбас профессоры қарапайым веттехникті кең кеудесіне қысып, бетінен сүйген еді.

— Раҳмет сізге, Қәрім Дүйсенбаевич, тамаша іс тындырғансыз. Еңбегіңіз жемісті бола берсін! — деген. Бұл мал дәрігері болып отыз жыл еткен еңбегіне берілген әділ баға болды.

Қәкең бусанып жатқан далаға күлімсіреп көз жіберді.

Тұған жер бүгін өзгеше сүйкімді. Ұзақ жылдар коғамдық малды індеттен корғап тынбай өсіріп келеді. Бұрынғы «Бірлік» колхозы аудан көлеміндегі ең малды шаруашы-

лық еді. Кәрім малды өсірумен қатар тұқымын асылады дыруға да көп еңбек сінірді. Будандастыру арқылы алғана жылда биязы тұқымды қой тұқымын өсіріп жетілдірді. Отан соғысының майдандарында жаумен шайқас ты. Ленинградтың қоршауын бұзып, қалаға бірінші болып кірген. Курляндияны азат етуге қатысадан Кенигсбергті жаудан босатысадан, Берлинге дейін барған жауынгер. Жорық жолдарының айғағындаі қеудесінде үкімет наградалары жарқырайды.

Бұл өңірдегі алғашқы мал мамандарының бірі Қәкен мектебінен үйренген жастар аз емес. Қөвшілігі әр шаруашылықта еңбек етіп жүр. Совхоз бөлімшелерінің мал дәрігерлері Қабдолқаков Аманкелді, Жиенмурzin Бибол, Чернова Мария тағы басқаларына күнбе-күн ақыл кенес беріп көмектесіп отырады.

Жаз шыкты. Жаңа міндеттер күтіп тұр. Малдарға жаппай егулер жүргізу керек. Әр бөлімшеші күн-түн арапап мамандарға қолма-қол көмектесу Қәкеннің міндеті. Жұмысы болмағанымен дәрігерлік борышы. Міне, енді қарасанға, жамандатқа, қыршанқыға тағы басқа толып жатқан індеттерге қарсы егулер жасауды кешіктіруге болмайды. Казірде де алдағы қауырт істер жайлар ойлаудың келеді. Жолдың ак шаңдағын көтеріп бүлкектеген атын қамшылауды да ұмытқан. Бір ойдан соң бір ой жетелейді...

Жыл бойы Кәрім дамыл көрген емес. Жазда жайларды, бөлімшелерді арапап, малшыларға көмек көрсетті. Егулер жүргізді. Ұлаң-байтақ жайылымда оның назарынан тыс қалған дәрігерлік шаралар болған жоқ. Бәрін де көзінен өткізді. Совхоз малшыларының мал басын арттыруына мал өнімдерін мол өндіруіне келелі үлес қосты. Совхоз дирекциясы веттехник Қәкеңе жыл сайын бағалы сыйлықтар береді. Біз оны кешқұрым қыстауда кездестіріп, көп әңгімелестік.

Ак көңіл, анқылдак аға өз өмірі туралы емес, көбіне сүйгеп ісі жайлар айтты. Сөзінің социында:

— Барлық шілді істерімді өткен енбегімді, тіпті бар санауды ғұмырымды партияға арнаймын. Ол мен сияқты қарапайым адамдарды шексіз бакытты етті!— деді «Приишім» совхозының мал дәрігері Кәрім Дүйсенбаев.

## СҮЙІКТІ САРЫҚАМЫСЫМ..

Күн көзі Сарықамыс үстінен жайлап көтеріліп келеді. Таңғы аяз тарқап, жұқалаң қар күн шуакта ери бастады. Ықтасындарда шалшықтар іркіле бастапты. Енді аз күнде ауыр күртіктер еріп, сай саламен сарқырап ақсан су кең алқаға құлайды.

Алқаның жарқабақтанып кететін қырына өрмелеп сирек жас қайын өседі. Тоғай жақтан қарағанда сарғылт төбедей мұнартып тұратын осы тұста ақ шатырлы қой коралары мен үйлер ағарандайды. Сол үйлерге тақау жерде егіз бұлақ ағып жатыр. Мейірімді ананың қос емшегіндей шарбат сұлы қос бұлағы бар, тоғайлы ықтасыны бар жер. Қыста бұл жерде ызырық жок, шуақ болып тұрады. Есіл өзені сонау тоғай арасына жасырынып қалыпты. Мына иен жазық — малдың шүйгін жайлауы, құт дарыған Сарықамыс алқабы.

Зайра осында шопандар ауылына қозыши болып келгеніне айдан асыпты. Ұақыттың шапшаң өтіп кеткеніне қайран қалады. Ол бүгін кезекші болатын. Козы арасында жалғыз тұр. Электр шамдары әлі сөндірілмеген. Басқалар жұмыстарын жайғап ертеңгі шайға келгенмен оралмай жатыр. Зайра қозылардың секіріп ойнағанына қызыға караиды.

— Кішкентай қошақандардың кутындауын қарашы,— дейді сыйылықтай құліп. Ақ бүйра қозы басын бұлғап секіріп ойнақтайды. Құтушісіне еркелегендей болады. Зайра тез ұстап алып тұмсығын бетіне басып, көзін сұртеді.

— Қарай гөр өзін, мен осында келген күні туып едің ғой, менің күтіп өсіргенімді білесің бе?— дейді қозыға.

Ол қозыши болуды ешқашан ойламаган сияқты. Комсомол жиналысында жастарды мал шаруашылығына шақырғанда Зайра бас тарта алмады. Үйге келгенде атанаасы наразы болатынын да білмеген еді. Әсіресе, экесі Дәули ақсақал кейістік айтты.

— Қарағым, үкідей үрлеп өсірген жан кенжем едің, қорда иісі бар кой қорасына барып қозыши болам дегениңе риза емеспін. Экең қаламаған жұмысқа баруың жөн бе? Мен сені мұғалім етіп шығарсам деген арманым бар. Еркелік іstememe, райыңдан қайт шырағым,— деді.

— Эке, мен комсомол жиналысында уәде бердім ғой, екі сөйлеуім жөн бе?— деді Зайра. Дәули қарт көп қиналып ақыры келісімін берді.

Жастар қойлардың жапбай төлдеп жаткан кезінде келді. Шопан ауылы қалың қарбалас үстінде еді. Төлшілер жетіспегеннен жас қозылардың күтімі қынданап, шопан Жатай Нұртазиннің жаны мұрнының ұшында болатын. Ол қыздарды төл қорасының алдында кездестірді. Мандай терін женімен сүртіп алқынып тұрып:

— Ой, өркендерің ескірлер көмектесе көріндер, қойлар жапырладап төлдеп жатыр, үлгере алатын емеспіз. Бір тәулік бойы үйге кіріп, ыстық ішуге де уақыт болған жок. Эу, Нұркеш қарағым, бері таман келші,— деп айғайлады. «Қолым тимей жатыр» деген дауыс естілді де ақ халатты жас әйел көрінді.

— Міне, бізге жастар келді. Осыларды жұмысқа орналастырып, атқаратын істерін ұфындырып бер,— деп асығыс тапсырды да, өзі тез-тез басып, әрі қарай кетті.

Нұркеш Сәрсембекова үш жылдан бері аға қозышы болып келеді. Қазір осы Приишим совхозындагы тәжірибелі қозышылардың бірі. Жас төлді қаз бастырып мал қатарына қосу онай жұмыс емес. Төл ауруға тез шалдық-қыш келеді. Сондықтан қозы туғанда санитарлық шараларды қолдануды қадағалап отыратындықтарын, жаңа туған қозыларды қашан жинап, ірілерін қай мезгілде жамырататындарын, қандай азықтар беретінін Нұркеш асықпай жеке-жеке түсіндіріп берді. Ықылас қойып тыңдап болған соң:

— Ал, қыздар,— деді Зайра,— төлді шығынсыз өсіру үшін бізді осында комсомол үйімі жіберді, үлкен міндет жүктеп отыр. Біз осы Сергеев ауданы бойынша алдыңғы катарда болуымыз керек. Ол міндетті орындау үшін жарысқа түсейік. Мен құрбым Жәкенбасова Фалияны шакырамын,— деді. Қозышылар Туғанбаева Қуаныш, Қалиева Бәтендер де құрбыластарын жарысқа шакырып жатыр.

Шопандар ауылына жалынды жастық келді. Жастар бар жерде қызу еңбек бар. Қыздар сол сағаттан бастап іске білек сыбана кірісті. Әрқайсысы 100 қозыдан күтімге алды. Шаршап-шалдығып жұмыс істеді. Сөйтіп төлдер де марқайып қалды. Тығыршықтай күйлі, шығынсыз өсіп келеді. Төлшілердің арасындағы ең жасы да, ең алдыңғы қатарласы да Зайра Дәулиева. Ол тәулік бойы аз үйіктап, тынымсыз жұмыс істейді. Басқа қыз-келіншектер де еңбек үлгілерін көрсетулі. Жақында совхоз директоры жас төлшілерге алғыс жариялады.

Шопан Жатай Нұртазиннің шопандар бригадасында-

ғы бір отар саулыктардан алынған қозыларды қыздар жұмсақ алақапына салып аялап өсіріп келеді. Саулыктар әлі де қоздап жатыр.

— Қозыларды жаксы өсіретін ыңғайымыз бар,— деп Жатай қуанып айтты.

— Төлді шығынсыз өсіру керек, міндettің ең бастысы осы. Ол үшін көп жылғы жұмыс тәжірибелі пайдалана-сын. Қайтсем жаксы еңбек етемін деп тынбай талап қыласың.

Жатай жіңішкелеп қойған сары мұртын сипап ойла-нып отырды. Қөзін кең жазық Сарықамыс алқабына қадаған. Қөктем күні бүгін ерекше мейірімді. Жатайдың көңілі де осынау жазғытұрғы күндей жадыранқы. Сол себепті де өз жұмысы жөнінде шешіле сөйлеп кетті.

— Откен жылы әр жұз қойдан бір жұз он қозы алып осы Сергеев ауданы бойынша бірінші орынға ие болдым. Биылғы міндettемем бір жұз он бес қозы еді. Бүгін таңда бір жұз жиырма үш қозыдан айналып отыр. Қалған саулыктардан қозы алу да ойлаған жерден шығар. Шопандар өміріне кейістік әкелер ашы өкініш те болады екен. Қозыны алудын алып, сақтай алмайтын жылдарымыз да болды гой. Санитарлық шаралар дұрыс қолда-нылмауынан, қозы корасында тазалық сакталмаудан, қозылардың сызда туып қалуынан індег араласып кетеді. Төлді сәбидегі өбектеп өсірмесе болмайды екен. Бөлімшесінің мал дәрігерлері Әскер Нұрмұқанов дәрі-дәрмегімен үнемі мал арасынан табылады. Әртүрлі індегтерге карсы егулер жүргізеді. Ауырса ем жасайды, күтімін бакытап отырады.

Қозының тез марқаюы — жаксы азықтануына байла-нысты. Енелерінің уызына бөгіп, сүтіне тоимаған қозы оңалмайды. Сондыктан саулыктарға жемшөпті, сүрлемді жеткілікті беріп, бұлак сұымен екі мезгіл суару керек. Сүтті болу үшін түрлі жем беріп те көрдік. Мочевинаны мал азығына араластырып берсе саулыктар қонды бола түседі екен. Бұл төлді аман сақтауга мол пайдасын ти-гізеді.

Біз қозы корасына қарай жүрдік. Кіре берісте «Ал-дымғы қатарлылардың тәжірибесінен үйренейік» деген түрлі-түсті плакат ішулі түр. Плакаттан жұзі жарқын та-ныс адамдар күлімсірей қарайды. Жатай Нұртазин, Мәлғаждар Әубекіров, Жатай Баймолдин, Базарбай Жаманбалинов, Тоқжігіт Қасымов, Серғали Уәлиев жолдастардың суреттері басылған. Мұнда Жатай мен оның

жігіттерінің жұмыс тәжірибелерін жүрт ортасына салыны. Плакат көп тиражмен шығарылған, облыс шаруашылықтарының бөріне таратылған. Құзде Жатайдың қыстауда аудан шопандарының слеті өткізіліп, іс-тәжірибесі көпшілікке таратылды

Жатай бізді ілгері бастады. Қозы қора бес-алты бөлектерге бөлінген екен. Қен үйшіктерде марқа қозылар жусап жатыр. Бәрі де тоқ, семіз. Ортадагы астауладың бірінде сүрлем, бірінде жарма, біріне су толтырылған. Ақ бор мен тұз салған ыдыстар да ұқыпты қойылыпты. Қыскасы, төл үшін барлық жағдай жасалған. Бөлімше дәрігері Эскер Нұрмұқанов осы жерде екен. Мығым денелі, балаң жігіт зоотехникалық-малдәрігерлік институтты бітірген жас маман.

— Қозыларды емдең жатыр едік,— деді қолын сүртіп тұрып. Бізде бұрынғы қойлар меринос тұқымды болатын. Қазір қойдың бұл тұқымын етті-жұнді «Линъкольн» және «Бордер-Лейстер» тұқымдас қойлар мен будандастыру жұмысын жүргіздік. Бұдан туған қозылар ірі бола бастады. Бұл жұмыстарды Бұқіл одақтық мал шаруашылығы институтының ғылыми қызметкери Тамбиев Хасанмен бірлесіп жүргізуudemіз. Келер жылдары совхозымызда қойдың жаңа тұқымы көптеп өсіріле бастайды.

Жас маман осылай деп зор сеніммен айтты. Біз шопандар бригадасының бригадирі Нұртазинге еріп, қозы қораны аралап келеміз. Қайда болсын тәртіп пен тазалық бар. Жатай сөйлеп келеді.

— Телді шығынсыз өсіру үшін қорасы жайлыш болуы шарт. Бірақ қорамызда көп кемшілік бар. Ана жабықтан үрлеген ак буды көресіздер ме, ол — көрініп тұрған сұық. Оны жауып қымтап беріндер деген өтінішімізге совхоз басшылары құлақ аспады. Өзіміздің уақытымыз да, материалымыз да болмады, ақыры қыс та келді.

Күн шуақты, жылы. Үп еткен жел жоқ. Екі мыңға тарта саулықтар көк шөпке бас қойған. Қебі күнге қызырынып күйіс қайырып тұр. Жатай бусанып жатқан Сарықамыс алқабын қолымен нұсқап:

— Мына күт дарыған өнірде қой баққалы көп жылдар болыпты. Жыл сайын бір белеске көтеріліп келеміз. Алда үлкен жұмыстар бар. Барлығы да мал қамы. Төлімізді марқайтып жазға шығып алған соң қойдың бағымымен бірынғай айналысамыз. Жасыл шалғынды кең жайылымда салқын бұлактар сылдырап ағып жатады. Мұнда арық мал бір ай жайылса қонайып шыға келеді.

Қалың шөпті бай қорық Сарықамыс жағында тағы шопандар бригадасы малға шөпті өздері дайындаиды. Жемдік, сүрлемдік дақылдарды да өзіміз егіп өсіруге жетіспекліз. Был бізде саулықтардың саны үш мынға жетеді, шопандар қатары өседі. Сөйтіп, күн өткен сайын шопандар өмірі қызықты да, мағыналы болады.

Мынау Сарықамыс алқабының келешегі тамашағой, — дейді коммунист шопан Жатай Нұртазин.

Тебірене сөйлеген Жатай көңілінде туып өскен Сарықамысқа деген сүйіспеншілік, келешек күнге деген құмарлық сезімі толқындал тұрғанын аңғардық.

## КОЙ КҮЗЕТИНДЕ

Сарытал — Есләмбектің күзеуде отыратын байырғы жайылымы. Қаңғыр-күнгір жоқ терең сайды ықтаған шопан ауылы қыс әбден түскенше ызырық көрмейді. Түндіксіз үй, тәбесіз қора сияқты.

Төменде көк Есілдің кең қойнау пірімін толқындастып содырлы дауыл үрлеп тұр. Коң шарбағының ар жағында қалқайтып қойған қарақшының бірі жалп етіп құлап еді, отар үркіп бері қарай екшелді.

— Майлайяқ, Жолдыаяқ, айт! — деп Есләмбек тақымына басқан мылтығына қолын апарды. Бірақ атпады. Қабаттаса үрген екі төбет әрі-беріден соң орындарына қайта келіп үнсіз жатты. Толған ай мана інір кезінде бұлт тасасына жасырынған. Содан бері қайтып көрінген жоқ. Айнала тастай қаранғы болып тұр. Күз түні адам төзгісіз ұзак, әрі салқын. Есләмбек қауғадай үлкен құлақшының бастыра киіп, қарақшылық басқан далаға үциле қарайды. Шарбактың сыртындағы қарақшы карауытады. Желдің ызыны киіз қостың тіреуішінің шайқалып сықырлауымен ұласып тұр.

Есләмбектің жапы жалғызысырап, көңіліне қорқыныш ұялайды. Тақымына басқан сүр мылтықты ыстық алака-нымен сипалап қояды. Алысырақта дөң үстінде ауыл оттары көрінеді. Көңілге медеу жылусыз жарықтар да бірте-бірте қожырап, азайып барады. Бір сәт Есләмбек осынау мазасыз жұмыстан безіп машина руліне отырып жүйткіп кеткісі келеді. Шопанның өрістен әрі аспаған тірлігі әбден жалықтырып болған секілді. Партия жиналышында жүрттан бұрын сөз алыш:

— Коң шаруашылығы игерілетін екінші тың болса,

мені сонда жібер. Қандай ауырлық болса да шыдаймын!— деп еді ғой. Колхоздың ауырын арқалап, совхоздың қайнаған өміріне белсene араласқан қажырлы азаттың істемеген жұмысы, игермеген мамандығы бар ма! Ол бақташылықтан колхоз председателіне дейін көтерілген. Агроном, зоотехник, веттехник, шофер, тракторшы-комбайнер мамандықтарын игерген бес аспап адам. Осынау дембелше сары жігітті елгудің белортасына келген адам деп ешкімде айтиас еді. Еңбектің қазанында қайнап, шым болаттай шынығып шықсан қайсар азамат үшін екі қол атқара алатын жұмыстың жаттығы жок болатын. Сол кам-қарекеттің бәрінен қыны шопандық екенін көріп, біліп жүр. Әсіреле, тұнгі күзет елсіз жердегі жалғыздық шоферлықтан келген адамға қын көрінді. Тұнгі даланы шарлап жүрген күміс жарықтарға қызыға қарайды. Мотордың үйреншікті үні құлағында ызындаپ тұрады. Қызықтырып өзіне тартады.

— Есеке, осы бір машақат жұмысты тастап бұрынғы қаракетіне кіріссейші, — деп азғырғандар болды. Сонда Нұрқожа баласы Есләмбекті кім деп жүр екен?

Шарбақтың арғы жағынан койлар дүркіреп үрікті. Иттер абалап қараңғылыққа сұнғи жәнелді. Есләмбек мылтықты жоғары қаратып басып қалды. Қып-қызыл жалын қаранғы аспанды тіліп түсті. Бүкіл дала селк ете қалды. Қатты жел дағдылы сарыны мен үйыскак талдарды шайқап тұр. «Әй, жауыздар-ай.» Қаражалдан әрі Нарқожа жақта жазда бөрі күшіккеді деп сді... Бауырын көтерген соң торуға кіріскең ғой. Иттер өршелене үреді. Ақ төбет тогайды көктей өтіп алыстап барады. Есләмбек иттерді шақырып алды. Төбет қыңылап келіп жата кетті. Мойнында қара жолактар көрінеді. «Айқасып қалған екенсің ғой! Қап, жаралап тастағанын қарай көр. Ұялы бөрінің тұқымы құрығалы көп болып еді, тағы да көбейгенді, ә?»

Ол жаралы итіне наң таstadtы. Ит нанды жемеді, арқа жүнін күдіретіп тогай жаққа қарап қыңылады.

— Жат дамылда. Қасқыр қасқырлығын қылмай тұрмас бізде есе жібермеспіз!— деді шопан. Жалғыздықта өз даусы оғаш естілді. Елегізіп, ыңғайсызданып қалды. Койлардың бірі шарбақты сықырлатты. Тыңдалап отыр, сықыр қайта естілді. Есләмбектің жүрегі су ете түсті. Мына сықыр қасқырдан әлдеқайда қауіпті. Қандай кой екен қаранғыда түстей де алмайсың-ау! Шарбаққа үңіліп еді койлар ортаға қарай екшелді. Бастарын көтеріп елегізіп

түр. Есләмбек мойнын созып қарай берді. Қоралы қой ақ қоималжыңдағай араласып қыбыр-қыбыр етеді. «Жоқ мүмкін емес, мал дәрігерлік егулерді қапысыз өткізді. Ешқандай кате кетпеген сияқты. Шопанды селк еткізген өткен қыстағы кейіпсіз көріністер еді.

...Бір күні «көрші Бәйтенов Құрманқожаның отарына қотыр араласыпты» деп бүкіл ел шу ете қалды. Алгашқыда бекер шығар деп сенбеген Есләмбек атқа жайдақ міне салып келсе, бар ел сонда екен. Совхоз басшылары да, аудан басшылары да жиналыпты. Қойдың қотырын бірінен-бірі көріп, салғыласып жатыр. Жайшылықта үндемейтін үялшақ жігіт Құрманқожа таусыла сөйлеп түр.

— Жұрттан ала бөтен қотырдың маған келетін орны жоқ. Мына веттехник Қазыбеков Сакенде шалағайлық болды. Қой тоғыту кезінде ертіндіге креолинді аз қосты. Бұрынғы отарларды тоғытқан лай суға малып шығарды. Сол жерде айтқанымда бет бақтырмады, — деп үлкен қолғабын жерге соқты.

— Сол ертіндіге тоғытылған Есләмбектің отарында неге қотыр жоқ. Қыс түспей жылы қораға қамап, ауыруды тілеп алдыңдар! — деп Сакен қарсы дау айтып жатыр.

Жұздең астам қойдың үсті тершіп, жабағылары қопсып түсे бастаған. Сыртта сақылдаған аяз тұрғанда қой тоғыту басталды. Қыста қотымен арпалысқан шопандардың көрген бейнетін ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес еді. Өзінің әріптес ағайындарына бір мезгіл көмекке Есләмбек те барған. Есләмбектің отарында өткен жазда қотыр пайда болды. Жаздың аты жаз емес пе, ашылатып тоғытып кеп жіберді. Мал сауығып шықты. Қасқырдан бетер корқатын жауы осы қотыр. Элгі саулықтың сүйкенгеніне секем алып еді көңілі жай тапты.

Ұзақ түн кірпік қақлаған адамның денесін арса-арса қызып үйкі маужыратып барады. Еркінен тыс жұмыла берген көздерін жалаңаш колдарымен жиі уқалап қызартып жіберді. Қойлар жатуды қойып, шарбактың ол жағы мен бұл жағына екшелді. Иттер толассыз үреді. Есләмбек болса жалбаңдаған қарақшыға үнсіз көз тастап ойланып отыр.

Отыз жыл табан тіреп еткен еңбектің шопандықтан ауырын көре алмаса керек. Зайыбы Заки болса:

— Шопан болу сениң қолын емес, сұрырылып шығатын қолқанатың жоқ, онан да үйреншікті машинаң артық еді ғой! — деп ызындаиды да отырады. Есекең болса мұндауда тарылып қалады.

— Жаным-ау, Заки! Осы мен ортан қолдай шопанмын ба, жоқ болмаса жай ғана ұя бөрік Есләмбекпін бе? Ұя бөрік Есләмбек болсам да ар-ождан деген бар ғой. Содан аттап қайда кетем. Айтпа ондай сөзді. Алғашқы жылдары жүз саулықтан жүз қозы ғана алып едім. Былтырдан бері 110 козыдан алып 3,5 кг жүн қырықтым. Бұл еңбектің жанғаны емес пе? — деп Есләмбек шырт-шырт ту-кірді.

Семья қыргиқабақтығы сонымен тамамданған. Енді алда бір қын асу тұр. Мал қыстату, төл алу науқаны жайлыштерен ойлап кетті. Рас жем-шөп жеткілікті. Мәселе онда емес. Науқанға көп болып жұмыла білуде. Есләмбек қыс жайын ойлап көріп, көнілі көншіп отыр. Төл де болады, жүн де болады! — деді ол.

Таңға жақындағанда Есіл үстіне алба-жұлба ауыр бұлттар қантап шығып қар борандатып кетті.

— Кош, Сарытал, аяулым, енді қыстауға кетеміз! — деді Есләмбек. Қең әлем нілге малғандай бозара бастады.

## ЖАЛПАҚСУ ТҮНІ

Осы алқаны Жалпаксу деп не себепті атағанын Айтқожин Сейтқайыр анық білмейді. Оның білетіні шебі шүйгін малға жұғымдылығы. Малды Жалпаксуга шығарғасын-ақ, малшының көніліне қуаныш ұялап, бір демделіп қалады. Сейтқайыр да сөйтті Масаты кілемдей құлпырған жасыл жерге аунай кетті. Жердің алпыс та-мыры ніп рахаттана тыныстап жатқан. Балғын көктің исі мұрын жарып тынысты кеңейте түседі. Жігіт көктемнің тұнық көк аспанына құмарланған қарайды.

Осыдан он бес жыл бұрын тұңғыш құрық ұстаганы есінде. Дәл бүгінгідей жаңбырдан соңғы бір күн еді. Совхоздағы белгілі малшы Сейтенов Байдолдың карамағына мал бағуға келді. Бәкең мына бір дөнесте аттан түсіп тұр екен. Сәлем берді.

Ал қадамың қайырлы болсын. Құрығын құтты болсын, шырак! — деді мұның бас аяғын шолып шығып. — Малшы болудың біраз мәні бар, ол құрық ұстап қоқандап шаба беру емес. Алдыңдағы малынан көз жазбай қарау. Қараудың да қарауы бар. Қарағанда дұрыс оттап, су ішті ме? Қесіліп жатып күйіс қайырды ма? Несі жетпейді, соны қадағалау керек. Бері кел, тақау отыр! Біздікі мал бордақылау совхозы екенін білесің. Малдың қонды болуы

үшін күресіп келеміз. Мал қон жинау үшін аузы бос болмау керек. Арасында күйіс қайыртып тыныктырып алған да дұрыс. Солай, шырағым, бабын тапсан, мал күйіз болмайды — деді.

Бәкеңен тәрбие алған Сейтқайырлар мал бағудың барлық сырларына қанып тәжірибелі азамат болып шықты. Өткен он бес жылда мемлекетке жүздеген тонна семіз ет өткізді. Малшиның қарапайым еңбегі халық байлығына қашалық үлес қосты десенші...

Жазық жайлымды жайсаң алқап қөлбеп жатыр. Терен сайлардан тал тоғайлардың төбесі қылтияды. Иірім сулы иен жасыл өнірдің сонау қырында алқа ернеуі мұнартады. Алыстан алып қыратқа ұқсап сұлап жатыр. Одан әрі қәдімгі егіс даласы. Ырыс дастарханына ұқсанған жазықта шашырай жайылған «Бұлакты» совхозының малдары. Баспақтар дөңеске бытырап кетіпті. Қебі жамбастап жатып күйіс қайыруда.

Сейтқайыр Айтқожин ықлас қоя шолып шықты да, қонышынан «Жұлдыздың» соңғы санын алып, парактай бастады. Повесті әрі қарай оқып кетті. Журнал қызығымен отырып уақыттың өткенін де аңғармапты. Баспақтар жатыр екен, түртіп тұрғызып жіберді. «Еріншектігіне не бересің бұлардың!»— деп күнкілдейді.

Екінді уақыты болыпты. Терістіктен ызғарлы жел бар. Құн салқындағы бастаған. Соңғы үш күнде жауған қара жаңбырдың ызғары арылар емес. Қөктем кезі осындағы аумалы-төкпелі. Қоркатын ештеңе жоқ, жана көріп жүр ме жаңбыр мен боранды. Салқын түсіп қарлы жаңбыр соқса да абыржитын жігіт Сейтқайыр ма? Мына жар астында жасыл талдар қоршаған саялы жер бар. Соңда салса қәдімгі кораға кіргендей баспақтардың тұмсығы тершіп маужырай бастайды.

Сейтқайыр тысқа шықса, көзге түртсе көргісіз қаранды екен. Қора жақтан аты оқыранды. Атты асықпай ертеп, айыл тартпасын мықтап тартып, қарғып мінді де, Жаллақсу қайдасын деп жортып кетті. Жер жағдайын білмеген адамға Есіл өлкесінде түнде жүру өте қауіпті. Қарақатынның тік жары атты адамды опат етеді. Ондай жар-жыралар өлкеде көп-ақ. Бірақ Сейтқайырлар көзде-рін жұмып алса да адасар ма. Жоқ, ол малды дәл тапты. Сай астынан Бекежанның иттері үріп шыға келді.

— Әу, амансың ба, бала?— деді дауыстап.

— Эй, аға-ай, келмей-ақ қойсаң да жарайтын еді ғой!— деді Бекежан аттың тізгінін үстап.

Бекежан Биқанов балаң малшы. Сегізжылдық мектепті бітірген соң малшылыққа келген. Бір сөзбен айтқанда тыңғылықты жас. Сөйтесе тұрса да Сейтқайырлар мына аласапыран түнде балаға сеніп үйде қайдан жатты. Бір кезде Байдол ағасы малшылыққа өзін қалай үйретсе Сейтқайыр да Бекежанды солай үйретіп баулып жүр. Айтқанды үғып мінсіз орындағаны үшін оны жақсы көреді. Бекежанның бал жүзіне қарап, өзінің сонау күндерін есіне алады. Бекежанга ұқсап алғаш малға келгеніне он бес жыл болыпты. Ол кезде осы совхоз шаңырак көтеріп жаткан. Қогамдық орындар, тұрғыш үйлер шеберханалар, мал қоралары дегендер атымен жок еді. Жалғыз көшелі Жаңа жол ауылның ескі үйлері тұра тын қалқайып. Откен он бес жылда совхоз өркендең байлығы арта түсті. Сол байлықты жасаушылар осы Сейтқайырлар емей кім. Сейтқайыр малды аралап көріп жүр. Мал әбден тойған тек тыныштық тілеп маужырап тұр.

— Ақсап жүрген қызыл қасқа торпак көрінбейді гой!— деп дауыстады ол қорым талдың арғы бетінен.

— Келген сияқты еді.

Сейтқайыр атына мініп жортып бара жатты.

— Қалай қалып қойды еken! — деді малшы бала өкініп.

Катты жел тогайдың ұлпа басын үрлеп желпінтіп тұр. Қарлы жаңбыр үйтқып соғады. Желдің екпіні сүмдүқ қатты еkenі азынаған үнінен белгілі. Бірақ жар асты жылы-ақ. Бекежан көңілсіз отыр. Аға жолдастары бұған жігіт деп емес, шикі өкпе бала деп қарайтын сияқты. Он жетіге келсе де «сенімсіз шалағай» болғанына өкінеді. Эйтпесе Сейтқайыр жаңбыр жауды деп жеті түнде жетіп келер ме еді. Оның үстіне мына бір қасқа торпағы түскір қалай ғана бөлініп қалды еken. Қалай ғана аңғармаған. Тал арасында жатып қалған ғой...

Ат дүбірі естілді. Қасқа торпакты айдал Сейтқайыр жетті.

— Мына дәңгелек қара судың жиегінде жатыр еken. Эйтеуір бейнетсіз тауып алдым. Жалғыз жарым малға ит күс өш келеді. Олай қалдырудың жөні жоқ. Малды жинағанда алдымен қасқа торпак сияқты ақсак-тоқсак шетке шығарларды түгендеп алу керек. Дені сау, күйлі мал қатардан қалмайды.

Осылай деп Сейтқайыр дағдысынша ақыл үйретіп алды да, атын талға байлап ықтасынға келді.

— Бекен тоңған шығарсың, келші, ыстық үрттатайын

өзіңе!— деді, бала жолдасын арқадан қағып. Екеуі термосты ортага ала отырысты. Жауын жауып тұр. Көп ұзамай таң атты. Баспақтар сайдан шығып Жалпаксудың белгілі жазына бытырай жайылды. Жел көк талдарды толассыз шайқайды. Қекшениң арасында бүрісіп отырған бозторғайлар қауырсындарын сілкіп аспанға көтерілді. Салқын желге төсін тосып сайрап-ақ кетті. Дала әуені дағдылы сарынға басты. Байырғы өлкे қуаныш құшағында Сейтқайыр мен Бекежанның атары жүре шалып келеді.

— Эне, Темеш те көрінді!— деді Сейтқайыр дауыстап. Ауыл жактан екпінде келе жатқан салт атты көрінді.

— Сабаз, атта тым қатты журеді-ау!— деді Сейтқайыр.

Темірхан Бейсекеев Сейтқайыр мен Бекежанның әріптесі. Осы жайылып жатқан 182 торпакты бірге бағысады. Бес алты жылдан бері ғана малшы. Бұрын қалада тұрган жігіт. Жаңа жолдың өз тумасы. Ол анадайдан сөйлеп келеді.

— Ағайындар-ау тоңған жоксындар ма? Шаршадыңдар ма? Енді үйге барып тынығып қайтындар!— деді, астындағы бауырынан жараган кер ат тыптырып тұр. Сейтқайыр оған жағдайды түсіндірді.

— Түн жаңбырлы болып, мал ықтасында тұрып қалды. Құн ашылды ғой, кең алақанға қаптата жаймасаң, тойына қоймас. Біз әр торпактың тәуліктік салмақ қосуын 550 грамм орнына 650 грамма жеткіземіз деп міндеттендік. Екі сөйлеуіміз үят шығар. Солай емес пе?— деп Бекежанға қарап еді бала жігіт үнсіз бас изеді.

— Қыста да 600 грамман салмақ қостық. Қектің көлемінде сертімізде тұрамыз ғой. Сөз барма оған!— деді Темірхан да.

Айтқожин Сейтқайыр мен Биқанов Бекежан ауылға бет алды. Тоғызыны бесжылдықтың соңғы жылының алар асуы жайлы екеуі де үнсіз тебірене ойлап келе жатты.

## ТРАКТОР ЖӨНДЕЛГЕНШЕ

Қыстың ұзақ түні үнсіз созыла түседі. Ай жамбас тұска барып тапжылмай қалыпты. Сап-сары реңсіз сәуле тылсым дала бетінде дірілдеп қалқып тұр. Жер де, аспан да бол-боз болып сазарып алыпты.

Аспан төрінде ұсақ жұлдыздар жылтырайды.

Коспан терезеден басын тартып алды. Қөнілті құлазып сала берді. Не деген таусылмас түн! Түшіркеніп үйктай алмағаннан болса керек ұзактығы жылға бергісіз болып көрінді. Құндізгі алуан ызың, темірдің зынылы, моторлардың дүрлі, сан алуан көріністер көз алдынан кетпеді. Тынығу орнына шаршап қалғандай. «Апырай адамның жарты ғұмыры үйқымен өтеді, ә? Жұмыс дегенің бастан асып жатады. Үйқы қөнілін қалдымаймыз. Мынау түнің тен жартысы дем алуға әбден жетіп жатыр-ау, қалған уақытын еңбекпен өткізе жұмыста карқын болар еді. Тан атса, күн батады. Шынжыр табанды бір тракторды күрделі жөндеуден өткізуге 9 күн керек болса, 7 күнде толық аяқтар едік. Болмашы бөлшекке бола айналып қалдық. Кол жеткен қымбат дүние болса екен. Коробканы жүріске қосатын жылжымалы айыршағы жоқтығынан тоқтап қалғаны ма барлығының?!»

— Жок, — деді Коспан — басқа бір жолын қарастыру керек. Әрине сөйтіу керек. Айыршаны жаңадан соғу мүмкін емес, себебі шойыннан құйылған. Рас-ау, оны басқаша жасауға да болады гой. Таптым, дәл солай ету керек! Солай — солай...

Коспан көрпесін серпіп тастанап, атып тұрды.

— Жаным-ау, саған не болған, жеті түнде қайда барасын, жата тұрсаішы! — деп еді келіншегі.

— Жо-жок, жата алмаймын тезірек тұрып шай қамда. Біз баптанғанша таң да белгі берер, тұр-тұр!

— Жұрт болса қалың үйқыда.

— Мен оянсам олар да жатпайды. Қазір бәрін де аяғынан тік тұрғызамын. Жылдай түнде тірі адамның, үйқысы қанбай ма! — деп Коспан шапшан киіне бастады. Жұзіне ыстық, қан ойнап шықты. Өнінде өзгеше шабыт бар. Етігін аяғына сұға салып, далаға шықты. Сықырлаған сары аяз бетін қарып барады. Ол атын суарып жем салды да, ауылдың көшесімен жүгіре жөнелді. Таңғы сұқытан бүктеле түсіп жатқан иттер шәуілдеп азан-қазан болды. Үйлердің терезелері жарқырап коя берді.

— Тұрындар, жұмысқа баратын уақыт болды. Тездете көріндер! — деген Коспаниң әбігер дауысы өр тұстан естілді.

Коспандар ат жеккенде айлы түн міз бақпай тұрған.

Ноябрьдің ақырғы күндері болса да жерде бір түйір қаржоқ. Арбаны жеңіл сүйреп қасқа ат жортып келеді. Жігіттер ықтап алыпты.

— Ойпыр-ай, желдің ызғары-ай. Өңменіңнен өтіп барады ғой! — деп бәкене жігіт Мұқыш Нашарбаев қымтана түседі. Батыр тұлғалы Қабдыраш Смағұлов жағасын бос тастап, ызырыққа қарап отыр. Ол совхоздың мандай алды механизаторларының бірі. Трактор жөндеудегі елеулі кедергі оны да алаң етулі еді. Көп үнсіздіктен кейін Қабаң бері бұрылды.

— Апырау, Қоспан-ау, қажет бөлшекті таба алмай сорламайық. Бүйте берсе тапсырма орындалмай үятқа батамыз ғой! — деді.

— Үндеме, Қаба, мен бір ақыл тауып келем,— деп Қоспан қара атты шыбықпен жанбасқа бір салды. Суыт жүріп совхоз орталығына тез жетті. Терезелері жарқырап тұрған шеберхана маңы тыныштық.

— Ерте келдіндер ғой, әлі ешкім де жоқ,— деп құзетші үйқылы ояу күнкілдеп есік ашты. Шеберхана іші жылы, төбеде күндізгідей жарық беретін көгілдір шамдар жаңып тұр.

— Мұнда күндіз ғой, жұмыс істей бермейтін не бар. Ұзақ түн зеріктіріп болды әбден. Қане еңбек күнін бірінші болып бастап жіберейік — деп Қоспан білектерін сыйбанды. Шығар қақпаның алдында үлкен «ДТ-54» карауытады. Жөнделіп болған, дап-дайын.

— Қане, жігіттер, жұрттан бұрын осыны тағы бір тексеріп алайық.

Мотор дүр ете түсті. Стрелкалар жоғарылап жылжып барады. Қырық тоғыз... елу екі... елу төрт... — Жетті, токтат! Мынасы несі қысымын өлшейтін аспаптың түтігі бос жатыр. Жалғамаған кайсысын? — деп Қоспан айғай салды. — Бұл барып тұрған жауапсыздық. Ешқашан келісуге болмайтын жарамсыз қылық!

Бригадир трактордың әр жерін мұқият қарай бастады. Әлі де ақауы бар. Кімді алдаймыз? Өзімізді өзіміз бе? — деп қазыла сөйлемеді.

— Кателік менде, кеше асырып жүріп ұмытып кетіп-пін — деп қызаректады тракторшы Мұқыш Нашарбаев.

— Жұрт жиналмай тұрып байқағанымыз жаксы болған, — деп бригадир таңдайын қакты. Жігіттер трактордың кемшіліктерін түзеп болғанда барып таң бозарды.

Күн шыға қызу еңбек басталды. Бөлімше механигі

Дубе Карл келді. Көп үйіктағаннан көздері ісініп кетіпти.

— Хал халай? — деді, ол қазақша.

— Оңбай жатыр.

— Неге?

— Неге екенін білмейсің бе? Бір бөлшектің ақауы салдарынан даяр тракторды бөтеп тұрмыз.

— Еш жерде табылмай койды-ау сол, — деп механик ауыр күрсінді.

— Мен бір ақыл таптым. Тозып жіңішкерген салаларды қызып тастап, орына сондай етіп жалғап, электрмен пісірсе, дәл жанадан кем болмайды, көрде тұр — деді Қоспан.

— Мынау табылған ақыл екен. Апыр-ау, біздің ойынызға орала да қоймапты. Жігітсіз, Қоспан! — деп механик қуандыңан айғайлап жіберді

— Бригадир ақаулы бөлшекті алып, ұста цехка қарай жүгіре жөнелді. Бас аяғы бірнеше минутта трактор женіл қозғалып шеберханадан шықты.

— Бәрекелде, мынау ешкімнің ойына түсे қоймайтын жаңалық болды фой, енді киналмаймыз! — деп қуанды шеберхана менгерушісі де.

Қоспан Мақанов — «Приишим» совхозы трактор бригадасының бригадирі. Жас жігіт. Жұрт айтса айтқандай техника үшін туған адам. Ол тракторшылық мамандыққа 15 жасында келді. Соғыстан кейінгі жүдеу жылдар болатын. Шот аяқ тракторлармен жер жыртты, тұқым септі. Құн сайын бұзылып қалатын ескі трактордың бейнетін бала Қоспан аз көрген жоқ. Тың көтеру науқанын қолынан өткізді. Осынау байтак егін даласында оның соқа сүйреп өтпеген жері жоқ шығар. Сонан бері бір ғана Қоспанның қолымен өндірілген астықты үйсе, тау тұрғызылар еді. Ие, ол сондай адам. Өзі ақ көніл, еңбекші жігіт. Бірнеше жыл бригадирге көмекші болып істеп еді. Жаңында опы бригадир етіп тағайындалды. Қоспан мандай терін сипап сызырып тасталды.

— Жанталасып жатырмыз, трактор жөндеудің графигін мерзімінен бұрын орындауга міндеттеме алып едік. Орында масақ ұяты өзімізге келеді. Хайрутдиновтың бригадасымен социалистік жарыска түсken едік. Бригадамызда 8 шынжыр табанды трактор, 4 «Беларусь» бар еді. Онбірі қатарга қойылды, біреуі қалды. Осы жұмада бәрін де қалайда сапқа тұрғызуымыз керек.

— Тіркемелер мен бұлықтар да жөндеуден өтті ме?

— Түгел жөнделді сакадай сай тұр, бәрі біздің жігіттердің арқасы ғой! — деп Коспан мактана сөйледі. — Мына Смағұлов Қабдраш, Қонақов Бейсекей, Жамыков Экім, Есентаев Ерсайындар трактор жөндеуге кіріскелі бір күн дамыл көрген жок. Партиямыздың «Шығынды аз жұмсақ, мол әрі сапалы өнім берейік» деген үндердің жауап беру жолында біздің жігіттер де өз үлестерін қосуда. Жаңалық, ұсыныстар енгізуден 2500 сомдай қаржат үнемdedік... Ау, жігіттер-ау, не тұрыс бар соңғы тракторды келтірсөндөрші!..

Шаң басқан «ДТ-54» шеберхана қақпасына жылжып кірді. Қүнге шағылысып жалтыраған шынжыр табандары салдырлап болат жолдың шетіне жақындал тоқтады.

Бұл тракторлармен бригададағы ең карт тракторшы Жамыков Экім өткен жылы 1370 гектар жер өндеген еді. Тың көтеру кезінде келген, әбден тозса да Экім өзінің кәрі жолдасын қатардан шыгаруга көзі қимайды.

— Тағы бір жыл істеп көрейін! — деп өтініп, күрделі жөндеуге кіргізіп тұрған беті. Экім трактордың радиаторынан сипап:

— Біз әлі еңбек ете береміз, картым, — деп күңкілдеп сөйлеп жүр.

— Қане, «шешіндіре» бастайык!

Трактордың әуелі жанар май құйылатын багін, сонаң соң кабинасын, радиаторын, моторын алуға көп уақыт кеткен жок. Әр бөлшек әр цехка апарылып күрделі жөндеу басталды. Экімнің «карт» серігі ілгері жылжыды. Жылжыған сайын жаңа бөлшектер салынып, жаңарып, жасара берді.

Бригадир Маканов Коспанның соңғы тракторы жөндеуден шығып барады. Міне, енді совхоз механизаторлары көктемгі дала жұмыстарына сакадай сайланулы деуге болады. Сонымен Коспан тогызыныш бесжылдықтың тағы бір жылын қарқынды еңбекпен бастады.

## БІР ТҰП БИДАЙ

Күн аспан шаңырагына ілініп қалғаңдай тапжылмай тұр. Ертемен тракторға отырған Бейсекей Әбілдин әлі тоқтаған емес. Қоз алдында мұнарларды сары дала көлбеп жатыр. Әр жерде «Беларусьтер» көрінеді. Айналаның бәрі алтынга малғаңдай көз тартады. Қайың жапырактары да сарғайыпты.

— Дарқан даланы бір сілкіндіріп аударып салған

мырза күз ғой — бұл, — деп Бейсекей жан-жагына қызыға қарайды.

Аңыз ортасына жеткенде ол тракторды кілт тоқтатты да кабинадан қарғып түсті. Трактордың алдында ауыр бастиарын жемен ырғап бір түп бидай масағы тұрды. Тракторшы оны еппен жұлып алды. Басқадан еш айырмасы жоқ қадімгі тұлқі мұрт қызыл бидай, қауыздарын ашқан, толыса түскен бадана дәні бар. Жігіт масақты аударыстырып көрді де, кеудесіне қыса ұстап кабинаға қарғып мінді. Сонан соң оны терезеге қыстырып қойды.

Трактор ілгері жүрді, бидай масақтары тынымсыз селкілден билеп тұр. Табан асты етпей қастерлеп көтеріп алған адам қамқорлығына шат болғандай. Осынау күрен масақ ұмыт болған балалық шағын жігіттің есіне салды.

...Софыс кезі болатын. Балаларға еріп масақ теруге егін жайға бұл да барып жүрді. Тым кішкентай әлсіз бала еді. Аңыздан тапқан масақты алтындаі ардактауды сол жылдар үйретті. Кешке кенеп дорба аркалап ауылға оралған балалардың терген дәнін қабылдап тұрып:

— Бес пүт дән жинақсындар. Бұл — жауға атар бес бомбамен бірдей, раҳмет, балақайлар, — дейтін бригадир қуанып. Қысылаң заманда куатты қару болған жалғыз масақ бұл күнде аңыз бетінде неге қалады. Диқан жігіт осыған намыстанады. Егінші еңбегін құрметтемеушілерге наразы. Адамның мандай терінсіз жалғыз дән де өспейді. Адамды құрметтесек, еккен дәнді де ардактау керек емес пе?

Бейсекей диқаншы болғанына мақтанады. Тегінде сол үшін жаратылған адам сияқты. Бала құннен бері техникаға деген құштарлығы бар-ды. Құлағында тынымсыз ызындаپ мотор үні тұратын. Мотор үні оны ерлік істерге шақырып, келер күндерге талпындыратын. Зябъ көтеру науқанының қызған шағы еді. Бір күні жалпақ жонның үстінде шеру тартқан көп тракторларға тақау келіп, қызыға қарап тұрды. Шұбатынан қызыл соқаларын сүйреп өтіп жатыр. Жарқырауық түрендер арасынан шоршып шығып шалқалап түскен ақ бауыр шымдарға қарап сүйсінеді. Экесі Әбділдәнін жалғыз тілді соқамен тын жыртқаны есіне түсті. Арық өгіздерді зорықтырып, өзі де шалдығып жер жыртатын. Кешкіліктे қолдырап қалған табанын үқалап отырып:

— Балам, жерден азық алу зор бейнет екенін көремісің? — деген. Эке жүзінен мұң емес, қайта өршіл жігерді аңғарған. Экесі Қалижар майданда қаза тапты, жетім-

дік көріп ерте ер жеткен пысық бала, еңбекшіл бала атанған Бейсекейді тракторшы Қақбай да ұнатқан еді.

— Алдымен тіркеуші бол, сонан соң өзіме көмекшілікке алам, біртіндеп үйреніп кетерсін, — деді Қақбай. Бейсекей сол күннен бастап мотор гүрлін шешесі Шемшияның әлдиіндегі көріп туысып кетті. Жалғыздықта ой деген адамның қанатты серігі емес пе, уақыттың қалай өткенін де байқамапты. Қозіне үйқы тығылып қайта-қайта есіней берді. Күн де кешкірген еken. — Апырай бүгін кезекші берсе жарап еді, — деп орнынан қозгалып отырды. Қызыарған қөздерін үқалап қояды. Жігіттің жас жүзіне күйемен сызғандай жіңішке қара мұрт пен сақал тебендеп қалыпты. Кескіні қуан, ерні кезерінкі. Ара-тұра тракторды тоқтатып жыртудың терендігін тексеріп қарғаны болмаса, рульден қол жазбайды. Күн кешкірген сайын басы ауырлап, көздері жұмыла береді. Қолдары да тұтқалардан тайып кетеді. Егістік бетіндегі, құлаш жайған мақпал жыртындыға қарап құлтімсірейді. Алдында тынымсыз шайқалақтап бір тұп бидай тұр. Осы қызыл масақтар қаптап, қабындал дағы үстінде үнсіз толқып тұра қалғандай болады.

Бейсекей бригада басына жүрттан соң оралды. Тракторшылар кезек ауыстырып, алды тұнгі жұмысқа шығып кеткен. Мотордың соңғы айналымы тырсылдаپ барып тынды. Ызыңы құлағында қалып қойды. Жерге түскенде сәл толқып кетті. Онысын білдірмес үшін қабина жақтауынан үстады.

— Эбілдин Бейсекей күн тәуліктे 25 гектар зябъ жыртты. Бұл — осы Сергеев ауданы «Приишим» совхозындағы ең жоғары көрсеткіш деп хабарлады бригада есепшісі. Бригадир Каби Нұрмұқанов жас жігітті құшақтап, арқасынан қақты.

— Шаршадың ғой бауырым, бүгін жатып тынығып алшы, — деді.

— Кезекші бар ма?

— Болмай тұр, тракторшылар жетіспейді. Бар ҳалықты егін орагына жұмылдырып жатырмыз. Оның үстінен сабан үю, оны қыстауға тасу бар,— деді қынжыла сөйлемеп.— Амал жок, тұнде тоқтатып қоясың.

Бейсекей үндемеді, тракторын күтіп-баптап күйбендең жүрді. Бар тетікті қөзден өткізіп майлап болған соң қосқа келіп тамактануға отырды. Ыстық ішкен соң үйқысы келді.

Дала керемет қараңғы еken. Аспанды бұлт құрсаулап

алыпты, аздап жауын бүркіп тұр. Бейсекей қарауытқан өз тракторының жанына барды. Моторы сун бастапты. Қос басында тұнгі тыныштық, жауын тырс-тырс тамады. Несер жауа ма қалай, тракторды текке тұргызып қойғанға жаны күйзеледі. Қазіргі зябті енді бір айдан соң жыртқан бірдей бола ма, ерте жыртқаннан артық өнім алышатыны кімге болсын анық емес пе?

Ол күрсінді. Шекесін қолымен басып аз тұрды. Аспан күмбезін қыдыра бір шолып шықты да, моторга шапшаң от алғызды. Трактор жүлкүп ала жөнелді де, бар жарығын самсатып азыз шетінен түсе қалды. Тамактаған соң жігіт әлденіп алышты. Трактор макпал қара тұн құшағына кіре берді. Бейсекей өзін сергек ұстауға тырысады. Қөнілін сергіту үшін ән салған болады. Басы зілдей шекесі солқылдан отыр. Кірпіктері бір біріне жұғыса береді. Осы үйкі деген пәле қайдан келді екен, — деп күнкілдейді.

Тұн ортасы ауғанда жауын күшейіп кетті. Трактор тайғанақтап күш ала алмай келеді. Басқалар да қос басына қарай ілбіп барады. — Бес гектардай жер жырттым білем, уақыт болса босқа өтпеді әйтеуір, — деп Бейсекей шырт түкіріп тастанады. Енді жауын ашилғанша алаңсыз дем алуға болар.

Ол осы ойға келгенде зорға тежеп отырган қалың үйкі басып, көздері еркінен тыс жұмыла берді. Мына қалыпта қосқа жету де киын еді. Бірақ оқыс көрініс үйкесін шайдай ашты. Трактор жарығына әлде не ағараңдай қалды. Жауын шелектеп күйіп тұрған. Қөйлекшеш адам тракторға қарай жүгіріп келеді. Жалаңбас жігітті көріп, кілт тоқтады. Бейтаныс адам бірдеме айтпақ болып еді, ішке кір деп Бейсекей есікті аша берді. Орыс жігіті екен, суға сұнгіп шыққандай болыпты. Жылы қабинанын ішіне кірсе де қалш-қалш етеді, аузы сөйлеуге келмейді.

— «Украин» совхозынанмын, шофермін. Мына сайдагы көлде машинам батып тұр. Өкпе тұстан көрінген жарыққа жүгіріп жеткенім еді. Машинамды шығарып бермес пе екенсін? Устінде қофам мұлкі бар еді.

Бейсекей сөз айтқан жок. Соқаны сол жерге ағытып, трактордың бар жүрісімен ұшырта жөнелді.

Машина екі-үш шақырым шамасындағы шөпті көл Тайлактың жиегінде отырыпты. Артқы доңғалақтар көрінбейді. Шығарам деп қозғаған сайын миға бата берген екен. Машинаны қырға сүйреп салып қош айтысқанда, риза болып қуанған шофер ақша ұсынып еді, Бейсекей:

— Жо-жоқ, атама, о не қылғаның! — деп асығыс жүріп кетті. Шофер жігіт артынаң қарап рахаттана құлш тұр, «рахмет сізге!» — деп айқайлайды.

— Жүрек түбінен шыққан осынау қымбат сөз бен қуанышты құлкіні алтынға айырбастар ма адам, — деп Бейсекей құңқілдеп сөйлеп келеді.

Міне, қосқа да жетті. Тракторлар нөсер астында қатарға тізіліп «ықтап» тұр. Адамдар әлдеқашан үйіктаған. Қузетші қарт қана ояу. Бейсекей моторын сөндірген бетте кабина ішіне қисая берді. Мандаіы білегіне тиғенде көзі үйкіга кетті. — «Иә, енді екі жұз елу гектардай», деп үйкісырап сөйлем жатыр. Онысы «ДТ-54» тракторымен 500 гектар зябъ жырту міндеттемесінің қалғаны еді.

## ОРДЕНДІ ЖІГІТ

Қайыржан дәү пештің қып-қызыл көмейін ұзын көсеуден көсін-көсіп жіберді де балқып жанған көмір шоғына қарап ұзақ отырды. Кочегарка іші жылы. Жылылық көрсету стрелкасы біртіндеп жоғарылай берді. Жоғарылаған сайын жігіттің көңілі жай тауып отыр. Өйткені сыртта сүмдық аяз болса да Қайыржанның қолымен барлық мал қоралары, төл үйлері, тұрғын үйлер жылып тұр.

— Осы совхозда сен іstemеген жұмыс қалмасын, әй-тейір деп келіншегі Қағида құледі. Онысы орынды да. Тын совхозына келген оншақты жыл ішінде механизатор Қайыржан Малдыбаевтың атқармаған жұмысы жоқ. Асылы Қайыржанға жұмыс біткеннің жаттығы болмаса керек. Колынан келмейтін іс бар ма. Трактор біткеннің тетігі қолында. Комбайнды үршықша үйреді. Автомашинаңды да заулата алады. Малшылық болса ата кәсібі. Құсті алақаны тиғен жұмыс жанданып жүре береді.

Күзде комбайнды тапсырып келіп тыныгуға мүмкіндік алған еді. Өз совхозының егінін жинап болып одан көрші ауданға көмекке барып, кештетіп оралған. Бірнеше күн үйкі-күлкі көрмей үсті бастары кірлеп, жұдеп қайтқан беті. Бөлімше бастығы Закалюк келді. Құшактап амандастып жатыр.

— Аман келдіңдер ме? Жұдеп қалған жоқсындар ма? — деп сұрақты жаудырып жатыр. Амандық-саулықты айтысып болған соң бастық нақты іске көшті.

— Ал, Қайыржан, сенің келуінді асыға тосып едік. Мына котельныйға сенімді адам керек болып тұр. Жүрт-

тың жылу алар жері. Білемісін өткен қыста батареяларды қатырып алғып, азапқа түскенімізді. Осыны саған тапсырмасақ болар емес, — деп Закалюк шашандатып айтып шықты.

— Феодос Алексеевич-ау, менің бұрын істемеген жұмысым фой. Қөрмеген жердің ойы-шұқыры бар деген қайдада? — деп еді. Бастық Қайыржанды арқадан қағып:

— Сенің қолыңнан келмейтін іс жоқ — деді.

Сонымен комбайнер Қайыржан кочегар Қайыржан болып шыға келді. Өзіне салса жылдағыдай мал борда-қылай бастамақ еді.

Қайыржан отқа қарап өткен-кеткенді ойлаап отыр. Ой дегенің жалғаса берді. Ол әке қөрмей өсті. Қайыржан туған кезде әкесі майданда еді. Жас әке нәрестесінің маңдайынан искеген де жоқ. Ұрыста қаза болды. Шешесі де өлді. Ағасы Қақбай екеуі Мөржан әжейдің бауырында өсті. Әжей екі немересін бірін арқалап бірін жетектеп колхозда еңбек етті. Соғыс жылдарының ауыр кездерін арпалыс пен өткізді. Әжей қажырлы еңбеккер адам болатын. Немерелерін де еңбек сүйгіштікке баулыды.

Қайыржан еңбек жолын тракторға тіркеуші болудан бастады. Жұруінен тұруы көп ескі трактордың тәнірегінде Әкім ағасы екеуі құндерін өткізетін. Содан тракторшы болды. Ескі трактордың қисаңдаған орындығына алғаш отырғанда техника біткеннің тілін біліп үлгергендей қуанып еді. Ештеге тындыра алмады. Қайыржан өмірінің жаңа бір қызықты кезеңі — тың көтеру басталды. Егін даласына жаңа «ДТ» лар келді. Талапкер жасқа сенім артып біреуін бұған берді. Жас жігіт тәуліктеп жұмыс істеді. Бала кезінде әжесі арық өгізben ұзақ күнде жарты гектар жырта алмайтын қатігез даланың мақпал топырағын техника күші төңкөріп тастай берді. Кейін алыстағы осы ауданға, Тимирязевке келді. Шетсіз-шексіз кең далага қарап тұрып қатты таңданған еді. Мына сары жазықта құлашын кең жайып, еңбек ету зор ғанибет қөрінген.

Дала, дала. Көз тоқтатар бір бұлдыр жоқ, иені жазық. Трактор маңдайын күнге беріп тартып келеді. Қектем күні маужырап тұр. Бозторғайлар шырылдайды. Да-ланың байырғы қожасы сары сұырлар іннен тұмсығын көрсетеді. Алыста сағымды көк жиекте киіктер бұлдырап қөрінеді. Он бес, сегіз шақырымдық аңыз шетіне жете қою онай емес. Қайыржанға байлық мекені кең аймақ алғашқы күні-ақ ұнап еді. Содан бері осы құтты жерге маңдай терін төгіп келеді. Содан бері Қайыржан қолы-

мен өндірілген егінді бір жерге үйсе тау тұрғызылар еді. Осынау жапан түзде Қайыржан соқа сүйреп өтпеген жер аз шығар. Ақсұат, Сұлы, Наролген сияқты құс қанаты талған байтақ кең дала бұл күнде совхоз орталықтары бөлімшелері әдемі құрылыш, әсем, сәнді қалың ел мекені.

Бұл жер Қайыржан сияқты еңбек адамдарының қолымен қайта түлеп, адам айтқысыз жаңарып шықкан. Құба топырақты құнарлы егістіктің әр гектарына соңғы бес жыл бойы орта есеппен 16-18 центнерден бидай өндіріліпті.

Әсіресе, осы Тимирязев атындағы совхоздың бірінші бөлімшесінде тоғызыныш бесжылдықтың өткен үш жылында орта есеппен 18 центнерден өнім жиналған. Қайыржан көктем егісінен соң пішен науқанына кірісп кетті. Күн қактаған далада жаз бойы дамыл көрген жоқ. Бөлімшеде шөп жинауға арналып қайтадан жасалған «СК-3» комбайнды бар. Осы комбайнды жүргізетін Қайыржан. Комбайн жинайды, көпенелейді, жерден жинап арбаға артып жөнелте береді. Күніне 300 центнерге дейін шөп жинай алады. Осынша шөпті қолымен жинап арту үшін ондаған адамның мандай тері төгілер еді.

— Жұмысым алға басса әлдене түсем! — дейді ол әзілшыны аралас. Қайыржан комбайнмен жаз бойы 12 мың центнердей шөп жинапты.

Құз тақалып дала үстімен тырналар тыраулап үша бастағанда Қайыржан шөп комбайнның сүртіп қатарға қойды да, егін комбайнның отырды. Жұмыстың көкесі сонда басталды. Егін орағына кірісу салтанатты жағдайда өтеді. Сап түзеген комбайндар тізбегінің алдында Қайыржан. Ол байтақ бидай мүқитына жол салуға тиісті. Өйткені Қайыржан совхоздағы мандай алды комбайнши. Жолбарыстың жолағында болып алғашқы дестерлер түсे бастайды. Егістік үстінде бидайдың сұрғылт шаны үйіріліп тұрады. Даланы ондаған моторлар дүр сілкіндіреді. Машиналар қарбаласы деп осыны айтыңыз. Бірі келіп бірі кетіп сапырылышқан техникалар тасқыны дәнді қырманга тынымсыз әкетіп жатады. Есілдің көктемгі адудың тасқынындай.

Мұндай кезде Қайыржандарда үйқы-құлкі қайдан болсын. Күн тәуілігінде үш-төрт сағат қана тыныстайды. Сонын өзінде бір сағаты техниканы күтіп баптауға кете-ді. Өйтпесе машина жүрмейді. Қайыржан техниканың пайдалану мерзімін ұзарту үшін қүреседі. Басқалардай жаңа трактор, не жаңа комбайнға ұмтылмайды. Өзіне

бекітіліп берілгенді тиімді пайдалануға тырысады. Құзде он мың центнер бидай бастырган «СК-4» комбайны Қайыржан қолында бесінші маусымды аяқтады. Алғашқы екі жылда жөндеуге күрделі қаржы жұмсалған жоқ. Бұл өнімнің өзіндік құнын арзандата түседі. Әріпtesі жас жігіт Айтқұлов Айманда егін жинаудың сырына қанығып, маманданып алды. Қайыржан өзінен кейінгілерге іс тәжірибесін талмай үйретіп келеді.

Ойға ой жалғаса берді. Есіктен бір құшақ буды ертіп Қайырбек кірді де:

— Түү, мұнда қайнап түр екен ғой! — деп орындық-ка отыра кетті. — Түн өте сұық. Аяз дегенің отыз градустың үстінде шығар.

— Қоралар жылы ма?

— Жылы болғанда қандай!

Қайырбек Бәйімбетов Қайыржанның ауылдас ағасы. Екеуі тыңға бірге келген. Бір бөлімшеде жұмыс істейді. Малда істейді. Малда тұнгі күзетші. Балалы-шагалы жасамыс адам. Ол мүйіз шақшасын өкшесіне қақты да, қара насыбайды шымшып алып, ерніне қыстыра салды.

— Інім, бір қуанышты хабар естіп келдім. Саған награда бар. Награда болғанда бір мықтысы көрінеді, — деді, шырт-шырт түкіріп. Қайыржан күлді.

— Ондайлық не тындырыптың бекер шығар!

— Рас деймін. Рабочком балдызым айтты.

Қайыржан отқа қарап темекесін тутіндеп отыр. Сенерін де сенбесін де білмейді. — Таң жақын екен дән жарғышты жүргізейін, ертемен малга жем керек қой! — деп орнынан тұрды.

— Дәнді сен жарасын ба?

— Енді қайтесін, істе деген соц... — деп жігіт тыска беттеді.

Қөрші сарайдан дән жарғыштың моторы гүрілдеп қоя берді.

— Эй, енбегің адал ғой, бауырым! — деді, Қайырбек сүйсініп.

Тимирязевский совхозының комбайнері Малдыбаев Қайыржанға жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін «Енбек Қызыл Ту» ордені тапсырылды.

— Бұл награда маған артылған үлкен сенім. Отанымның маған деген зор сенімін ақтауға әрқашан да тырысып бағамын, — деді Қайыржан орденді алып тұрып. Ол өзінің осы қарапайым уәдесін қапысыз орындаітын жігіт.

## ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК

Торанғұлдың жағасында түрмиз. Алдымызда көкпен астасқан кең айдын, әсем айна көл. Түбіне тастаған бақыр көрінетін таза судың бетінде толқын жоқ, тұнып қалған. Алыста көк жиекте бұлдырап арғы бет мұнартады. Көл үстінде сұйық сағым жөңкіді. Балықшылардың бірнеше қалтылдақ қайықтары жүзіп жүр. Құміс қанат шағалалар қиқулайды.

Жағаны айналып «Новопокровка» совхозының орталығы көсіліп жатыр. Қала бейнелі үлкен село — ірі шаруашылық орталығы. Совхоз директоры бәкене бойлы жігіт Николай Николаевич Петров бізге ел жайын, жер жайын қысқаша айтып берді.

— Бұл көл Бөрілі Торанғұл деп аталады. Алысырақта Жалаңаш Торанғұл деген екінші көл бар. Арасы алшак болғанмен біріне-бірі ұқсас егіз секілді. Екеуі кең даланың жарқыраган кос жанары іспетті. Тың көтеруге дейін шаруасы әлсіз колхоздардың бірі едік. Қазір 30 мың гектардан артық егістік жеріміз бар. Совхоз бүтіндегі өзгерді. Мына өздерініз көріп тұрған әсем село осы он жылда жақсарып қанат жайды. Ал Ақсұдың бүгінгі келбетін бара көресіндер. Ол туралы жалғыз ауыз да сөз айтпаймын, — деп директор қулана құлді.

Машина Торанғұлды артқа тастап ұзап кеткенше директор Петровтың әлгі сөзі құлагыымда тұрды. Ақсу мен олардың адамдарын көруге асыгулымын. Жол биік егіннің арасын бойлап келеді. Жап-жасыл болып мұлгіген қайың шоқтары бірінен соң бірі қалып барады. Ала-қандай ашық жер болсайшы, бәрі егін. Егін болғанда наар қамыстай бойшаң бидай мұртты масақтарын ауырлап, ніліп түр. Қарсымыздан өткінші жауын құйып кетті. Көп ұзамай орман арасынан үйлер ағарандады.

— Ақсу осы, — деп, шофер күнк ете түсті.

Ауыл қалың орман ортасында екен. Бұл жерде күн күлімдей қарап маужыратып түр. Әлгі нөсерлі бұлттар көк жиекке қарай алыстай түскен. Сол жақтан нажағай оты жылт ете қалады. Сымға тартқандай тұзу кең көшелер созылып жатыр. Біріне бірі ұқсас стандартты ақ үйлер сап түзепті, біріне ат басын тіредік.

— Атым Нұржан, фамилиям Бөгембаев, мұғаліммін, — деп таныстырыды үй несі.

Нұржан қырықтың қырына шыққан бурыл шашты көп ұстаздардың бірі екен. Жатсынбай қарсы алды.

Жұбайы Бағыш та қонақжайлыштың көрсөтті. Жақындаған пайдалануға берілген үйдің сәнді бөлмелерінде отырмыз. Нұржан мұғалім бізге ауыл жайын әңгімелеп берді.

— Ақсуда тұрғаным ашқылдан асып барады. Алғаш келгенімде бұл ауыл жүдеу кескінсіз еді. Жалғыз бастаушы мектептен басқа клуб, кітапхана тағы басқа мәдени орталық жоқ, шатырсыз тоқал тамдар көп болатын. Келген бетте маган да сол тамдардың біреуі тиңді. Сиықсыз баспанада көп жылдар тұрдым. Совхоз басшылары жаңа салынған үйлерден пәтер беріп еді, үйге мұқтаждар көп болған соң жұрттан бөтен алуды ұят көрдім. Асықпаған арбамен қоянға жетеді деген емес пе, міне, біз де жақсы жаїға көшіп қондық. Осы көше түгел жаңа қоныстанушылар, әр үлттың адамдары бар, тату-тәтті көршілеріміз,— деп Нұржан шадыман қалыпта көтеріле сөйлемді. — Ауыл мәдениеті де өсіп келеді. Ауыл тұрғындары үйді қорадаң бөлек салып, маңайды көң-қоңырдан таза ұстаяу, үй күтімін бүтіндей қала тәртібіне көшіру, күнделік тұрмыста тазалық пен жарасымдылық-ка талпыну, ауланы көгалдандыру, гүл егу сияқты аса маңызды шараларды жүзеге асыруға мұғалімдер болып ат салысамыз. Бұл жұмыста сегіз жылдық мектептің директоры Қәләу Тайжановтың үлесі де көп-ақ...

Әңгімені осымен доғарып тыска шықтық. Кешкі ауыл шуылы дабырлы екен. Өрістен қайткан бір табын мал көшеге шаңдатып кіріп келеді. Жұғіріскен, айқайласқан балалар мен әйелдердің қат-қабат дауыстары естіледі. Көше бойы көгал, карттар дем алып, екеу-екеу сұхбатта-сып отыр. Радиода ән сазы естіледі. Ауыл кеші әдемі де, көnlілді де. Орман жақтан жапырактың ісі келеді. Салынып самал бар.

Ақсақалдармен сәлемдестік. Қапсағай денелі, бурылсақал мығым карт.

— Бәйсейітов Тайлақ деген шалмын. Ал мынау ақсақал Құсайынов Сагди деген кісі,— деді.

Тайлақ отағасы ұзак жылдардан бері шопан екен. Пенсионер болса да өзінің сүйген ісінен кол үзбепті. Жарты өмірін осы бір шіглікті мамандыққа арнаған Тай-екен бұл жұмысты қалдырып кетуге кимайтынын айтты.

— Ұзак жастың арты бір өлім дегендей, жас болса келіп қалды. Ендігі мақсат — сүйген ісімді сенімді қолға тапсырсам деймін. Ол үшін Раҳышов Мәжікен деген жігітті шопандыққа қойып, өзім көмекші болып жүрмін.

Биыл әр 100 сұлықтан 105 қозы алдык. Қыс қатты, жемшөп аз болса да малымыз күйсіз шықпады. Қыспен жаудай жағаластық. Жасым жетпістен асса да мұндайды сирек кездестірген сияқтымын. Қедімгі жұт қоян жылығой. Бұрынғы заман болса жүген үстап қалатын қандықыс. Абырой болып малды аман сақтадық, әйтеуір.

Карт айттар сөзін ұмытқандай сәл ойланды.

— Төлді кем алған себебімізді сұраған екенсіңдер гой. Оның басты себебі саулықтарды іріктей білмеуімізде. Қой тұқымын асылдандыруға әлі жетісе алмай жатырмыз. Бізде бір отарда жартылай қылышқа жүнді кәрі саулықтар 170 басқа жуық, көбінде тіс жоқ. Төл бермек түгіл қыста жанын зорға сақтап шықты. Осы саулықтарды түгелдей етке өткізу керек деп мал мамандарына әлде неше айтып, тіл алғыза алмадық.

Тайекең таяғының ұшымен жер шұқып, тынып қалды. Аулада тораңғылардың әсем жапырактары сылдыр қағады. Сөзге Сағди аксақал араласты.

— Малды баққан соң өнімін алып, игілігін көру керек қой. Ағаш ектім. Осы ағаштар артық бүршік жарса, куаныш көремін, — деп бір қозғалып отырды.

— Ағаш еккеніңзеге көп болды ма?

— Онша көп емес, пенсияға шыққан соң ғана.

— Ертерек неге ойланбадыңыз?

Сәкең күлімсіреді.

— Ертерек еңбектен қол босамады, босаған күнде құннтамадық. Қарап отырсам, жасыл дүние жан ракаты деген рас. Бұл сәбиден сақалдыға дейін жұмыла ат салысатын игілік көрінеді. Жас кезімде қолға алсам бұл күнде кара орман тұрғызыбас па едім, уақыт зая кетіпті. Бей-камдық деген жаман ғой. Енді ауылдастарыма күн-күн айтып:

— О, жарандар, ағаш егіндер, ауланды көгертіңдер, — деп қолқалаймын. Қебінің ағаш отырғызулатына өзім бас-көз болып жүрмін. Қәшесінде жасыл желек көбейіп қалды. Анау зоотехник Қабдраш Қожақметов, жұмысшы Қайыркен Қанафиндердің аулалары көз тарташып-ақ тұрғап жоқ па?

— Рас, — деп сүйсіне қарадық біз.

Қөшемен аяңдап келеміз. Электрдің ак нұры қүйылып тұр. Музыка үні, жастардың куанышты құлқісі естіледі.

— Шіркін, ауыл кеші, әйбетсің-ау! — дейді Нұржан. Менің ойымнан Сағди аксақалдың әлгі бір адап ниетімен

айткан жақсы тілектері кетпейді. Осылардай абзал карттарды жолыктырсаң бір жасап қалғандай боламын.

Біз Ақбаевтарды жақында озат малшылардың аудандық слетінде көргенбіз, сырттай таныстырымыз барды. Аудандық мәдениет үйі лық толған адам. Төрде ұлы Лениннің суреті, онан берірек «Озат малшыларға сәлем!» деген жазу залдағыларға үнсіз қошамет көрсетіп тұрғандай. Ерлі-зайыпты Ақбаевтар бірінен соң бірі шығып сөйледі.

— Бізге берілген бағалы сыйлық бүкіл Аксу малшыларына көрсеткең құрмет деп білеміз. Алдағы күнде біз бұл сенімді қалай да актауға тырысамыз...

Құдыш соңғы он шакты жылдан бері совхоздың сауын сиырларын багып келеді. Көпен болса сауыншы. Екеуде қырықтың қырына шыккан кемелденген адамдар. Құдыш бұрын әр түрлі жұмыстарда жүрген қатардағы еңбеккерлердің бірі болатын. Екі колдың күші келетін жұмыстың бәрін аткарады. Ауылда ол істемеген жұмыс жок. Кейін бәрінен артық көріп ықылас қойған ісі — малшылық. Малшылардың аға буыны Әлімжанов Жұмағұл мен Божықанов Раҳия ақсақалдар. Жастары сексенге тақалса да, әлі шымыр, ширак кимылды адамдар.

— Кәріліктің салқынын сезсек те бейнетін көргеміз жок. Себебі кен далада мал жаю деген үлкен ракат кой. Денге саулық, дертке шипа далапың бал ауасымен еркін тыныстау — күшке күш қосады, — деп қариялар мактанашибен айтты.

Пенсияға ертеде шықса да сүйген ісінен кол жазбай келе жатқан карт тарландардың еңбегі өзгеше. Олардың алдынан жүздеген мал күтіліп етке тапсырылды. Мындаған килограмм сүт пен май өндірілді. Табындалған төл алынды. Қариялар жастарға ақыл-кенес айтып, үйретуден жалықпайды. Ал, Көпен болса бүкіл ауданға аты әйгілі озат сауыншы, сонымен бірге ана. Откен мәслихатта ерлі-зайыпты Ақбаевтар сүт өндіруде үздік жетістіктерге жеткені үшін жұртшылық құрметіне бөленді.

Біз Құдыштардың үйінде отырмыз. Жасаулы бөлмелерде тазалық пен тәртіп бар, жарастық бар. Таннан сауынға кетіп, әлгінде оралған Көпен шаруасын жайғастырып та үлгерген. Құдыш кішкене Ерғазыны алдына алып отыр.

— Менде ұзак тарих жок, откен күндерімнің бәрі еңбекпен байланысты. Малды конды, өнімді етуден артық мақсатым болған жоқ. Ерте тұрып, кеш жатамыз. Қыс-

тың аязына қарылып, жаздың атабына күйсек те Қөпен екеуіміз қабак шытпаймыз, қайта талаптана түсеміз. Еңбек ету деген зор бақыт қой. Бізді келер күндер қызықтырады. Соған неғұрлым тез жетсек екен дейміз,— деп Құдыш актарыла сыр шертті.

## АИНАЛАЙЫН, СЕРЕЖА

...Сөйтіп барлаудан қайтып келеміз. Ең жаманы құр қол қайттық. Өкініштісі, жау алдында икемсіздігімізді танытып алдық. Күзетшіні бас салып байланып, сүйрәй жәнелгенімізде, оқ жауып кетті. Олжамыз қапылыста оқка үшты. Біздің бір жауынгер жараланды. Несін айтасын, сәтсіздік деген осындай-ақ болар.

Құн шығып келеді. Сәулесі қан араласқан судың түсіне ұқсас. Қарі шыршалардың бүйра бастары қаңға малып алғандай. Орман әбден жарық болды. Әлде қайдан бұл-бул әуені естіледі. Үнінде көнілсіздік пен шер бар.

Сақтана басып алаңға шыққанымызда өліктерге кездестік. Бәрі әйелдер. Санырауқұлақ терген қорзинкалар, сусын құйған шишелар, майда заттар шашылып қалыпты. Қәдімгі деревня әйелдері. Қейбіреуі қырынан, кейбіреуі бүк түсіп жатыр. Шалқасынан жығылған жастау әйелдің көзін құзғын шұқып тастапты. Қанды тырнақтардың жап-жаңа ізі көрінеді. Немістер партизандарға кетіп барады деп күдіктеніп, атып кетсе керек. Әлгі жастау әйелдің қолтығына тығылған алты-жеті жасар баланың жүзінде тіршілік белгісі бар. Үрсиған қабыргалары болмашы қозғалғандай. Мен санинструктор болғандықтан сәбидің шидей арық білегін ұстап, тамырын іздестіріп едім, табылмады. Жүрегіне қол салсам аздап соғатын сияқты.

— Жолдастар, бала тірі екен, алып кетейік,— дедім. Біз баланы авлактау, қауіпсіздеу жерге апарып қолдан дем алғызып, дәрігерлік көмек жасадық. Аздан соң бала көзін ашты. Алғаш еш нәрсені түсінбей алақтай қарады да, шыңғырып жылап жіберді. Бізді немістер деп ойлап қалса керек, талып қалды. Қоңыр бүйра шашты, піste мұрын арық баланың бетіне жасым тамып кетті. Соғыста болған жыл жарым ішінде жүйкемнің тұнғыш босауы еді. Мына жатқан бейкүнә сәби туған елімде қалған ұлымды есіме салды. Жанынан қымбат өз ұлымдай болып көрінді. Сәбиді шексіз сағынған әкелік жүрегім

елжіреп, баланың өлім таңбасы түскен сұық жүзін аймалай беріппін.

— Жолдас аға сержант, жүрмейміз бе? — дегенде барып есімді жиып, жауынгерлерге қарадым.

— Ие, жүрейік, — дедім мен ауыр күрсініп. Элжуаз сәбиді алақаныма салып көтеріп келемін, басқаларға үстатқым келмейді. Өзімнен басқаның бәрінен қызғанастын сияқтымын.

Саз кешіп келеміз. Айнала сұңғыла қарагай, төбеде көкпеңбек аспан тұр. Тыныштық, тіпті бұл тәңіректе адам қаны судай аққан майдан бар дегенге сенгің келмейді. Бала қолымда, жүріп келем.

Мен далада өстім. Экемнің қартайғанда көрген жалғызы едім. Сорлы әкем мен үшін жанын беруге бар-ды. Басым ауыра қалса, алақанынан түсірмейтін. Мына баланың да сондай әке-шешесі болған гой, қазір қорғансыз, сұр жетім. Баланы бақытсыз еткен жаудан мейірім күтіп бола ма. Ауру бала менін бозарған жүзіме көз тоқтатты да «мама-мама» деп шынғырып жіберді.

— Айналайын, балам, қорықпашы менен. Мен сенің әкең болам, — дедім бетіне ыстық ерінімді тигізіп.

Бала сұлық жатып заңғар биік аспанға қарады. Күн күлімдеп тұр еді.

— Сендер кімсіндер. Менің мамам қайда? — деп бұлқынып жерге түсті де тәлтіректей басып, мұлғіп тұрган орманға қарай жүгіре жөнелді. «Мама-мама:» — дейді шырқырап.

Мен бейшара баланы кеудеме қыса ұстап, адымдай бастым. Қөп үзамай ағаш арасынан штаб құзетшілерінің:

— Келе жатқан кім? — деген қатқыл даусы естілді. Командирге барлаудан сәтсіз оралғанымызды қынжыла баяндадым. Бала жайлы айтканымызда капитан сәл күлімдеп:

— Баланы мұнда келтіріңдерші, — деді.

Құнгірт блиндажға жасқана кірген сәби бейтаныс әскері адамға сесскене қарап тұр, кір басқан көк шалбарының ышқырлығын көтере берді. Жіңішке мойнын созып бұрыш-бұрышқа қарайды. Командир басынан сипады.

— Кімнің баласысын?

— Алешиндікімін.

— Атың...?

— Сережа.

Михаил Денисович тұнжырап кетті.

— Менін де Сережа есімді балам болған, қазір жок.  
Анасы мен екеуі де эвакуация кезінде бомба түсіп өлді.

— Ал Сережа, сенің папаң қайда?

— Соғыста

— Маман қайда?

Бала мұрнын тартқылап:

— Өлді. Өлтірді оны... — деді.

Капитан Сережаны төбесіне көтеріп:

— Әшім, сен баланы өз қамқорлығына ал. Бұл енді бәрімізге ортақ бала болады.

Осы кезде медсанбаттың дәрігері, сұлу бойжеткен Евгения Борисовна Шнайдер кіріп келді.

— Женочка, дәрігерлік көмек жаса, күтімге ал,— деп капитан Сережаны қызға қарай итермеледі.

Шегініп келеміз. Шегінуден ауыр қасірет бар ма. Тұған жердің көп бөлегі жау колында қалды. Қоңыр күз болатын. Алда байтақ қалмақ даласы жатыр.

Артымызыда Сталинград. Қаланың тап іргесіндеміз. Волга жағасындағы сұлу шаһар қауіп-қатерден корық-пағандай өр қалыпты. Заводтардың үзын мұржаларынан дағдысынша кара кошқыл түтін будактайты. Коркуды білмейтін жұмысшы халық енбектен кол үзбей табан тіреп қалыпты. Құздің сұрғылт бүлттараты ширатыла мөн-кіп, сонау жау колында қалған ғазиз бауырларға қарай асығыс кетіп барады. Үстүк жүргіміздің сәлемін алып бара жатқандай. Бақылау пунктінде жау жаққа дүrbімен қарап капитан Воробьев тұр. Дағдылы, мейірімді жүзі өзгермелепті.

— Жолдас командир, шегінуіміз жетпеді ме. Сталинградқа таядық. Енді осы жерге табан тіреуге бүйрық бермейсіз бе, — дейміз.

— Сол бүйрық енді берілетін шығар, — деп капитан бинокльді көзіне апарды. Даланың бұжыр бетімен қаптай жылжып қара қоңыздар келе жатты.

— Танктер!

Ие, бұл біз үшін үйреншікті көрініс. Жерімізге кеселі жылан-бауырын сүйретіп келе жатқан темір аждахалармен шайқасымызда есеп жок. Танктер жүріп келеді, атып келеді. Снарядтары не асып, не жетпей жарылып жатыр. Біздің батареялар гүрсілге басты. Алғашкы танк отка оранды. Тағы біреуі шыр айналды. Бірақ бөгелер жау жок. Танкке карсы ататын мылтықтың стволы қызғанша ата бердік. Атудан тыылар емеспіз. Жау тіпті жақындалап қалды. Шынжыр табандардың жириңішті салды-

ры естіледі. Жалын оранғандарын айналып өтіп, саулары ентелей түседі. Мылтығымыздың үні өшті. Қарасақ, оқ жоқ.

— Оқ жоқ, оқ бітті, — деп айқайлап едім, ешкім естімді. Тұтін мен қара тозаң арасынан:— Оқ бітті!— деп қайыра айғай салдым. Бізге патрон жеткізетін жауынгер каза болыпты. Белімдегі гранатаны ағытып алға қаралым. Осы кезде:

— Ағатай, міне патрондар, міне!— деген таныс дауыс естілді. Окоптың ернеуінен шагын жәшікті сырғаната түсіріп келе жатқан Сережаны көрдім. Сережа қаратер болған, сөйлеуге мұршасы жоқ. Мен оны окоптың түбіне қараї түсіріп жібердім де, жәшіктің тақтайын табан тіреп жұлып алдым. Жандыргыш оқтармен жау танктерін өршеленіп ата бастадық. Олар біздің бекініске жетпей кейін серпілді. Шабуыл тойтарылды. Дала үстінде қапқара тұтін мен тозаң ііріліп тұр. Айнала екіндідей күңгірт. Біздің бекінісіміздің қарсысында фашист танктері жанып жатыр. Маңдай терімді сұртіп, алқынып тұрмын. Жанталас минуттардан кейін есімді жинай алмай тенсептік кеттім.

— Ағатай, сіз жарапанып қалдыңыз ба, — деген дауыс құлағыма келді. Көзіме тамған ыстық қанды сұртіп бұрылсам, етегімнен тартып Сережа тұр. Солдатша киңген кішкене баланы құшақтай алдым.

— Айналайын, Сережа, кішкентай жауынгерім менің! — дедім жүйем босап.

— Ағатай, солдат жылай ма екен, — дейді өзі.

— Солдат адам емес пе? Адам жылайды да, күледі де, — дедім үялыңқырап. — Сережкатаі, сен ерлік жасадың, осы жолы батырлық көрсеттің-ау.

Сережа аспан түстес көк көздерімен жаудырап қарай берді.

— Түсінбедім, қандай батырлық.

— Әкелген патрондарың жаудың бетін қайтаруға себепші болды, қарашы өзін.

Сережаны терең окоптан көтеріп алып, ұрыс даласында өртеніп жатқан танктерге, шашылып қалған фашист жаяу әскерлерінің өліктеріне, қараттым. Бала мойнынан құшақтады.

— Аз өлтіріпсіндер, әлі де аз, өлтіре тұсу керек еді!— Ағатай шекенізден қан шығып тұр!

— Жоқ, Сережа, мұндай женіл жаракатпен қатардан шығуға болмайды, — деп басымды тана бастадым. Сере-

жа көмектесті. Екеуіміз окоп түбінде отырмыз. Баланы құшақтап сүйе бергім келеді. Әкелік жүрегім елжіреп барады.

— Танктер! — деген дағдылы айғай естілді. Тағы да қаруға жармастық.

Тағы да шайқас. Құннің қалай шығып, қашан батқанын бағдарлай алмайтын толассыз арпалыс күндер. Жау Сталинград көшелеріне аяқ салды. Зәулім үйлер құлап жатыр, қирап жатыр.

Толас кезінде командирге Сережа жүгіріп келді:

— Баяндауга рұқсат етіңіз, жолдас капитан, — деді ол өкшелерін тық еткізіп: Волганың жарына тақау үйілген шошаққа жаудың екі ұшқышы келіп тығылды. Мен бірден тани кеттім, алғінде атып түсірілген самолеттікі,— деді аptyып.

Сережа екеуіміз жүгіре жөнелдік. Сарежаның шинелі мен сұр құлақшыны етігі бойына шаш-шақ, соншалық жарасымды, тірі қуыршақ сиякты. Ол балаға елгезектікпен оза жүгіріп келеді. Айтылмыш шошактың іргесі көтөріліп қалыпты.

— Хальт! Хендде хох! — деп ақырып қалдым. Ешкім үн қатпады. Шошактың іргесін автоматтың тұмсығымен көтере бергенімде, пистолеттен атып-атып жіберді. Сережа құлап түсті. Не болғанымды білмесем керек, мен де окты төгіп жібердім.

Немістің біреуі сеспей қатты. Екіншісі қолын көтеріп, сүмірейіп тұр. Ашумен оны да о дүниеге аттандыра салғым келіп еді. Жауды тірі жеткізу керектігі есіме түсті.

Сарежаны алаканыма салып көтеріп келемін. Бала есін жия бастады. Оң бұғанасын бұзып кеткен сиякты.— «Айналайын, Сережа, көзінді ашши. Қараши мына жарайқ дүниеге. Сен өмір сүресін, бақытты боласын. Жыламашы, солдат жыламайды деуші едің ғой...»

— Сонымен, Әшеке, Сережаның кейінгі тағдыры жайлы айта кетіңіз, — деп өтіндік біз.

— Сережа қазір Челябинскіде заң қызметкері болып қызмет істейді, — деп, соңғы хатын алып бізге ұсынды.

«Аса құрметті әкеміз Әшімге, шешеміз Шолпанға, барлық бауырларға!

Алдағы мейрамдарыңызбен құттықтаймын! Аман сауын, өздерініз көргендей. Тағы да бір барғым келеді, бірак уақытym жок. Ендігі кезек сіздердікі, келіңдер, құшагымыз ашық. Кішкене бауырларға мың сәлем! Сережаларың».

Әшім Мендібаев ұсақ жазуларға сүйсіне қарап отырып:

— Айналым, Сережамнан. Сен де менің бір өрісімсің той,— деді. Сөйтті де хатты бойтұмардай қасиеттеп, төс қалтасына салды.— Майдан бойы бірге болған қанды көйлек достардан адасқаным жоқ. Бөлімше командирі Воробьев Михаил Денисович Москвада тұрады. Оскері дәрігер Шнайдер Евгения Борисовна Кишиневта бір үлкен клиниканы басқарады. Қызы-қыстау қүндегі достық ұмытылмақ емес. Қотерілген тыңдаласындағы біздің Жамбыл совхозына менің атыма хаттар, құттықтаулар жиі келеді. Бәрінен де, айналайын Сережамды айтсайшы!— деп Әшекең төс қалтасына қолын апара берді.— Ұлы Жеңістің 30 жылдығына көп қалған жоқ. Сол үлкен тойда тың төскейінде сөзсіз бас қосамыз, оған сөз жоқ.

## АЗАМАТ ЖОЛЫ

Куекең сарғыш папканы алдыма қойды.

— Осында менің азғана өмір жолым сайрап жатыр.

Осылай деді де жуан папканың шаңын қағып, белін шарт буған сұыртпақ жіпті шешті. Уакты өтіп өңі тая бастаған ескі қағаздарды парактап отырмын. Документтердің ішіндегі ең ескісі — 1931 жылы берілген күәлік.

«Осы күәлік берілді Әбділдә баласы Куандыққа. Өйткені, бұл жолдас аудандық «Төңкеріс туы» газетінің белсенді тілшісі болып саналады»— деп жазылыпты.

Куекең күлімсіреді... Кішкене қысық кездерін осы паракқа біраз тоқтатып, ойланып қалды. Сәл күрсінгендей болды.

— Жастық шақ адамға қайтып келмес қызық кездер ғой! 1930 жылы комсомолға кірдім. Өз бетіммен сауатымды ашып, газет-журналдарды оки бастадым. Сауатым шала болса да, ауылдастарым мені білімді адам көретін. Бір күні «ликбезге» мұгалім бол деген қағаз келді. Ауылнай жазыпты.

Шымнан салған ауыл мектебінде күндіз балалар оқыса кешке үлкендер жиналады. Мұрты жаңа тебіндей бастаған жастар да, қаба сақал егделер де, кимешекті ауыл әйелдері де осында. Тактаға жазып, әріптерді үйрете бастаймын. Ұғып жатқан жұрт жоқ.

— Шырағым, Әбділда баласы, миыма кірер емес. Біз сияқты адамдарға әріп үйренгеннен орманға барып ағаш

кесіп әкелген көп оңай. Оナン да мен ертеңгі сабак орнына осы мектепке бір шана отын келтірсем қайтеді.

Мұны айтып тұрған кісінің кескінінен титтей де калжын білінбейді. Қайта жалыну бар.

Ақыры Дүйсембек отағасы да қындықты жеңіп, хаттанып шықты. Газет-журналдарды ежіктеп оқи бастады. Алып депелі, қызыр шал еді ол.

— Ленин жолдас — «оқу, оқу және оқу» деген, сауатсыздықты жою керек. Аудандық газеттің бір қызметкері келіп, қағазды колымға ұстартты да:

— Тап жауларын аямай сок. Ұмырашылдық болмасын! — деді. Себебін сұрасам ауылда хат жаза білетін адамдардың мықтысы мен екенмін.

— Құп болады! — дедім. Адамдардың күнделікті газет-журналдарды оқулары керек еді. Қалың көпшіліктің сауаты ашылмағандықтан комсомолдар үйді үйге қыдырып оқып беріп жүрдік. Кейін адамдар сауаттанып, өз бетімен оқыды. Баспасөздің ықпалы артты. Газеттерге не жазылса бұлжымас заң деп біліп, жүзеге асырылып жатты. Сауат ашуды қиямет көрген Дүйсекен хат танымайтындарға ағымдағы саясатты әжептәуір түсіндіріп беретін болды. Газеттерге хабар жазып жолсыздықтарды әшкерледі. Байшылдықты, ұрлықты — бар қиянат атаулыны өлтіре сынадық. Аудандық «Төңкеріс туы» газетімен қатар облыстық «Бостандық туы» газетіне де жазып тұрдық. Куекен ойланып қалды. Қағаздарды парактап, әр қайсысына үніле қараймын. Сарғайған газет қындысы шықты. Онда сурет басылған. Үлкен үйдің алдында көп адам көрінеді. Ортада біреу сөйлеп тұр. Сөйлеп тұрған — Куекеннің өзі. Куандық көз әйнегін киіп үңілді де:

— «Ленин туының» қындысы ғой. 1935 жылы бірінші сентябрьде Орталық ауылында жаңа мектепті пайдалануға берілген сәт көрсетілген, — деді.

Жетіжылдық мектептің құрылышын салып шығуда көп тарих жатқан көрінеді. Колхоз құрамасында қарал, мектеп саламыз деп қаулы алышты. Бірақ қалай салу айттылмапты. Мектеп салудың жағдайын қарастыра келіп, көпшілік жиналышында комсомол ячейкасының секретары Куандық Эблідин былай депті:

— Құрылыш материалдары жетіспейді. Ағашты Қекшетаудан тасып әкелуге көлік жоқ. Сондықтан белгілі бай Бейсенбінің бос қалған үйін бұзып көшіріп әкелейік. Жетпегенін тағы да қарастырмыйз.

Сонымен бұрынғы «киелі қыстау» атанған Бейсенбінің қарагай қонысын, кора жайын бұзып, колхоз орталығына таси бастадық. Құрылышылар іске кірісті. Мектеп құрылышына бір жыл уақыт кетті.

Мектепті пайдалануға беру үлкен мейрам болып өтті. Мынау — сол салтанат үстінде түсірілген сурет қой. Бұл тұста «Орталық» колхозы әлденіп, ныгая берді. Егін шығымдылығы артып, колхозшылардың еңбегі жанды. Мәдени тұрмысы жақсарды. Бұрынғы балшық үйлер орнына ағаш үйлер тұрғызылды. Кең көшелер салынды. Мектеп пен бірге клуб, кітапхана, колхоз кенсесі, тағы басқа қоғамдық орындар салынды. Енді жұрт клубка барып көңіл көтеретін болды. Алғаш М. Әуезовтың «Тұнгі сарын» спектаклін көрсөттік. Комсомол мүшелері Рамазанов Шәріп бар, басқалары бар жақсы ойнап берді. Кітапхана ашылды. Несін айтасың, тұрмыс дәрежеміз артып, колхоз шаруасы өркендереп-ақ келе жатыр еді... Қуекенің қабабы түйіле тұсті. Ол қағаздарды парактап отыр. «Қазақстан колхозшысы» танк колоннасына елу мың сом ақша өткізгені жайлы квитанцияны шетінен көрсетті.

— Соғыстың қызып тұрған кезі — деді ол. — Газеттерге қарап отырсаң, республика колхозшылары өз қаражаттарымен танк колоннасын жасауға үндеу қабылдапты. Құлынды бие мен бұзаулы сиырды, қой-ешкіні туғел сату керек. Осы жайлы ақылдақсанымда мына отырған жеңген:

— Малсылың отыру киын. Жауды жену жолында қандай қындыққа көнбей жатырмыз?! — дегені гой.

«Әй, мың болғыр», — дедім-ау өзіне. Сөйтіп бұл Қуекен ағаң соғыс жылдарында тігерге тұяқсыз қалып та өлген жок.

Мені қойши, басымда бәркім бар ер азаматпын, неге болса да көндіккен адаммын. Ауылдағы қарттар мен балалардың, әйелдердің көрген азабы қисапсыз болатын. Сиыр жеккен соқамен жер жыртты, тұқым септі. Әбден арықтаған өгіздерімен сиырлар аныз үстінде құлайды. Жанында титықтаған балалар ес-тұссыз үйықтап жатады. Құр сұлдері қалған әйелдер соқаның құлағына маңдайын сүйеп қалғиды. Қиыншылыққа мойыған біреуін көргем жок. Барлығының кескінінен қайсарлылық, жауға деген өшпендерлік аңгарылар еді. Осыны көріп отырып мал ұстau бізге не керек. Қызыл сиыр Гитлерге қызыл оқ болып атылсын. Қой-ешкі снаряд болып жаусын, торы бие танк болып таптасын сұмырайларды! — дедім.

Халық қаһары шыдатсын ба, жау жеңілді. Жеңіс де-  
ген құдретті сөз адамдарды шаттыққа бөледі. Соғыстың  
төрт жарым жылында қүйзелмеген дүниe қалмапты ғой.  
Шаруа қамына қайтадан кірісіп кеттік. Ауылдағы ал-  
дыңғы қатарлы еңбек адамдарына, Отан соғысының мұ-  
гедектеріне, жауынгерлердің семьяларына 70 үй салын-  
ды. Бұрынғы жеті жылдық мектеп онжылдық болып  
ұлғайтылды. Клуб та, кітапхана да кеңейтілді. Колхоз  
шаруашылығы өркенде, колхозшылар түрмисы соғыс-  
тан бұрынғы дәрежесінен асты. Бұл — 1946 — 1950 жыл-  
дар еді. Осы кезде жазған очеркінде жазушы Иван Шу-  
хов: «Орталық» колхозы сахарадағы сәулетті ауыл» деп  
атап көрсетті. Жұз елу үйлі елде 100 адам орта, орталau  
білімді, 30 колхозшы студент болыпты, 37 колхозшы тех-  
никалық білім алды.

1948 жылы 15 сентябрьде республикалық «Казахстан-  
ская правда» газеті «Орталық аулының тарихынан» де-  
ген арнаулы бет беріп онда өркендеген елдің үшан теңіз  
табыстарын жария етіп, еңбеккерлеріне сөз берген.

— Соғыстың қырсығы ғой әйтпесе «Орталық» өз қа-  
тарынан озып кететін еді,— дейді Куекен.

Колхоз председателі болып көп жыл еңбек еткен. До-  
кументтер мен газет қындылары өте көп. Бәрін оқып,  
бәрімен танысуға уақыт жоқ. Мені қызықтырған кітап-  
тар болды. Куандықтың көп кітаптарының арасынан кө-  
зім түскені Иван Шуховтың «Өмір келбеті» («Облик  
дня») атты 1950 жылы жарық көрген очерктер жинағы.  
Онда колхоз председателі болып көп жыл еңбек ет-  
кен Эбілдин Куандық жайлы, ол басқарған колхоз жайлы  
көлемді очерк басылған. Қазақ ССР тарихында (1949  
жылы басылып шыққан) Солтүстік Қазакстан облысы,  
Преснов ауданы «Орталық» колхозының табыстарына  
үлкен орын берілген.

Куекен өмір бойы алға үмтүліп келе жатқан адам.  
Жасы жер ортадан асқанда, жастармен қатар колхоз  
председательдерін даярлайтын облысаралық мектепке тү-  
сіп, агрономдық диплом алып шықты. Қөптеген награда-  
лары бар. Колхоз құрылышының ардагері ауылда жана  
өмір орнату жолында аянбай құрескен коммунист, Соко-  
лов ауданы Петропавл совхозының жұмысшысы Қуандық  
Әбілдиннің азаматтық өмір жолы жас үрпаққа үлгі-  
өнеге болмак.

## БІЗДІҢ КӘКЕҢ

— Жасымда әкем өліпті. Әке дегенді білмей өстім. Ес білгенде біздікінде жалғыз қара сиыр бар екен. Ол да бірде бұзаулы, бірде қысыр. Шешем ауқатты үйлердің отымен кіріп, күлімен шығады. Бір тіршіліктің қамығой баяғы. Жесір болса да баласын оқытқысы, білімді адам еткісі келеді. Ана емес пе? Бір күн ауылымыздың байы Мұхамедияның бәйбішесі Мәликеге жалынып, қол бала етіп берді. Міндетім баласын тербету, үй ішіне жұмсағанына жүгіру. Ақысина сол үйден тамақ ішем. Қолым бос уақытта Мәликеден әліпби оқып, тілімді сындыруым керек.

Ұзақ күн дамыл көрмеген сәбидің кешке үйіктағысы келеді. Әкесі бар бақытты балалар әлде қашан үйіктап қалғанда Мәлике бәйбіше маған дағдылы Әліпбиді үйрете бастайды. Зирек едім, екі қыста арабша қара танып қалдым. Әрі окуга жағдай болмады. Молдага төлеуге ақша жок.

Он жасымда шешем сіңлісінің үйіне қол бала етіп берді. Жездеміз Қожақ қажы — кедей адам. Пысықтығымен байларға күтуші болып Мекеге екі барып қайтқан кісі. Құндіз сол ауылдың қойын тебіндетем. Олар маған жамаулы тон, табандаган пима берді. Суық өтпейді. Қар тепкен қойлар тыныш. Бір орыннан қозғала қоймайды. Корқатыным қасқыр ғана. Қой шетінде тұрып алғып қағазға қараймын. Октындарым діни қиссалар. Түсінігім шамалы болса да оқи берем. Кейі дұрыс, кейі кате. Турікше, парсыша қойыртпақ кітапшалар толып жатады. Жетік моллалар болмаса жай адам түсіне қоймайды. Жалықпай оқи берем. Бала көнілім білімді аңсайды.

Келер жылы молдаға жұрт балаларын окуға берді. Менде молдаға төлер ақша қайда. Мекеден діни оқуды тауысып келген су қаранғы, соқыр Наурызбай Қаридың атшысы болып кірдім. Қари ел қыдырып дамыл көрмейді. Өлгендерге хатым оқиды. Қатал кісі болды. Ақырып, же кіріп, колына түссен аяусыз мытып, азапқа салатын. Ол жа көп түссе де делбешілігіме берер соқыр тыны жок.

— Селтендеп жүргенде не бітіресің, ел көресің, жер көресің, тамағынды асырайсын — дейді. Мен жүре берем. Оқығым келеді. Қалай оқырысын? Білімге шөлдегенімнен де Қамза молданың медресесінде шәкірттердің дәрет сүйн жылытып, ләгенін төгіп, тамақтарын пісіріп

беруге жалданым. Ойым шет жағалап медреседен сабактындау. Сабактындау сәті көп түсे бермейтін. Дамылсыз жұмыс істейтінмін. Ақым — ішкен тамағым. Шәкірттер жиналып алып ту биелер сояды. Кісі басы 20 сомнан ақша төлейді. Бір күні маған: «Тас қопарып жатқан жоксың, ет үшін 20 сомнан ақша төле, әйтпесе ет жеме!» — деді. «Жемесем, жемей-ак қояйын» — деймін. Қазан басында сорпаға наң турап жеп, бөлек отырамын. Олар әсте ет асатуды білмейді. Маған құледі, әжуалайды. Барлығы да дүниекор байдың балалары еді. Етті оңашада жеп қояды деп сыртымнан андиды екен. Ондай әдет менде болған емес.

— Ақкөңіл, адал едің-ау, жаманшылығында көргеміз жок,— дейді кейін шәкірттер. Сондай корлыққа да көнуге тұра келген шырағым. Бұл жұмыр бастың көрменгі жок. Қайсы бірін айтып таусасын.

— Мен зирек едім. Медресе шәкіртіне молда оқытқан сабакты қағып алып қайта айтып беретінмін. Шәкірттер ас үйде болатын мені сағалап түсінбеген сабағын сұрап алатын. Медресе окуы қанағат болмады. Осы кезде төте окуу мұғалімдері шығып әлділердің балалары оқи бастады. Төте окуда жазуды, есеп шығаруды үретеді. Төлейтін ақшам болмай мен тағы оқи алмадым. Тілдері татарша болғандықтан аздап түсінem. Бірақ кітабын таба алмайсын. Бірде картасы бар жағырапия кітабы қолыма түсіп көп талғажау болды. Тозып біткенше оқыдым. Бірақ төрт амалды үрене алмадым. Үстаз керек, үстазга төлейтін қаражатым болмағандықтан қолдан келген кәсіпті қоса атқардым. Етік тіктім, арба, шана іstedім, пеш салдым. Кейде Челябіге көпестердің малын айдастып апардым.

1919 жылы Совет өкіметі келді. Оқыған азаматтармен кездесіп: «Қалай оқымын, қарандылықтан қалай шығамын?» — деп жөн сұраймын. Дайындалуға ақыл береді. Кімнен оқып білім аларсын. Төте окууды жап-жаксы менгерген мұғалімнен сырттан оқыдым. Бізден 35 шакырым тұратын мұғалімге ай сайын бір барып тұрам. Қөлікті қайдан аласын дерсің. Біреудің бітпей жатқан жұмысын тындырып беріп немесе етігін тігіп, шанасын жөндейп ақысына ат майын мінем.

Сөйтіп жүргенде 1920 жылдың көктемінде Омбыда қазақ тілінде «Кедей сөзі» деген газет шықты. Кешікпей газет Қызылжарға көшіп келді. Кейін «Бостандық туы» «Кенес ауылы» деп аталды. Бұл казіргі «Ленин туы»

газеті еді. Сауатымды шындалап ашкан осы газет болғын Газет алғашқыда тегін тараады. Жете танымасам ти көп оқыдым. Колыма түскен бір санын әбден тозыты жеткен ше қайталап оки беретінмін. Кейіннен мақалалар жашын, газет жұмысына да белсene ат салыстым.

Тұнғыш сайлауда кедейлер мені ауылдық ревкомға депутат етіп сайлады. Өйткені мен ол кездегі көшілік ішінде кедейден шықкан жалғыз ғана сұтты адам санаудым. 1924 жылы екінші рет сайладап, ауылдық Советке хатшы етіп қойды. Біраз тырбанып істеп едім, білімім жетпеді. Сосын оқығым келіп Қызылжарға бардым. Бір мектепке жасым жетсе, білімім жетпейді. Енді біріне білімім жетсе, жасым артық.

Ол кезде ауылға жіберуге мұғалім жетпей жататын. Уездік оку бөлімі Баян қоғамына мұғалім етіп жіберді.

1924 жылдың күзі болатын. Жолдаманы өзім туған Барап ауылына берді. Ел шөпті қорага тасып, отын камдап жатқан кезі. Мектепке деген үйді көрсетті. Төбесіне алабота мен қалақай өсіп кеткен ескі балшық үйдің аласа есігінен бас сұққанда, жағымсыз иіс өкпенді қапты.

— Біздің ескі үй гой. Жаңа үй салған соң күтімсіз қалды. Тазалап жіберсе ештене етпес. Ақысын төлейтін болындар,— деді үй иесі Шолаканның Мырзалысы.

— Менде төлейтін тиын жок, төлесе ауылнай төлер, мына кораны тазалап беріндер,— дедім. Үй тазаланбады. Бір күні киімімді шешіп тастап, өзім кірістім. Шолакан үйінің қыс бойғы қозы-лағының қыны аршу менің еншіме тиді. Қимылдан жүр едім, ауылдың окуға жазылған ересек балалары көмектесті. Балшық үйдің астын қырып шығарып, шөп төседік.

Ақыры сабак бастайтын күн келіп жетті. Отыз шақты бала жиналды. Бәрі шөп төселген жер сәкіде отыр. Көздері жаудырап маған қарайды. Кітап, дәптер, қарындаш, қалам деген атымен жок. Екі балага бір кол тақта бар. Кол тақтаға бормен жазады. Кате болса, өшіріп қайта жазады. Мақсат — әріп тану, цифр тану. Өмірі өзі де мұғалім алдын көрмеген адамға ұстаз болу қандай қын. Сабактың алғашқы айы да өтті. Балалар зирек, ынталы болды. Мектебіміздің отынын өзіміз дайындаудык. Құлап қалған пештің орнына сокпа пеш тұрғызыдық. Пеш сала білгенім онды болар ма. Жерге иек артқан кішкене тере-зелерін бүтіндейдік. Қыс қамын өзіміз ойламасақ басқа ешкім жок. Онымыз жақсы болды.

Кыстың алғашқы айлары өтті. Балалар тез сауатта-

нып алды. Колына түскен газетті оқи алатын дәрежеге жетті.

— Бәрекелді, оку деп осыны айт! Жеті жылда қара танымайтын балаларымыз үш-төрт айда сауаттанып қалды — деп куанды туыскандары. Марттың іші болатын. Сабак оқып жатқан үйімізге Наурызбай Қаридың шешесі катпа қара кемпір баса-көктей кіріп:

— Эй, қыз, шық бері! Үйде шаруа бар, — деді. Бәди деген бой жеткен талдырмаш қызы болатын. Сабакқа ынталы, инабатты бала еді. Қыз қып-қызыл болып кетті де, жаутандап маған қарады. Рұқсат бердім. Ертеңіндес басы-көзі үйде болған Бәдиден жағдайды сұрасам, оған құда түсе келіпті. Балтаның байы Жанабергеннің Қөпенінің інісіне зорлап бермек. Қыз барғысы келмейді.

— Ағатай, арашашы бола көріңіз! Оқығым келеді, — деп Бәди еңіреп тұр.

Сабак артынан Қаридікіне барып әрі айтып бері айтып, көндіре алмаған соң, Совет занын алдына жайып салдым. Жас қызды, мектептің оқушысын зорлап күйеуге беруге болмайтынын, Совет үкіметі әйел тенденцияға өзгеше көңіл бөлөтінін, бұл тенденкті аяққа басушылар қатаң жа-заланатынын түсіндірдім. Қаридың шешесі катпа қара кемпір әйгілі бейпіл ауыздығымен бәрімізді де сыпыра сыбап жатыр. Қари ақыры көнді. Қөнбейінше шарасы да жоқ еді. Сөйтіп емшек табы аузынан кетпеген шәкіртім Бәди қызды арашалап қалдым. Мұндалар көп кездесті ғой. Халықтың қаранды кезінде санаасына сәулө түсіретін адамдар аз еді. Мен сол жылдардан бастап «Ленин туы» мен «Социалистік Қазақстанға» үзбей жазып келем. Совет өкіметінің алғашкы жылдарында кедейлерге қиянат жасау, әйел тенденция ашиқ аяққа басу, ұры ұстап, жарлының жалғыз малын алып, қан қақсатушылық болып тұрды. Ешқайсысын да аяғам жоқ. Газеттерге жазып, жұртқа жария еттім. Өмір бойы үрлықпен, ел тонаумен өткен сүмдардың қылмыстары жөнінде жазған «Тәйкөттің сүмдары» деген үлкен мақалам «Ленин туында» жарық көрді. Бұл осы төңіректегі қиянатшылдарға үлкен соққы болып тиді.

Тәйкөттің атышулы Садақбай, Сулаймендері тасадан андып, өлтірмекші де болыпты. Жұрттың корғауымен аман қалдым. Қайсы бірін айтып тауысасын, кауіп-қатер дегенін аяқ астында еді. Бірақ ықпадым, қарсыласа бердім. Ел тірлігін газеттерге жарияладап, жақсысын жақсы, жаманын жаман деп әйгілеп отырдым. Қөшшілік мені

лос көрді. Ақыл-кенес сұрай келетін еді. Колымши көтген жақсылығымды аяғам жок.

Сөйтіп Шолақанның балшық үйінде тынбай үш жыл бала оқыттым. Өз білгенімді түгел сарқып бердім.

— Ал, балақайлар, барым осы. Ұзап оқындар, білім дариясына жүзе беріндер, жолдарын болсын! — деймін

Окушыларымның біразы ұзап оқып ірі білімді адамдар болды. Мысалы, академик Елеманов Абдрахим алғаш менен хат таныған бала еді. Мұғалімге деген ауыртпалық көп болатын. Құндіз бала оқытсак, кешке үлкендерді оқытамыз. Жазда демалыс тағы жоқ. Қызыл отаудағы сауатсыздықты жою сабактары да біздің міндет. Қыскасы, қысы-жазы, құні-тұні сауатсыздықпен, қараңғылықпен күрестік кой.

\* \* \*

Осы төңіректегі ұстаздардың ұстазы саналатын Кәкім Имановтың сол бейнесі ғұмырлық көз алдында қалыпты. Дауысы да құлағымда түр. Қазір де Қәкеннің ізгі қасиеттерін еске алу дамыз. Қәкен шәкіттерінің бірі көп жылдар партия, совет, шаруашылық басшылғында істеп, пенсияға шыққан Тұралин Сексенбай келді.

— Эбден дұрыс, ардагер ағаны еске алу деген баршамызға борыш қой. Асылы Қәкен партия белгілеген түзу жолдан таймай, сол ұлы идея үшін аянбай күрескен адам еді. Баршамыздың ұстазымыз еді. — деді Сексенбай салқын қабырға бас иіп. — үкіметіміз еңбегін де жоғары бағалады. «Еңбек Қызыл ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен наградталды. «Қазақстанның 15 жылдығы» значогымен наградталған бірінші ағартушы болды. Оған республикамызға «енбегі сіңген мектеп мұғалімі» атағын да берді, — деді.

Қәкеннің от басын барып көрдік. Осынау Сергеев ауданында «Кішкене Қәкендер»— Асаубайлар мен Бурабайлар жігіт болып қалыпты. Халыққа қалтқысыз қызмет еткен Қәкен секілді ардагерлер ешқашан ұмытылмақ емес. Жұртпен бірге жасай береді. Кадір-құрметке бөлене береді.

## АЛПЫСТЫҢ АСУЫНДА

Жайлай үстіне кеш түскен. Балуан көлін айнала қонған ала-құла ауылдардың кешкі түтіні созыла шығады. Өрістен қайтқан малдардың шуы да тынған. Қызыл отау

жакта ән айтылып домбыра тартылып жатыр. Жастардың куанышты құлқісі естіледі. Қөлге такау оқшаша тігілген Шожан қажының сегіз қанат ақ үйінің, төбесінде жалау желбірейді. Қызыл жалау төніректі өзіне шақырып өзгеше қызыққа куанышқа жетектегендей. Кешкі шайдан соң ауыл-ауылдан адамдар келе бастады. Арапарында кең етек бешпент киген, барқыт тақиялы байлар да акшатырдай құндік тартқан бәйбішелер де кетіп барады. Жастар куанышында шек жок. Қыз-келіншек, жігіт-желен қызыл отауға кіріп-шығып жүр.

Жана жерге тіккен үлкен үйдің шанырағына ондық шамдар ілінген. Үй ішінде төсөніш жок. Әлі аяқ тимеген көк майсаны жапырып жұрт жайғаса бастады.

— Бәйеке бері таман отырыңыз. Сіздердің орындарыңыз мына алдыңғы қатарда,— деп, бала жігіт, мұғалім Сейтен Лиманұлы барлығын билеп, төстеп жүр.

— Бері жүріңіз, бері!

Қара сақалды, қызыл жұзді бай мен бәйбішесі алға отырды. Жанында басқа ауқаттылар бар.

— Шырағым-ау, бізге бас тартасындар ма, соңша қолпаштап? — деп Бейсен құлген болды. Сахна жасалып, шымылдықтар құрылған. Перденің аржағында жастардың сыйырлап сөйлескендері, қысыла шыққан құлқілері естіледі.

— Қедімгі келін түскен сияқты,— деп бір әйел аузын сылп еткізді.

— Қарағым, мұғаллем, көрсететіндерінді көрсетсей-ші. Ертең мал кезегі біздікі ғой,— деп, бір қартаң шаруа тыпрышып қояды.

— Қазір-қазір,— деп Сейтен шымылдық ішіне кіріп кетті де, көп ұзамай қайта көрінді. Шымылдықтың жармасын колымен ұстап тұрып:

— Жолдастар спектакль қоймас бұрын азғана айтар сөзім бар,— деді.

— Е, айтын, тындағы.

Ауылды жаңаландыру,— жұрттың сауатын ашу, бүгінгі көкей кесті мәселелер жайлы түсіндіре бастады.

— Жолдастар, қолда бар мүмкіндікті сарқа пайдаланып, қыс бойы оку жасындағы балаларды оқытып шықтық. Менің алдында қырық бала болды. Қебі қара танып, өз алдына жаза алатын дәрежеге жетті. Бұрын есқі оқуда бес жыл оқып хат тани алмаса, он жыл оқып өз бетінше жаза алмаса, бір жылда қара көрсетіп отыр-

мыз. Ленин бабамыз: «Оқы, оқы және оқы!» — деп өснегт қылған. Ендеше оқығанымыз жөн. Мектеп жасындағы балаларды демалысқа тараттық. Енді бел шешпей қызу іске — сауатсыздықты жою ісіне құлшына кірістік. Қызыл отау окуына барлық азаматтар қатысып сауатын ашуға міндетті.

Осы кезде келте сақал, қатқан қара шал киіп ала же-нелді.

— Қызымды жын тобырға жібермеймін! Оқымасын! Байтал шауып бәйге алмайды. Оқымай-ақ бір үйдің ша-руасын менгеріп кетер. Едірендең Нұржігіт дегені келіп-ті. О несі-еї!

— Отагасы бұл жерде кимелеп сөйлеуге болмайды. Қезек алып дұрыстап айтыңыз. Сіздің баяғы билік айттар жиыныңыз емес, қызыл отау бұл. Шаңыраққа қараңыз! — деп біреу көк желкесінен үн қатты.

— Мұның әкесіндей шаңырақты көргенбіз! — деп Әб-зи таяғын шошаңдатып, қойды.

— Дұрыс айтады қыз-қырқынды, келін-кепшікті жиып қыз ойнақ, жасап жүрсіндер, жібермейміз. Бұл — бейбастақтық! — деп сары кемпір күндегі әдетінше қи-сайып жер сабады.

— Жібересіз бе жок па деп. Сізден сұрамаймыз да. Біз оларды зорлап келтіргеніміз жок. Қызыл отаудың маңызын түсініп, өздері келіп отыр. Біз оларды жаман жолға бастамаймыз. Сауаттандырып оң қолымен сол қо-лын танытып азамат етіп шығарамыз, — деп мұғалім үй тола жанды түгелдей шолып шықты. Топ қыбырлап қоз-галғаны болмаса, үнсіз отыр.

— Жолдастар, әйелдерге ерлермен бірдей тендік берілді. Олар енді бұғып үйде отырмайды. Нық тірестіріп қатар жүреді. Оқиды, білім алады. Оқусыз адам қой да баға алмайды. Ендеше оқу керек. Сол үшін баршаңызы жинап алып, ақылдастып отырмыз. Қызыл отауға қатысу үшін ауылдар бұрынғыдай бытырамай ірге тақастырып жақын қону керек. Сабакқа қатысу женіл болсын.

— Қозы-лағымыз косылып мидай араласып кетсін дейсің ғой, — деп біреу кекете күлді.

— Әй, Мырқымбай, неше қойын бар еді сонша танты-май отырсайшы. Бос сөз неге керек, қонағыз жақын, оқимыз оқуды, не бар көрісетін — деп манағы өктем жігіт тағы қайырып тастанды. — Сөйлей бер мұғалім!

— Көп сөйлейтін не бар, сөздің тоқ етері қызыл отауға қатысып тұрасындар ғой, оқуға келесіндер ғой.

— Қелеміз, келеміз!

— О, бықырт тигірлер екен! — деп әлгі сары кемпір аузын сипп еткізді.

— Ал енді ойнымызды көрсетеміз. Бірінші кезекте өлең айтылады. Файса баласы Қажығали «Қалқам шырақты» орындаиды.

— Шымылдық ашылғанда төсөніш үстінде шарт жүгініп бала жігіт Қажығали бөркін шекесіне киіп алып, домбыраны сабалай жөнелді. Домбыра мен бірге даусы да шықты.

— «Ей-ей, қалқамай, сен қайдағы мен қайдағы, менде өзіндегі біреудің боз тайлағы...»

— Уа, пәле, қайтеді мынау! Соқтырт! Өй, көп жаса! — деп көпшілік қызылотауды басына көтерді.

— Екінші кезекті Bazарбай қызы Зейнепке береміз. Шоқпардай үкісін толқытып ак көйлегінің етегі жер сыйған бойжеткен жұртқа кол құсырып сәлем берді де, сыйылтып шырқай жөнелді. Зейнеп айтқан «Аққұм» әні түнгі ауылдың үстінде қалықтап тұрды.

— Пәле, ән салсан Зейнептей сал! Айналдым абзал қарындасымнан! — деп жігіттер отыр. Ән айтылып болысъмен сахнаға Сейтеннің шәкірті Әубекір баласы Қамза шықты. Құн шалған қоңыр өнді көркемше бозбала белін шарт буып алып, қойшы бала кейпінде тақпақтай жөнелді.

Кылыш ең, байлар, кылыш ең.

Есігінде жүргенде

Мысылдан маган құліп ең...

Тақпақты алда отырған Бейсеннің көзін шұқып айтты. Қос қатын алған, жалшысының ақысын жеген, кедейге қиянат қылған байлардың мінез-құлқын түйреген Сәкеннің, Ілиястың, Сәбиттің өлендерін соқтыртты. Бір қызығы, бұл — қызыл отауға жиналған байлардың бойында бар қылықтар еді. Әбзі шалдың қызыл отауға шақыра барған Нұржігіт ауыл орындаушыны қалай сабап жібергені жайлы Сейтен шығарған өленді де тақпақтап кетті.

— Ой, көмейінде тас тығылсын, пырғауын! — деп тырсылдан Әбзі отыр. — Бізді жинап алып, макта мен баяуздады ғой мынау! — деді. Жұрт ду күлді.

— Қой кетпей болмас — деп, Бейсен көтеріле беріп еді.

— Отырыңыз, ойнымыздың әлі біткен жоқ — деп Сейтен тұрғызбай қойды.

— Жолдастар «Есентай молда» деген шағын спектакль көрсетеңіз. Сахна ашылғанда жидек теріп жүрген кішкене қызды шайтан деп қамшиның астына алған дұмша молда болып Қажығали шыға келді. Қыз болып Зейнеп зар жылайды. «Есентай аға-ау, шайтан емеспін Мәліктің қызымын», — деп зар қағады. «Ыбылыстың менің атыма дейін біліп алған Есентай деп алдауын!» — деп сабайды молда. Жұрт қыран топан болып жатыр. Іштерін басып алған, көздерінен жасы аққанша құледі. Бұл шынында да болған оқиға еді. Сейтен өзінше пьеса етіп сахнаға қойған-ды.

— Халайық, осыған разы боласыздар. Келер жолы Әуезовтың «Қаракөзін» қоямыз. Келіп тұрыныздар!

— Келеміз, келеміз! Рахмет жаусын өздеріңе!

Жұрт қызылотаудан шықканда шілде таңы арайлап келе жатқан. Балуан көлін айнала отырған ауылдардың адамдары үйлеріне кіріп болғанша даурыға сөйлеп, қуаныштарын ортаға салумен болды. «Мұғалім баланың еңбегі гой, көп жасагыр-ай!», «Бәрінен бақырайтып қойып байлардың көзін шұқығаны қызық болды-ау!», «Мана келгің келмеп еді, калай екен», «Ойбай-ау, енді қалмаймын!» — деген ала-құла дауыстар естіліп тұрды. Жайлau үстінен таң атып келе жатты.

Содан бері 42 жыл өтіпті. Сейтен ұшқыр ойлар жетегінде ұзақ отырып қалғанын білді. Шілде күні балқыған темірдес жалынданап батып бара жатты. Қызыл сәулесі көл бетінде ойнайды. Балуан көлі толқынсыз. Айна жүзінде үйір-үйір бұлттардың сәулесі қалқиды. Сәкең жіті сүр көздерімен жалтырап жатқан көлге қарайды. Баяғыда қызыл отау тігілген жер сонау дөңес болса керек еді. Сол маңайда жасыл бақ арасында үлкен сегіз жылдық мектеп тұр. Баяғыда ала-құла үйлер тігілген жасыл төс-кейде 150 үйлік ауыл көшелері көлбеп жатыр. Электр жарығы, радиосы, телевизоры бар бүгінгі ауылдың кескініне қызыға қарайды. Балуан көлі айна беті күренітіп тынып қалған.

Мөп-мөлдір шар айнадай Балуаным  
Баурыңда бақыт гүліп баураганмын,  
Ои көлдің ортасында күміс тенге  
Сен менің шәрбатымың — шекер-балым...

деген өлең жолдары тіліне оралды. Туған жерді жанымен сүйген адамға осылай егіле жырласа керек. Бұл Секенің өткен жылы облыстық газетке жарияланған,

Жұртшылық ұнатқан үлкен еңбегі «Балуан» поэмасының басталуы еді. Біреу оқыс сәлем берді. Жалт караса орта жасқа келіп қалған, тотыққан, қоңыр өнді кісі аттан түсіп жатыр екен.

— Ә, Қамза, сәлематпрысың? Үй-іші аман ба?

— Аманшылық. Малдан келе жатыр едім. Сізге сәлем бере кетейін деп.

— Эбден беріліп киял мен өткен күндерді аралап кетіппін. Баяғыдағы қызыл отау кеші есіме түскені. Ол кезде оқуға, білімге тарту қашшалық қыын еді.

— Апырай десейші!— деп Қамза да ойланып қалды.

Ұстазбен шәкірт бағзы бір уақыт кездесіп қалса, өткен күндерді еске түсіріп күлісетін. Қамза Әубәкір баласы елудің бел ортасынан асса да, алғашқы ұстазын үнемі мұғаллем деп атайды. Шашына, сақалтына ақ араласып, егде тартқан Қамза Секен алдында өзін бүгінгіге дейін шәкіртше сезінеді.

— Шіркін, Файсаның Қажығалины да лаулаған жалын еді, ақын еді-ау ағын тұрған,— деп Қамза жастық шақтағы досын риясыз есіне алды.— Соғыс оны да жоқ қылды. Елі үшін жан берді, сабаз. Осы күні есептеп отырсам сізден оқыған шәкірттерден өзіміздің осы Балуан ауылыштан 51 адам жоғары білім алыпты. Казірде 54 механизатор жұмыс істейді. Ал біз сияқты малшылар қанша. Аудан басшылары Қопышов Қекен, Мәмбетов Қалиқан, ғалым Лиманов Есенғалилар да сізден оқыды фой.

— Әлбетте, ұстаздық еткен 42 жылда неше бала оқып шықлады. Санын да біле бермеймін. Солардың ішінде сонау тар кезеңдегі алғашқы шәкірттерім, сендер, өзгеше ыстықсындар, деп Сәкец жай аяңдал келе жатты.

Сейтен мұғалімнің үйі бүгін өзгеше куанышты екен. Ұстаздың 60 жасқа толу тойы қарсаңында оқудағы, қызметтегі балалары түгел жиналыпты. Алматыдағы микробиология институтының ғылыми қызметкері Зейнеп те, Алматыдағы бесінші мектеп интернатының шет тілдер пәннін мұғалімі Роза да жетілті. Ең кішісі Гүлнарадан бастап барлығы 6 бала ардагер әке Сейтенді, абзал ана Зұбайраны ортаға алған. Қарт ұстаз ордендері мен медальдарын тағып алыпты.

Есік ашылып почташы Зейнеп Оразалина кірді. Қәдімгі Сейтеңің алғашқы шәкірттерінің бірі — қызыл отаудағы айтулы әнші Зейнеп. Ақжалаулықты байсалды бәйбіше болса да, еңбектен қалмай келе жатқан озат байланысшы екен.

— Мұғаллем, сізге телеграммалар бар, — деп телеграммаларды, хаттарды, гезеттерді алдына тартты. Сәкен, ашып оқи бастады.

«Қазақ ССР-нің еңбек сінірген мұғалімі, әрі майталман ақын, аса құрметті Сейтен Лиманұлы, Сізді, 42 жыл үстаздық етіп, алпыс жасқа толуы тойынызбен шын жүрекten құттықтаймыз!» — деп бір топ шәкірттері қол қойыпты.

— Менде осы абзал тілектемін, мұғаллем, ұзақ жасап, бақытты бола беріңіз — дейді Зейнеп те.

Секен балаша қуанды. Куанбаганда қайтын, осы Сергеев ауданындағы «Балуан», тағы басқа мектептердегі ұзақ жылғы енбегінің жемісі емес пе — бұл құрмет. Осынау Сергеев ауданы «Семипольский» совхозы «Балуан» бөлімшесіндегі әрбір үй Сейтен Лиманұлы Сауытбековтың Куанышына тілекtes болып жатты бұл күні.

## БАЗАР АПАЙ

Базар апайды бұл маңайда білмейтін адам жоқ. Сол себепті де мына салтанатқа шақырылып отыр. Бұгінгі күн карсаңында соңғы өрнегі салынып, соңғы баспалдағы сырланған аудандық мәдениет сарайының кең жарық залында мыңға тарта адам бар. Барлығы да президиум столының сыртында тұрған Ленин мүсініне қарайды. Адамзаттың ұлы данышпаны В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты жиыны ашылды. Сергеев аудандық партия комитетінің бірінші секретары Ніл Болатбаевтың баяндамасын үnsіz тыңдалап отыр. Базар апайдың әжімді жүзі ойлы. Шешеннің әр сөзі қарт жүргегін тербеп өткен күндерді есіне салады.

Кария бар ғұмырын жана өмір орнату үшін күреспен, еңбекпен өткізіпті. Сонау алғашкы жиыннан бұгінгі салтанатқа дейін 40 жылдан артық уақыт өтіпти. 1929 жылдың январы болатын. Элжан байдың ауылында кедейлер жиыны шақырылды. Байларды тап ретінде жоюдың шаралары белгіленіп жаткан. Күн тәртібі қара тізімге алынған байларды конфискеу міндеттері жайлы еді. Ауылдық совет председателі жиналысты ашып болып, енді негізгі мәселеге көше бергенде, есік жақтан шагын денелі қара келіншек:

— Тоқтаңыз, ауылнай! — деп орнынан атып тұрды. — Байларды тап ретінде жоюды кеңес қылып, ақыл біріктіруге шақырған екенсіндер, осы жиынның ішінде әйгілі

құлақ Әлжанов Сейтен неге отырады? Шықсын былай жиналыстан! Әйтпесе біз кетейік!— деді. Сөйткенше ірге жақта қисайып тың тындал жатқан Сейтен есікке қарай ата жөнелді. Ауылнай қып-қызыл болып кетті. Сейтеннің бұрынғы жалшыларының бірі екен шық деуге батпапты.

— Жарайсың келін, ер екенсің! — деді бір қартаң адам. Ауылда ескілік өз күшінде тұрғанда, жас келіннің мұншалық батылдыққа баруы шынымен ерлік болатын. Аудандық партия комитетінің әйелдер бөлімінің менгерушісі Сафиқанова Сақыпжамал Базарды төрге шақырды. Әйел тартынған жоқ. Төрге барып, Сафиқанованың жанына отыра кетті. Кейінгі жақтағы абысын-ажын беттерін шымшиды. Өкіл тап тартысының маңыз-мақсатын, конфиске шараларын түсіндіріп берді.

— Байлар жойылсын! Жетеді бізге әмірлерін жүргізулері! — деп қаба сақалды кісі гүж ете түсті. Сол-ақ екен:

— Жойылсын! Жойылсын! — деп шуласты жұрт. Сақыпжамал дабырласқан көпке тоқтау салып:

— Жолдастар, мақсат айқын, міндет белгілі. Ынта жігерлерінізді көріп отырмын! Сіздерге дұрыс басшылық жасайтын адам керек. Ауылнайлыққа лайық адам табыңыздар. Қәне, кімнің қандай ұсынысы бар.

Жұрт үндеспеді.

— Ендеңе менің ұсынысым, мына Оңайбай келіні Базар әбден жарайды. Сауатсыз болғанымен, лаулаған жалыны бар талапты жас. Осы кісіге қалай қарайсындар?

Жұрт тағы үндеспеді. Біраздан соң:

— Болсын, бола алса,— деген дауыстар естілді.

— Оңайбай келіні ауылнай бола аламысың? — деп сүрады Сафиқанова.

— Көп сайласа боламын! — деп Базар орнынан атып тұрды. Шикіл сары келіншек көршісінің санын шымшып, бұрап алды. Жиналыс аяқталып, жұрт үйлеріне тарады. Әйелдер жағы жол жөнекей гу-гу етеді.

— Байтал шауып бәйге алмайды дегендей қай атаңда қатын ауылнай болып еді!

— Рас-ая, бедірейіп төрге салып баруын қараш-ей!

— Аруақ аттаган оңушы ма еді!

— Қойындар, түге! Базар ауылнай болса болғандай емес пе?! Әйелге тендік әперді деген осы, өкіметке рахмет! — дейді.

Базар Оңайбай келіні ауылнай болды. Ауылнай бол-

ғанда 32 жаста еді. Ошак басы от қасынан ұзап шықпапан көп әйелдердің бірі. Саят жоқ, білім жоқ. Бірақ ынта-жігер бар, қайрат-қажыр бар. Ауылнайлықты қабылдап алды. Қабылдағаны мөр мен көне портфельға на. Белгілі кеңсе жоқ. Хатшысын ертіп алғып, көрінген ауылда қызметін атқара берді. Эйелдердің округтік жиналышына катысып, Базар көп жағдайларға қанып қайты. «Бай кім? Кедей кім? Совет өкіметі деген не? Оған қалай жетуге болады?»— деген тақырыпқа түсінік алып жетпегенін Сафиқанова Сақыпжамалдан сұрап білген. Сол білгенін жұртқа жеткізе журді. Біздің кезектегі міндетіміз саяут ашу десе де өз сауатын қалай ашудың ретін таппады. Саяутсыздығы ең басты кемшілігі екенін ұқты.

Базар ауылнайлықты Әлжанов Сейтен мен Шибұтов Қете сияқты шынжыр балак, шұбар төс байларды конфискелеуден бастады. Бұрын аруақты ата саналған, есігінен сығалауға қорқатын Базар төріне шығып мал-мұлқін қаттап болып:

— Уа, кедей жұртым, өмір бойы баршамызды құлдығына салған, қанымызды сұліктей сорған байлардың мына малы мен мұлқін Совет өкіметі сендерге береді. Алыңдар табан акы, маңдай терлерің, игіліктеріңе жаратындар. Бұдан былай бай, құлағы жоқ тапсыз қоғам құрылады!— деп өз білгенінше түсіндіріп өтті. Ұя бөрік қапсағай кара шал сауын сырдың мүйіз жібінен ұстап тұрып:

— Құдай бүгін алсан да ризамын, жауымды табаныма салып бердің!— деп еніреп қоя берді. Біреу құліп:

— Жауынды мұқатқан құдай емес, Совет өкіметі!— деп еді.

— Өкіметіме мың раҳмет, құдайдан көрмеген жақсылығымды көрдім,— деді.

— Ой, діннен безген!— деп біреу күнк ете тұсті.— Кеше осылардың есігінде жүріп, дәмдес болып едің ғой!

Базар апаї ауылнай болуын болса да, істі қалай жөнге бастырып әкетудің жөнін таптай, көп қиналды. Өз кара басының кемшілігі — саяутсыздығы еді. Жалпақ жұрт саяутсыз. Саяутсыз елде социализм орнату кын. Бірнеше ауылды аратап жиналыш өткізді. Саяутсыздықты жою мәселелерін қолға алды.

— Атамыз қазақ баласына жеті жылда хат таныта алмап еді. Қауға сақал қарт адамдарға оқы дегенің ақылға сыймайды — дегендерді де Базар үгіттеп қызыл отауға тартты. Қызылотау Құдас ауылында ашылды. Комсомол мүшесі Жақыпов Баймұрат сабақ берді. Са-

уатсыздықты жою мектебіне бірінші болып өзі жазылды. Оқу қыза түсті. Айымжан көлінің басына тігілген шаңырағына қызыл жалау ілген ақ отау жұртты жана өмірге шақырыды.

— Бір күні!— дейді Базар апай — қызылотауда сабак аяқталған соң:— Жолдастар, біз бір тосын істі бастайық, жұртқа сауық көрсетейік. Эркім әлінше өлең айтсын, домбыра тартсын, тақпак айтайық, пьеса қояйық дедім. Пьеса деген ол кезде болмаған нәрсе. Таңдай келгенде тоқтағанымыз «Еңлік-Кебек» болды. Дайындағы бастадық. Ыңғай сабак артынан дайындаимыз. Пьесаны кайда қоюды ойластыра келіп бұрынғы дін ордасы Каликеннің мешітіне қоюға келістік.

— Дін орнына мәдениеттің келгенін көрсетейік жұртқа, саяси мәні болады, — дедім. Жастар жағы келісі кетті. Айтылмыш күн Каликеннің мешітіне келсек, карт азаншы құран оқып отыр екен (бұл кезде жұрт мешітке сирек баратын болған). Намазын оқып болған азаншыға мешітті босатуды талап еттік. Асай-мұсайы мен сәкіні түйгіштеп қарғап-сілеп кете барды. Онда жұмысымыз болған жоқ, мешіттің төріне сахна орнатып кешкіге дайындала бастадық.

Шілде күні бата берген кезде бүкіл жайлau қыстаудан аттылы-жаяу адамдар ағылмай ма келіп. Екі аяқ арбага өзізді жегіп алып келгендерде бар. Құдайдың үйі мешітке ойын-сауық өткізілетін болғанына қызықтап, таңырқап келген жұрт мешіттің сыртына қаптап кетті. Шымылдық ашылmas бұрын кіріспе сөз сөйлемдім. Топтың басқарушысы Абылғазин Бірімжан пьесаның маңыз мақсатын түсіндіріп, шымылдықты ашты. Еңлік ролінде ойнаған Қәкели келіні Жамал мен Кебек ролінде ойнаған Иманқұлов Әбікендердің ойындарына жұрт ауыздарын ашып қалыпты. Қөпшілік үн шығармай тыңдады. Ақыр аяғында Еңлік пен Кебектің өлтірілген жеріне келгенде, біреу еніреп жылап жіберді.

— Таңдайы ағармасын, шаңырағы ортасына түссін!— деген дауыстар естіледі. Пьеса артынан өлең, тақпак айтылып, жұрт таң ата тарқады. Эркім риза болып, куанып бара жатты. Концертті жастар күшімен қойдық. Аудандық комсомол комитетінің сол кездегі бірінші секретары, кейін партиялық жауапты қызметтер атқарып пенсияға шыққан Сағалбай Жанбаев сондағы жұмыстарымыз жайлы өзінің «Лаулаған жалындар» атты естелігінде атап өтіпті. Жә, қойшы, сонымен ертеңіне қызыл-

отауда сабак жүріп жаткан кез болатын. Есікій шалқа сынан ашып, құйек сақал, қара сұр Кәкели кіріп келді. Кіріп келген бетте ақырандал:

— Шық бері, Жамал! Баспа мына жын ойнағын, азғындарға ерме! Қайт үйге! — деп тепсініп тұрып алды. Қызылотауда жанжал басталып, Кәкелиді жабылыш, куып шықтық. Кәкели елдегі байшікеш, беделді адам. Жамалды інісі өлген соң баласына зорлап қосқан еді. Баланы тені қөрмесе де, салтты бұзбай жүріп жаткан Жамал үйіне барған соң әкелі-бала екеуі оны соққыға жығыпты.

— Жамалжан, күнің туды тенінді тап адамша тіршілік ет! — дедік. Жамалға бостандық беріп, теніне костық. Ол ауылдық советке мүше болып, қоғамдық жұмысқа араласып кетті. Байларды жойғанда ол Кәкелиді өз қолымен конфискеледі.

Айымжанда колхоз 1929 жылы құрылды. Председателі ауыл батырағы Ресейдің Габдолласы еді. 1928 жылы құрылған колхозды байлар іріткі салып, таркатып жіберді. Айымжан көлінің басында он үй ғана қалды. Олар Макышов Фалымжан, ағайынды Сартай, Жағыпар Мырзагұловтар, Оңайбеков Тортай, Рақымов Іргебай тағы басқалары. Байлардан конфискеленген мал мұлік ортақтастырып мемелекет тарапынан тұқым, соқа, сайман берді. Жүрт жұмыла кірісіп, шаруа онға басты. Айымжанда жана үйлер тұрғызылып, ауыл әлдене бастады.

«Айымжан» колхозы осылай туды. Уақыт ескіні тоздырып жананы дамыта берді. «Айымжан» төнеректегі ең мәдениетті ең ауқатты колхозға айналды. Осының барлығына Базар апайдың сіңірген еңбегі көп. 1929 жылы коммунистік партияның қатарына кіргенде «Бар ғұмырымды партия ісіне арнаймын!» деп айт еткен еді. Сол антын бүгінге дейін адаптация келеді. Партия оны жұмыстын ең қыын жерлеріне жіберді. 1929 жылы окуды әліппеден бастаған ауыл әйелі өз білімін көтеру нәтижесінде 1931 жылы Төңкеріс аудандық партия комитетінің әйелдер білімінің менгерушілігіне жоғарылатылды. Содан 1960-жылы пенсияға шыққанша Солтүстік Қазақстан, Көкшетау облыстарының әр аудандарында партияның жалынды үйімдастырушыларының бірі болды. 1935—37 жылдары Ақмоладағы Комбузды тамамдады. Ол ауылдық Совет председательдігінен бастап ауаткомының нұсқаушысы, аудандық балалар мекемесінің бастығы, колхоз председателі, аудандық партия комитетінің

әйелдер бөлімінің менгерушісі, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің мүшесі болды.

Базар апай 1942 жылы қыста Преснов аудандық партия комитетінің әйелдер бөліміне менгеруші болып тұрғанда аудандық партия комитетінің секретары:

— Сіз «Ұзынкөлге» бастық болып баrasыз,— деді.— Колхоз әбден кері кеткен. Еңбек тәртібі жок. Шаруасы мейлінше құлдыраған. Соны сіз алдыңғы қатарға көтересіз,— деді. «Бармаймын қолымнан келмейді» — деу Базекеңнің дағдысында жок.

— Соғыстың қыны қыстау кезінде «Ұзынкөлде» көрғен қыншылығым өмір бойы есімнен кетпейді,— дейді ол өткенді еске алып.— Шаруашылығы құлдыраған, тұқым коры жок, құрал-сайман жарамсыз. Ауылда жетімжесір, жок-жітіктер көбейген. Жұмыс істейтін адамдар қалмаган. Соншалық ауыртпалыкты жеңіп шығу үшін шалдыға жұмыс істеп едік,— дейді.

Кария ойға беріліп кеткен екен, бүкіл залдың дүрліге кол соғуымен орнына тұрды. Ұлы көсеміміз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу салтанатында аудандық партия комитетінің бірінші секретары Базар апайдың төсіне медаль тақты. Апай көпшілікке қарап, ойланып тұр. Әжімді жүзінде шексіз қуаныш бар.

— Жолдастар, мен партияның адал перзенті едім. әлі де партияның адал мүшесі болып қала беремін!— деп ақ басып иді де, мінбеден түсіп бара жатты. Луылдан шыққан алғашкы коммунист әйелдердің бірі — Базар апай Оңайбаева бұл күнде 80 жасқа келді. Немере-шөберелерінің ортасында бақытты өмір сүрген ардагер апайды елі-жұрты әрқашанда күрмет тұтады.

## ҰМЫТЫЛМАС ЕСІМДЕР

Николаевканың шаң басқан кең көшесімен алаңға қарай адамдар ағылып өтіп жатыр. Қыс болса да кар жұқа, күн шуақ, қамыс шатырлы мөлтек лашықтар арасында биік, сәнді үйлер көрінеді. Олар аз болса да сырлы, әшекейлі болмысымен көз тартады. Селоның ежелгі алпауттары Готкиндер, Поповтар, Азорскийлердің мекен-жайлары бұлар. Сол үйлер жақтан біреу әлдекімге өшіге айғай салады.

— Діңсіздер түге, бұзакылар, фанатиктер түге! — деді қырылдап. Чернышов қайыс белбеуін түзеп дауыс шыққан жаққа мойын бұрды.

— Алжыған мыстан! — деді Андрιян тістеніп. Сонап соң асыға басып ілгері кетті. Бұл кезде базар алаңында адамдар көп жиналышп қалған екен. Гу-гу етіп алға қарайды. Дүкендердің темір есіктегі шалқасынан ашық. Бірақ онда кіріп-шығып жүрген ешкім көрінбейді. Үйлердің аласа мұржаларынан боз тұтін тік үшіп аспанга соңыла көтеріледі. Алаңның нақ ортасында ет сататын дүкеншениң төбесіне шығып алғып әскери киім киген пакты адам сөйлеп тұр.

— Жолдастар, — деп бір жөткіріп алды. — Революция бесігі Питердің жұмысшылары мені осында сіздерге жіберді. Жұмысшы халық аш, олардың балалары мен әйелдері ең аз ғана паекпен күн көруде. Солай бола тұрса да Совет өкіметі үшін аянбай еңбек етіп жатыр. Сіздер өздерініздің бауырларыңыз, Москва мен Питер жұмысшыларына артық астықтарыңыздан қарасуларыңыз керек...

Шешен сөзін тауыса бере Андрιян шапшаң басып алға шықты.

— Жолдастар, продотряд бастығы Кузнецов жолдастың шакыруына баршамыз үн қосып, қолда бар артық астығымыздан ашығып отырған жұмысшы табына қарасуымыз керек. Біздің үйде балалар бар. Сөйтеп тұрса да екі қап бидаймұның бірін беремін, — деді Чернышов қыза сөйлеп.

— Сен бер, сен коммуниссін, ячейка секретарысын, бізде артық астық жоқ, — деп біреу топ арасынан мыңқылдал үн қатты. Чапаев кескіндес мұртты жігіт сельсовет председателі Трифонов сөз алды.

— Кузнецов жолдастың шакыруын толық қолдаймыз. Артық астық бидай тұрсын сонғы сындырым нанымыздың жартысын береміз. Осында Николаевкада албаралбар бидай үстап отырған буржуйлар бар. Олар неге бермейді? Элгінде бір тұстан кулак Федор Готкиннің даусы естілді. Артық астығымыз жоқ дейді. Жұзделеген пүт бидаймен спекуляция жасамақ па?! Кулактар артық астықтарыңызды беріндер немесе біз күшпен тартып аламыз.

— Иванушка, өйтіп жұдырық көрсетпе, Ленин жолдастың өзі де зорлыққа тым салған, — деп Готкин гүжете түсті. Бір аяғы тізеден жоқ согыс мүгедегі Чернышов Иван таяғын көтеріп айғай салды.

— Готкиндер, Азорскийлер, Поповтар, сендер Ленинмен ешқашан да жолдас бола алмайсындар. Сендер жұз-

деген пүт артық астықтарынды тығып отырсындар. Ал мен болсам мына жалғыз аяқ қалпыммен аштан өлсем де, соңғы үзім нанымды беремін,— деді.

— Дұрыс айтады, береміз, ашығып отырған бауырларымыздан ештеңе аямаймыз, — деп көпшілік шу ете түсті. Алаң теңіздей толқып кетті.

— Кулактардың, жатып ішерлердің карасы батсын!— деп жөндеу шеберханасының бастығы алғып денелі Миша Дубинкин қызына айғай салды. Жұрт шапшаш басып үйлеріне тарап жатты.

Ертемен ала-құла қаптар артылған шаруалардың шанаалары орталыққа қарай жылжыды.

— Алыныз, барым осы, тіпті балаларға да болмашы астық қалды. Ел іші ғой құн көрерміз, — деп бетін түк басқан шаруа қаптарды мықшындаі көтеріп, түсіріп жатты.

— Трофим, менікіп қабылда, қалага жеткізіп салуға жалғыз атымды да беремін,— деді екінші шаруа, Сельсовет мүшесі Трофим Суспицын астық қабылдап үлгермей жатыр. Сыры түсіп, тот басқан кішкене таразының қалқаны үстіне қойып жазып тұрған қағаз парактарын жел жұлмалайды. Құлан жал торыға мінген Андріян Чернышов тақап келіп:

— Кулактар астық әкелді ме? — деп сұрады.

— Жоқ.

— Неге?

— Артық астығымыз жоқ, дейді. Сельсоветте Дубинкин екеумізді көп әуреге салды,— деді Трифонов. Жиналып тұрғандардың арасынан:

— Онбағандар! — деді, біреу ашынып.

— Қәне, Иван Григорьевич, Михаил Васильевич, кеттік! — деді Андріян атын тебініп.

Чернышов, Трифонов пен Дубинкинді ертіп кең көшемен шаба жөнелді. Олар селоның орта тұсындағы әшекейлі көк үйдің алдына келіп түссе қалды да, сырлы баспалдактармен жоғары көтерілді. Есіктің тұтқасын тартпас бұрын акырын тықылдатып еді, іштен дыбыс болмады. Андріян осы Готкиндерде жалшылықта жүргенде имене кіретін есік еді. Қазір де сол дағдысымен сәл бөгеле беріп, есікті шалқасынан түсірді. Үшеуі шапшаш басып үйге кіріп келді. Аласа креслода шалқая түсіп отырған Готкин ауыр денесін жылдам көтеріп, қарсы жүрді. Қолдасып, амандасып жатыр.

— Қош келдіңіздер, Андріяшка, көптен көргеміз жоқ

өзінді, деп, қызыл бойбаш шайкалақтап басып орындық қойды. Қабактары катулы қонактар отырмады.

— Бұл сендерге Андрияшка емес, Андриян Васильевич Чернышов, селодағы партия ячейкасының секретары, осылай деп білініз,— деп алып денелі Миша Дубинкин ызбарлана тіл қатты.

— Ойбай-ау, өзіміздің баламыздай болып кеткен соң айтып жатырмыз,— деді бәйбіше.

Сұлу мұртын сипап ширатып қойып сөзді сельсовет председателі Трифонов бастады.

— Емельян Пименович, кеше аландағы жиналыста болдыныз, жағдайды білесіз. Селоның шаруалары бір қап астығының жартысын әкеліп, ашыққандар қорына өткізіп жатыр. Ал сіздер үндемей отырсыздыр. Бұл қалай, әлде науқанға қарсымысыз?— деді ол қадала сөйлеп. Готкин қып-қызыл айыр сақалына қалтыраган саусактарын қайта-қайта апара береді.

— Жо-жок, неге қарсы боламыз. Лениннің өзі де ауқаттылар қарсы болмайды деген. Біз кулак емеспіз. Осы күнде онған дәulet те жок. Азғана жерге жүрт қатарлы салған егініміз қуанышылықтан қурап кетті. Сен-бесеніз кіріп көріңіз. Үштен бірін өзіме қалдырып өзгесін апарып бермекпін. Ашығып отырған Россия халқынан немді аяйын, алындар, алындар! — деп, Готкин орнынан тұрды.

Қымалы тонын сүйретіп аулаға қарай жүрген үй иесіне ілесіп Чернышовтар албарға кірді. Астық салатын клеттердің бәрі бос. Босаға жакта тақтайдан жасалған үлкен кебежеде жұз пұттайған бидай бар екен.

— Барым осы, үштен бірін өзіме қалдырындар, кемпір-шалмыз, бізге де күн көріс керек қой,— деді Емельян Пименович.

— Ойбай-ау, Емельян-ау, бар астықты беріп өзіміз қайтеміз?— деп бәйбіше байбалам салып еді.

— Өшір үнінді, кәрі қарға!— деп шал ұрысып тастады.

— Береміз астықты, інім Федорға да айтам, берсін, ешкім де қарсы болмайды.

— Астықты қазір жеткізіп салыныз!— деп келгендер аттарына мінді.

Олар астық бермей отырған ауқаттылардың үйлеріне кіріп барлығымен сөйлесті. Айтатындары сол бір «егін шықпады, артық астығымыз жоқ» деген белгілі сөз.

Кешке сельсовет үйінде селолық партия ячейкасының жиналышы болды.

Кулактар Совет өкіметінің көзінен астыкты жасырып отыр. Біз олардан қалай да астық алымыз керек, комсомолецтер мен жастардан арнаулы адамдар бөліп кулактардың тықкан қоймаларын табуымыз керек. Комсомол мүшелері Прокофий Глотов пен Василий Петряев, сіздерге осындағы жауапты істер жүктеледі,— деді ячейка секретары.

— Тырысып көрейік,— деді біз мұрын бала жігіт Прошка Глотов. Олар ұзақ барлау жасады. Кіші Готкиннің бақшасының шет жағынан дөңестеу жер табылды. Асты қуыс екені таяқпен түрткенде белгілі болып тұр. Ал үлкенінің ауласынан ешкандағы белгі байқалмады. Екі жігіт ұзақ зерттеді. Жастарга тән әуесқойлықпен әр нәрсеге қадала карады. Ақыры күдікті жер табылғандай болды.

— Вася, мына қасқырдың құлағын көремісін,— деді Прошка сарайдың сыртында тұрып. Қолында қаңылтыр кез. Ана бұрыштан мына бұрышқа жағалап өлшеп жүр. Ішіне қарағанда сырты өрескел кен. Қабырғалардың қалындығын шығарып тастанғанда 8 шаршы метр орын жетпейді. Демек осы албардың қабырғасында қос қабат бар, онда бидай тығылған, көрерсін...

Кызыл жириен шашты, Вася Петряев досының кескініне таңданып қарай берді. Ол мейлінше ақ көңіл бала болатын.

— Анықтап ал, үят болып жүрмесін,— деді, ол көзде рін жыпылықтатып.

Екі жігіт қырбақ қардың бетіне жалпақ табандарымен із тастав сельсоветке қарай кетті. Вася жыл бойы «кулактар сонша астыкты қайтеді екен. Біздің үйде он қап бидай болған емес, басқалар да солай» деп ойлады. Осы ойын ересектеу Прошкага айтқанда Глотов сака адамдарша қарқылдай күліп:

— Олар революцияға карсы, Совет өкіметіне қарсы, сол үшін жасырады. Сенімен біз астыкты тартып ала-мыз! — деді ескі құлакшының жымқыра киіп.

Екеуі жүрісін жылдамдата түсті.

— Вася, мен келешекте сельсовет председателі болғым келеді. Сен ше?— деп, сұрады, Василий үндемеп еді, анау мазалап қоймаған сон:

— Қайдан білейін, менің арманым машиналардың

тілін білсем деймін. Совет өкіметі тракторлар, автомашиналар шыгара бастаса, соларды жүргізуді үйрентсем...

Вася тагы бірдеңелер айтпақ еді. Сельсоветке жақын көшени кесіп өткен астық керуеніне килігіп қалды. Қапартылған шаналардың үстінде әр жерде делбешілер отыр. Алдыңғы көліктегі үлкен қызыл ту толқиды. Көлікшілер «Қызыл әскер маршын» әндеп барады. Екі жігіт партячайкаға өз жұмыстарын баян етті. Андриян сақал өскен иегін қасып қойып, ойланып отыр.

— Андриян Васильевич, көп ойланатын ештеңе жоқ. Балалардың анықтауы дұрыс, дереу шара қолдану керек,— деп Чапаев кескіндес Трифонов дағдысынша сұлу мұртын ширатып қойды.

Комсомолецтердің тексеруі рас болтып шыкты. Емельян Готкиннің соқпа кірпіштен қаланған сарайының косқабатынаң 700 пүт, кіші Готкиннің огородындағы үрадан 1200 пүт қызыл бидай табылды. Қулактар Азарский мен Поповтардан да астық алынды.

— Рахмет, балалар жігіт екенсіңдер. Совет өкіметі атынан алғыс айтамын,— деді Трифонов Прошка мен Васяға.

Ашықкан Россия жұмышшыларына астық жөнелтіліп жатты. Жұмыс басты болған Андриян үйіне кеш оралды. Балалары әлдекашан үйіктап қалыпты. Эйелі Агафия сарғайып тосып отыр екен.

— Түскі асқа неге келмейсін? Өзің онсыз да жұдеп барасың,— дейді, ол ерін аяп. Андриян ауқаттанып болып, пеш жаңындағы көне орындыққа отырып, темекі тартты.

— Біздің жұмыс солай, Агаша,— деді ол көнілдене сөйлеп.

— Міне, байтақ Николаевка үстінде жұмысшы халықтың қанына малынған қызыл ту желбіреп тұр. Барша адамның бостандығын паш етіп тұр. Біз бақыттымыз, Агафия. Енді жаңа қофам орнатамыз. Балаларымыз сол қофаминың мерейлі мүшелері болады. Ех, тезірек жетсек сол күнге...

— Жарайды, Андриян, дем алайықшы,— деді эйелі.

Түн ортасында терезе қатты-қатты қағылды. Шала киініп жүгіріп шықкан Андриянга қарулы адамдар жармаса түсті.

— Байла қолын дінсіздің — деген Емельян Готкиннің өктем бүйріғы естілді. Алғаш түсіне алмай қалған Андриян сәл бөгеліп еді. Аналар қолын қайыра бастағанда

бұлқынып шығып, балгадай жұдырығымен біреуінің бетіне салып жіберді. Анау шалқалап барып табалдырық алдына құлады. Екпінмен екіншісін, үшіншісін жықты. Бірақ өзі де сүрініп кетті. Оны байлап-матап, шаруаның кең шанасына лактырып таstadtы.

Андрияның қанданған шашы шана жақтауынан салбырап барады. Қап-караңғы аспанға қарап, шалқасынан жатыр. Селоның әр жерінде лапылдаған өрт бар. Кейіннен Агафияның жан ұшырып айғайлаганы естілді. Андриян бұлқынып еді, арқанды үзе алмады.

\* \* \*

Аландағы қарапайым ескерткіш әр қашан адамсыз болмайды. Мұнда жұрттың бәрі келеді. Бөріктерін алып ұзақ тұрысады. Халықтың бостандығы мен бақыты үшін каза болған ерлердің қабіріне бас иеді.

Сыры кетіп көнерген ескерткіштің сүйір басында жауынгердін абзал жүргегі іспетті қызыл жұлдыз жарқырап тұр. Мұнда 1921 жылы февраль айында кулактар колынан каза тапқандар жерленген. Ақ шашты ана қоршауға жақын келді. Жұзінде мың торап әжім бар. Февральдың жаймашуақ желіне бетін беріп ойланып қалыпты. Суық пішінді құлпы таста:

ЧЕРНЫШОВ А. В.  
ТРИФОНОВ И. Г.  
СУСПИЦЫН Т. В.  
ДУБИНКИН М. В...

деген жазулар тұр. Эйел көзінің мөлдір жасы қатып жатқан тоң қабырга тамды. Бұл — Агафия еді. Содан бері осы қабірдін топырагы жұтқан көз жасы қисапсыз болатын. Бес баласын өсіріп азамат етті. Қазірде немерелері мен шөберелері жиырма шақты жан. Барлығы да Андриян аңсаған заманың бақытты азаматтары. Агафия Антоновна болса солардын арасында.

— Менің сүйікті Андриянымың жолдастарымен азаптап өлтіргелі жарты ғасырдан асты. Бірақ оларды жүртешқашан да ұмытпайды. Мәңгіге ұмытпайды! — деді ана.

Іә, олар мәңгілік ұмтылмайды.

## **МАЗМҰНЫ**

Тың көтеру осылай басталды	3
Айналайын, адамдар!	15
Дәрігер бақты	19
Секретарьмен әңгіме	22
Мал дәрігері	26
Сүйікті Сарыкамысым	30
Қой күзетінде	34
Жалпаксу тұні	37
Трактор жөнделгеніше	40
Бір түп бидай	44
Орденді жігіт	48
Жасыл желең	52
Айналайын, Сережа	56
Азамат жолы	61
Біздің Кәкен	65
Алпыстың асуында	69
Базар апай	75
Умытылмас есімдер	80

**Зейнел-Габи Иманбаев**

**ЧЕЛОВЕК, ГОРЖУСЬ ТОБОЙ!**

*(на казахском языке)*

Редактор К. Ж. Бокасев.

Техн. редактор Ж. М. Момуинов.  
Корректор Е. Калиева.

Сдано в набор 10 I 1975 г. Подписано к печати 7/VIII 1975 г.  
Формат 84×108 $\frac{1}{2}$ —2,75=4,62 усл. п. л. (4,76 уч.-изд. л.).  
УГ09387. Тираж 5700 экз. Бумага тип. № 3. Цена 15 коп.  
Издательство «Казахстан», г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ № 735. Фабрика книги Главполиграфпрома Государственного комитета  
Совета Министров КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной  
торговли, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.